

Оңалту және банкроттық туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V ҚРЗ.

Қолданушылар назарына!

Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін РҚАО мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. (активтерін)", "(активтерді)", "(активтері)", "(активтерінің)", "(активтерге)" деген сөздер алып тасталды;

"Төлем қабілетсіздігін реттеу", "төлем қабілетсіздігін реттеу" деген сөздер тиісінше "Берешекті қайта құрылымдау", "берешекті қайта құрылымдау" деген сөздермен ауыстырылды;

"кредиттер (қарыздар)", "кредиттер", "кредит" деген сөздер тиісінше "қарыздар", "қарыздар", "қарыз" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Осы Заң кредиторлардың талаптарын борышкер толық көлемде қанағаттандыруға қабілетсіз болған кезде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді, берешекті қайта құрылымдау рәсімін, оңалту рәсімін қолдану және борышкерді банкрот деп тану, борышкерді банкроттық рәсімін қозғамай тарату үшін негіздерді белгілейді, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен шарттарын айқындайды.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші – жерді пайдалана отырып, ауыл шаруашылығы өнімін өндіретін; мал шаруашылығының, құс шаруашылығының (оның ішінде төл өсіруден бастап толық циклді асыл тұқымды), балара шаруашылығының ауыл шаруашылығы өнімін, егер осы өнімді, оның ішінде қайта өңделген өнімді өткізуден түсетін кіріс жылдық кірістің жалпы сомасының елу пайызынан астамын құраса, өндіретін дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;

2) әдейі банкроттық – құрылтайшының (қатысушының), лауазымды адамның, сол сияқты дара кәсіпкердің заңды тұлға немесе дара кәсіпкер банкрот деп танылғанға

дейінгі үш жыл ішінде кредиторлар алдындағы міндеттемелерін орындаудан жалтару мақсатында мүлікті иеліктен шығару немесе жасыру арқылы жеке мүддесі немесе өзге тұлғалардың мүдделері үшін жасалған әрекеттері;

3) әкімші – істі сотта қарау, сондай-ақ оңалту рәсімін және банкроттық рәсімін жүргізу кезеңінде осы Заңға сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асыратын уақытша әкімші, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылар;

4) әкімшілік шығыстар – оңалту рәсіміне немесе банкроттық рәсіміне бастамашылық жасауға және оларды жүргізуге байланысты шығыстар;

5) банкрот – заңды күшіне енген сот шешімімен дәрменсіздігі белгіленген борышкер;

6) банкроттық – борышкердің сот шешімімен танылған, оны тарату үшін негіз болып табылатын дәрменсіздігі;

7) банкроттық рәсімі – кредиторлардың талаптарын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен банкроттың мүліктік массасы есебінен қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын рәсім;

8) банкроттықты басқарушы – банкроттық рәсімін жүзеге асыру үшін оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті орган тағайындаған адам;

9) борышкер – өзіне қатысты осы Заңда көзделген рәсімдер қолдану үшін негіздер бар немесе қолданылған, дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға (дара кәсіпкер) немесе заңды тұлға;

РҚАО-ның ескертпесі!

10) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 02.08.2015 № 342-V Заңымен (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі).

10) біртекті кредиторлар тобы – борышкерге қоятын бірдей талаптары бар және оларды қанағаттандыруда бір-бірінің алдында артықшылығы жоқ кредиторлар тобы.

Біртекті кредиторлар топтарын:

өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыру туралы талаптар бойынша кредиторлар;

еңбек шарттары бойынша еңбекке ақы төлеу және өтемақыларды, сондай-ақ Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешектерді төлеу бойынша кредиторлар;

кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша кредиторлар;

салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредиторлар;

тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді беру шарттарынан туындайтын талаптар бойынша кредиторлар;

кепілмен қамтамасыз етілмеген қарыз (микрокредит) алуға арналған шарттардан туындайтын талаптар бойынша кредиторлар – қаржы ұйымдары;

борышкердің облигацияларын ұстаушы кредиторлар құрауы мүмкін;

11) бірыңғай өндірістік кешен – жиынтығында ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, дайындау, сақтау, тасымалдау, қайта өңдеу немесе өткізу кезінде бірыңғай циклді қамтамасыз ету үшін қажетті мүлік;

12) бітімгершілік келісім – банкроттық рәсімін тоқтату мақсатында оның кез келген сатысында банкрот пен кредиторлар арасында сот бекітетін келісім жасасу арқылы қолданылатын рәсім;

13) жоқ борышкер – "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әрекетсіз деп танылған, оның, сондай-ақ оның құрылтайшысының (қатысушысының), лауазымды адамының болмауы осы Заңда айқындалған тәртіппен белгіленген борышкер;

14) кәдімгі коммерциялық операциялар – борышкердің әдеттегі қызметіне жататын, тұрақты сипаты бар, мыналарды: үй-жайларды жалдау және коммуналдық көрсетілетін қызметтер үшін төлемдерді жүзеге асыруды, өнім берушілермен мәмілелерді, шикізат сатып алуды, жабдыққа техникалық қызмет көрсетуді, дайын өнімді өткізуді және қызметтер көрсетуді қоса алғандағы, бірақ олармен шектелмейтін әрекеттер.

Кәдімгі коммерциялық операцияларға жылжымайтын мүлікті немесе өзге активтерді иеліктен шығарумен байланысты мәмілелер, мүлікті кепілге беру, оның ішінде үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілге беру жатпайды;

15) кепілді кредитор – талаптары борышкердің мүлкін кепілге салумен қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша кредитор;

РҚАО-ның ескертпесі!

16) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 02.08.2015 № 342-V Заңымен (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі).

16) кредитор – еңбекке ақы төлеу, авторлық сыйақыны, еңбек шарттары бойынша өтемақыларды төлеу, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар, салықтар, кедендік төлемдер, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, пайыздар, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешекті төлеу жөніндегі міндеттемелерді қоса алғанда, борышкердің азаматтық-құқықтық және (немесе) борышкердің өзге де міндеттемелерінен туындайтын мүліктік талаптары бар тұлға;

17) кредиторлар комитеті – оңалту және банкроттық рәсімдерінде кредиторлар жиналысы сайлайтын және осы Заңда көзделген өкілеттіктерге ие, кредиторлардың өкілді органы;

18) кредиторлар талаптарының тізілімі – осы Заңда белгіленген тәртіппен оңалту немесе банкроттық рәсімдерінде қалыптасатын, мөлшері, негіздері мен туындау күні көрсетіле отырып, кредиторлардың борышкерге қоятын талаптарының тізбесі;

19) қала құраушы заңды тұлға – өңірлік даму жөніндегі уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес айқындалатын заңды тұлға;

20) лауазымды адам – акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі, борышкер – заңды тұлғаның басшысы (басшының орынбасары), сондай-ақ заңды тұлғаның алқалы атқарушы органына кіретін, заңды тұлғаны басқару бойынша тұрақты немесе уақытша өкілеттіктер берілген өзге тұлға, борышкер – заңды тұлғаның бас бухгалтері, сол сияқты оның міндеттерін уақытша атқаратын өзге тұлға;

21) мүліктік масса – банкроттың банкроттық рәсімінде өндіріп алу қолданылуы мүмкін мүлкі, сондай-ақ осы Заңда көзделген жағдайларда өзге де тұлғалардың мүлкі;

22) оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – оңалту және банкроттық саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын (қазыналық кәсіпорындарды, мекемелерді, банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда) мемлекеттік орган;

23) оңалтуды басқарушы – осы Заңда белгіленген тәртіппен оңалту рәсімі кезеңінде борышкерді басқару жөніндегі өкілеттіктер жүктелген тұлға;

24) оңалту жоспары – борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мен жұмыс орындарын сақтау мақсатында оңалту рәсімін қолдану кезінде борышкерді сауықтыруға бағытталған және борышкер мен кредиторлар арасындағы өзара келісім негізінде жүзеге асырылатын, кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру графигін қоса алғанда, іске асырылу мерзімдері, сондай-ақ қол жеткізілетін нәтижелер, пайдаланылатын ресурстар мен ықтимал тәуекелдер көрсетілетін өзара байланысты іс-шаралар кешені;

25) оңалту рәсімі – сот тәртібімен қолданылатын рәсім, оның шеңберінде борышкерге оның төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталған қайта ұйымдастыру, ұйымдық-шаруашылық, басқарушылық, инвестициялық, техникалық, қаржылық-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шаралар қолданылады;

26) реверсивті факторинг – борышкер (банкрот), оның дебиторы және үшінші тұлға арасында жасалған үшжақты шарт, мұнда дебитор өзінің борышкер (банкрот) алдындағы міндеттемесін үшінші тұлғаға береді, ал үшінші тұлға дебитордың борышкер (банкрот) алдындағы міндеттемесін орындайды;

27) салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредитор – борышкерге салықтарды, кедендік төлемдерді, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын, пайыздарды, сондай-ақ бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі борышкердің міндеттемелерінен туындайтын талаптары бар тұлға;

28) санация – оңалту жоспарында көзделген іс-шара, оның барысында борышкер мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), кредиторлар немесе өзге де тұлғалар

борышкерге қаржылық көмек көрсетеді, сондай-ақ борышкердің резервтерін жұмылдыру мен оның қаржылық-шаруашылық жағдайын жақсарту жөніндегі өзге де шаралар кешенін іске асырады;

29) уақытша әкімші – оңалту туралы істі сотта қарау кезеңінде кредиторлар талаптарының тізілімін және борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытындыны жасау үшін өзімен келісім жасалған тұлға;

30) уақытша басқарушы – банкроттық туралы істі сотта қарау кезеңінде кредиторлар талаптарының тізілімін және борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытындыны жасау үшін, сондай-ақ банкроттықты басқарушы тағайындалғанға дейін банкроттық рәсімін жүргізу үшін өзімен келісім жасалған не осы Заңда белгіленген жағдайларда уәкілетті орган тағайындаған адам;

31) үлестес тұлғалар – шешімдерді тікелей және (немесе) жанама айқындауға және (немесе) оңалту немесе банкроттық рәсіміне қатысушы қабылдайтын шешімдерге әсер ету, оның ішінде жасалған шартқа орай әсер ету мүмкіндігі бар жеке немесе заңды тұлға (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды, ұлттық басқарушы холдингті, Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторын қоспағанда) (оңалту немесе банкроттық рәсіміндегі үлестес тұлғалардың тізбесі осы Заңның 9-бабында белгіленеді) ;

32) факторинг – борышкер (банкрот), оның дебиторы және үшінші тұлға арасында жасалған үшжақты шарт, мұнда борышкер (банкрот) өз дебиторына қойылатын мүлктік талапты үшінші тұлғаға береді немесе беруге міндеттенеді, ал үшінші тұлға борышкердің (банкроттың) дебиторына қойылатын талап ету құқығының орнына борышкердің (банкроттың) билік етуіне ақша немесе басқа да мүлік береді немесе беруге міндеттенеді.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 09.06.2020 № 341-VI (01.07.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда көзделгендегіден өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

3-бап. Осы Заңның қолданылу ерекшеліктері

1. Осы Заң қазыналық кәсіпорындар мен мекемелерден, жинақтаушы зейнетақы қорларынан, банктерден, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарынан басқа, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың берешегін қайта құрылымдау, оларды оңалту және олардың банкроттығы, сондай-ақ оларды банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы істерге қолданылады.

Сот банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, жинақтаушы зейнетақы қорын банкрот деп тану туралы шешім қабылдаған жағдайда оларды тарату Қазақстан Республикасының банк заңнамасына, Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі, сондай-ақ зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Банкроттық немесе оңалту рәсімдерін астық қабылдау кәсіпорындарына, сондай-ақ табиғи монополия субъектілеріне қатысты қолдану ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленуі мүмкін.

2. Дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың берешегін қайта құрылымдау, оларды оңалту, олардың банкроттығы, сондай-ақ оларды банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы істерді сот осы Заңда белгіленген ерекшеліктерімен азаматтық сот ісін жүргізудің жалпы қағидалары бойынша қарайды.

3. Табиғи монополиялар субъектілері болып табылатын не Қазақстан Республикасының экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер ете алатын ұйымдар мен дара кәсіпкерлер, оның ішінде акцияларының пакеттері (жарғылық капиталға қатысу үлестері) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стратегиялық объектілерге жатқызылған, сондай-ақ мемлекеттің бастамасы бойынша банкрот деп танылған ұйымдар банкрот болған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтар мен мемлекеттің мүдделерін қорғау мақсатында мүліктік массаны өткізудің ерекше шарттары мен тәртібін және мүліктік масса объектілерін сатып алушыларға қосымша талаптарды белгілеуге, сондай-ақ акцияларының пакеттері (жарғылық капиталға қатысу үлестері) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стратегиялық объектілерге жатқызылған ұйымдар немесе Қазақстан Республикасының экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар ұйымдар банкрот болған кезде мүліктік массаны ұлттық басқарушы холдингтің сатып алуы туралы шешім қабылдауға құқылы.

4. Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық тұрғыдан қауіпті түрлерін жүзеге асыратын заңды тұлғалар банкрот болған кезде Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес олардың қызметіне міндетті экологиялық аудит жүргізіледі.

Ескерту. 3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 28.12.2016 № 34-VI (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен

кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.01.2021 № 409-VI (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-бап. Банкроттықты тану

1. Банкроттық борышкердің сотқа берген өтініші негізінде ерікті түрде белгіленеді.
2. Банкроттық кредиторлардың немесе осы Заңмен уәкілеттік берілген өзге де тұлғалардың сотқа берген өтініші негізінде мәжбүрлі түрде белгіленеді.
3. Осы Заңда белгіленген жағдайларда борышкер өзін банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінуге міндетті.
4. Егер өзіне қатысты Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі 49-бабының 1-тармағында белгіленген тәртіппен тарату туралы шешім қабылданған заңды тұлға мүлкінің құны кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болса, тарату комиссиясы осы Заңда белгіленген қағидалар бойынша банкроттық рәсімін жүргізу үшін мұндай заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы сотқа жүгінуге міндетті.
5. Борышкердің дәрменсіздігі оны сот тәртібімен банкрот деп жариялау үшін негіз болып табылады.

Борышкердің дәрменсіздігін сот осы Заңның 49-бабына сәйкес жасалған, қаржылық орнықтылық туралы қорытындыны ескере отырып белгілейді.

Ескерту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 13.11.2015 № 399-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-бап. Борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату туралы сотқа жүгіну негіздері

1. Борышкердің орнықты төлем қабілетсіздігі оның өзін банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып тарату туралы өтінішпен сотқа жүгінуіне негіз болып табылады.

Егер борышкердің міндеттемелері сотқа өтініш берілген күнге және өтініш берілген жылдың басына, сондай-ақ егер борышкер өтінішті күнтізбелік жылдың бірінші тоқсанында берген жағдайда, өтініш берілген жылдың алдындағы жылдың басына оның мүлкінің құнынан асып кетсе, төлем қабілетсіздігі орнықты болып табылады.

2. Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, заңды күшіне енген сот актісі немесе борышкерден ақшаны өндіріп алу туралы атқарушылық құжат негізінде борышкердің кредитор алдындағы орындалмаған ақшалай міндеттемесі не борышкердің борышын мойындауы кредитордың борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып оны тарату туралы өтінішпен сотқа жүгінуіне негіз болып табылады.

Борышкердің салықтық берешек сомасын, сондай-ақ кедендік төлемдер, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, пайыздар бойынша берешекті Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасында айқындалған тәртіппен мәжбүрлеп өндіріп алудың барлық шарасы қабылданғаннан кейін өтемеуі кредитордың салықтық және кедендік төлемдер бойынша борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату туралы өтінішпен сотқа жүгінуіне негіз болып табылады.

Ескерту. 5-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5-1-бап. Оңалту рәсімін және берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолдану туралы сотқа жүгіну негіздері

1. Борышкердің уақытша төлем қабілетсіздігі борышкердің немесе кредитордың оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішпен сотқа жүгінуіне негіз болып табылады.

Егер өтініш берілген күнге мынадай бір немесе бірнеше мән-жай болса:

РҚАО-ның ескертпесі!

1) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 02.08.2015 № 342-V Заңымен (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі).

1) өмір мен денсаулыққа келтірілген зиянның орнын толтыру туралы талаптар, алименттерді өндіріп алу бойынша кредиторлар алдындағы міндеттемелер, еңбекке ақы төлеу, еңбек шарттары бойынша өтемақылар төлеу, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешекті төлеу жөніндегі, сондай-ақ қызметтік өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі үшін авторларға сыйақылар бойынша міндеттемелер оларды орындау мерзімі басталған күннен бастап үш ай ішінде орындалмаса;

2) өзге де кредиторлар алдындағы міндеттемелер оларды орындау мерзімі басталған күннен бастап төрт ай ішінде орындалмаса, төлем қабілетсіздігі уақытша болып табылады.

2. Борышкердің уақытша төлем қабілетсіздігі оның берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолдану туралы өтінішпен сотқа жүгінуіне негіз болып табылады.

Ескерту. 1-тарау 5-1-баппен толықтырылды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6-бап. Әдейі банкроттық үшін жауаптылық

1. Әкімшілік немесе қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібімен әдейі банкроттыққа кінәлі деп танылған құрылтайшы (қатысушы) және (немесе) лауазымды адам

кредиторлар алдында осы Заңның 96-бабының 3-тармағына сәйкес айқындалатын мөлшерде өздеріне тиесілі мүлікпен субсидиарлық жауаптылықта болады.

Әкімшілік немесе қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібімен әдейі банкроттыққа кінәлі деп екі және одан көп адам танылған жағдайда, мұндай адамдар ортақ жауаптылықта болады.

2. Банкроттықты басқарушы құрылтайшыны (қатысушыны) және (немесе) лауазымды адамды қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы сот актісі заңды күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде мұндай тұлғаға қатысты оны субсидиарлық жауаптылыққа тарту және осы Заңның 96-бабының 3-тармағына сәйкес айқындалатын мөлшерде сомаларды өндіріп алу туралы талап қойып, сотқа жүгінуге міндетті.

Егер құрылтайшы (қатысушы) және (немесе) лауазымды адам банкроттық рәсімі аяқталғаннан кейін әкімшілік немесе қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібімен әдейі банкроттыққа кінәлі деп танылған жағдайда, кредитор осы бапта көзделген тәртіппен талап қойып, сотқа жүгінуге құқылы.

Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7-бап. Борышкердің мәмілелерін жарамсыз деп тану және мүлікті қайтару

1. Егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, мәмілелер, егер оларды борышкер немесе ол уәкілеттік берген тұлға Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында және осы Заңда көзделген негіздер болған кезде оңалту және (немесе) банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін үш жыл ішінде жасасқан болса, жарамсыз деп танылады.

Егер борышкерге банкроттық рәсімі оңалту рәсімін тоқтату нәтижесінде қолданылған болса, осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген мерзім оңалту рәсімін қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап есептеледі.

2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделгендерден басқа, мыналар:

1) жасалған мәміле бағасының және (немесе) өзге де жағдайлардың, салыстырмалы мән-жайларда ұқсас мәмілелер жасалатын кездегі бағадан және (немесе) өзге де жағдайлардан борышкер үшін айтарлықтай нашар жағына қарай өзгеше болуы;

2) мәміленің борышкердің Қазақстан Республикасының заңдарымен, құрылтай құжаттарымен шектелген қызметіне сәйкес келмеуі не жарғыда айқындалған құзырет бұзылып жасалуы;

3) мүліктің өтеусіз (оның ішінде уақытша пайдалануға) не салыстырмалы экономикалық жағдайлар кезінде ұқсас немесе біртекті тауар бағасынан борышкер үшін айтарлықтай нашар жағына қарай өзгеше болатын бағамен не беру үшін негіздер болмай, кредиторлардың мүдделеріне нұқсан келтіре отырып берілуі;

4) егер оңалту және (немесе) банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін алты ай ішінде жасалған мәміле белгілі бір кредиторлардың талаптарын басқаларының алдында артықшылықпен қанағаттандыруға алып келсе;

5) борышкердің мүлкін сыйға тарту шарттары, егер мұндай мәміле оңалту немесе банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін бір жыл бұрын жасалған мәмілелерден айтарлықтай өзгеше болса;

6) осындай мәміле бойынша тиісті құқықтық салдарлар туғызу ниетінсіз, кредиторлардың мүдделеріне нұқсан келтіре отырып жасалған мәміле мәмілелердің жарамсыздығына негіз болып табылады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген мән-жайлар кезінде жасалған мәмілелер анықталған кезде әкімші, оның ішінде мәмілені анықтаған кредитордың өтінішхаты бойынша, анықталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде мұндай мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінуге міндетті.

4. Мәміле жарамсыз деп танылған кезде, егер мәміле жарамсыздығының өзге де салдарлары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделмесе, жауапкер мәміле бойынша алынғандардың барлығын қайтаруға, заттай қайтару мүмкін болмаған кезде – қайтарылуға жататын мүлік құнын, мүлікті пайдаланудың, орындалған жұмыстардың немесе көрсетілген қызметтердің құнын ақшалай өтеуге міндетті.

Бұл ретте жауапкер борышкерге талап қою құқығына ие болады, ол осы Заңның 100-бабының 5-тармағына сәйкес қанағаттандырылуға жатады.

5. Осы бапта көзделген жағдайларда мүлікті қайтару мүмкін болмаған кезде немесе мүлік оның жоғалуына, бүлінуіне не оны кейіннен үшінші тұлғалардың адал жолмен сатып алуына байланысты өтеусіз берілген кезде, талап етілетін мүліктің бастапқы сатып алушылары жоғалған, бүлінген не үшінші тұлғалар адал жолмен сатып алған мүліктің құны шегінде осыған байланысты туындаған залалдың орнын толтыру бойынша борышкер алдында жауаптылықта болады.

6. Бастапқы сатып алушының мүлік құнының орнын толтыруы мүмкін болмаған кезде, борышкердің мүлкін иеліктен шығару туралы шешім қабылдаған тұлға сот тәртібімен субсидиарлық жауаптылыққа тартылуға тиіс.

7. Осы баптың талаптары:

1) жобалық қаржыландыру, секьюритизлендіру;

2) қор биржасының сауда жүйесінде ашық сауда-саттық әдісімен жасалған;

3) шарттары борышкер оңалту және (немесе) банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін үш жыл ішінде өзінің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы процесінде жасасқан ұқсас мәмілелердің шарттарынан айтарлықтай ерекшеленбейтін кәдімгі коммерциялық операциялар шеңберінде борышкер жасасқан мәмілелерге қолданылмайды.

Ескерту. 7-бап жана редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8-бап. Шарттардың құқықтық режимі

1. Банкроттық туралы іс қозғау банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін борышкер контрагентінің бастамасы бойынша борышкер жасасқан шартты орындаудан біржақты бас тарту үшін негіз болып табылмайды және осы шарттың қолданысын тоқтатуға әкеп соқтырмайды. Тараптардың банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін жасасқан, шартты орындаудан бас тарту және банкроттық туралы іс қозғау себебі бойынша осы шарттың қолданысын тоқтату туралы келісімі жарамсыз болады.

2. Оңалтуды басқарушы мынадай мән-жайлардың біреуі болған кезде:

1) шарт үлестес тұлғамен жасалса;

2) бұрын жасалған ұқсас шарттармен салыстырғанда шартта борышкерге ауыртпалық салатын жағдайлар болса;

3) шарт ұзақ (бір жылдан астам) мерзімді болса не борышкердің нәтижеге жетуі тек ұзақ мерзімді перспективаға есептелсе;

4) борышкердің шартты орындауы қалған кредиторлар үшін жағымсыз салдарларға әкеп соқтырады деп пайымдауға өзге де негіздер болса, оңалту туралы іс қозғалғанға дейін борышкер жасасқан, екі тарап толық немесе ішінара орындамаған шарттарды орындаудан бас тартуға құқылы.

3. Банкроттықты басқарушы кредиторлар комитетінің шешімі негізінде, банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін жасалған шартты өзгертуге, бұзуға, орындаудан бас тартуға немесе оның жарамдылығына дауласуға, борышкер берген мүлікті қайтаруды талап етуге міндетті.

4. Оңалту немесе банкроттық туралы іс қозғау туралы сот ұйғарымы шығарылған күннен бастап және оңалту немесе банкроттық туралы істі тоқтату туралы сот ұйғарымы не борышкерге оңалту рәсімін қолдану немесе борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін борышкер мен оның кредиторлары арасындағы өзара талаптарды есепке жатқызуға жол берілмейді.

Оңалтуды немесе банкроттықты басқарушы, егер талаптарды есепке алу кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру кезектілігін бұзбаса, басқа тұлғалар тартылмай, тікелей, өзара негізде болып табылса, талаптарды есепке алу туралы кредиторға мәлімдеуге міндетті. Ақшаны төлеу туралы талаптар бойынша ғана есепке алуға жол беріледі.

5. Электр және жылу энергиясын, су шаруашылығы және кәріз жүйелері, байланыс жөніндегі, сондай-ақ борышкердің мүлкін қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді беруші борышкерді банкрот деп тану себебі бойынша борышкермен жасалған шарттан бас тартуға құқылы емес. Оңалту немесе банкроттық туралы іс қозғалғаннан кейін осы шарттарды орындауға байланысты шығыстар әкімшілік шығыстарға жатады.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9-бап. Үлестес тұлғалар

Осы Заңда мыналар үлестес тұлғалар деп танылады:

- 1) борышкердің немесе кредитордың акционері, құрылтайшысы (қатысушысы);
- 2) борышкер-дара кәсіпкердің, сондай-ақ осы баптың 1), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген жеке тұлғаның жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туыстары;
- 3) шартқа сәйкес борышкер қабылдайтын шешімдерді айқындауға құқылы, оңалту және банкроттық рәсімдеріне қатысушымен жасалған шартпен байланысты тұлға;
- 4) оңалту және банкроттық рәсімдеріне қатысушының немесе осы баптың 1), 3), 5), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғаның лауазымды адамдары;
- 5) оңалту және банкроттық рәсімдеріне қатысушы оған қатысты акционер, қатысушы болып табылатын не мүліктегі тиісті үлеске құқығы бар заңды тұлға;
- 6) оңалту және банкроттық рәсімдеріне қатысушымен бірге үшінші тұлғаның бақылауында болатын заңды тұлға;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес оңалту және банкроттық рәсімдеріне қатысушының үлестес тұлғасы болып табылатын немесе сот шешімімен үлестес деп танылған өзге де тұлға.

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10-бап. Құпиялылық

1. Уәкілетті орган және әкімші, борышкерді банкрот деп тануға дейінгі кезеңді қоса алғанда, дара кәсіпкердің, банкрот мүлкінің меншік иесінің (ол уәкілеттік берген органның), құрылтайшыларының (қатысушыларының) келісімін алмастан, борышкердің қаржылық-шаруашылық қызметі туралы мәліметтерді сұратуға және алуға құқылы.

2. Әкімшінің не уәкілетті органның қаржылық-шаруашылық қызмет туралы мәліметтер сеніп тапсырылған немесе оған қызметі немесе жұмысы бойынша белгілі болған лауазымды адамының оларды жария етуі, сол сияқты осындай мәліметтерді қамтитын құжаттарды жоғалту Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді. Осы баптың күші әкімші тартқан тұлғаларға да қолданылады.

3. Уәкілетті органның немесе әкімшінің өздеріне ұсынылған ақпаратты Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда мемлекеттік органдарға беруі құпия ақпаратты жария ету болып табылмайды.

4. Осы Заңда көзделген рәсімдерді жүргізу кезінде мынадай ақпарат құпия болып табылмайды:

- 1) әкімші қызметін жүзеге асыратын тұлға туралы;

- 2) кредиторлар комитетінің құрамы және ол қабылдаған шешімдер туралы;
- 3) кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген талаптар сомасы туралы және оларды кезек бойынша қанағаттандыру мөлшері туралы;
- 4) рәсімдерді жүргізу мерзімдері туралы;
- 5) кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру графигін орындау туралы;
- 6) әкімшінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдардың болуы және оларды қарау нәтижелері туралы;
- 7) әкімшіні анықталған құқық бұзушылық фактілері бойынша әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы;
- 8) оңалту рәсімін тоқтатудың негізі туралы;
- 9) әкімші кредиторлар комитетіне шешім қабылдау үшін ұсынатын;
- 10) осы Заңда белгіленген құқықтарды іске асыру шеңберінде осыған уәкілеттік берілген адамдар бастамашылық жасаған сот талқылаулары туралы ақпарат.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11-бап. Борышкердің құқықтық жағдайы

1. Борышкер:

- 1) осы Заңда көзделген жағдайларда оны банкрот деп тану, берешекті қайта құрылымдау рәсімін, оңалту рәсімін қолдану, банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы өтінішпен сотқа жүгінуге;
- 2) осы Заңда көзделген тәртіппен және шарттарда банкроттық рәсімі барысында бітімгершілік келісім жасасуға;
- 3) сотта кредиторлық берешек сомасын даулауға, сондай-ақ осы мақсаттар үшін аудиторлық ұйымдарды тартуға;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да құқықтарды пайдалануға құқылы.

2. Борышкер:

- 1) оның мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), заңды тұлғаның құрылтай құжаттармен осыған уәкілеттік берілген органы оны тарату туралы шешім қабылдаған, ал мүлкінің құны кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған жағдайда, өзін банкрот деп тану туралы сотқа жүгінуге;
- 2) әкімші тағайындалған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сотқа және әкімшіге қаржылық-шаруашылық қызмет туралы ақпаратты, оның ішінде борышкерде бар мүлік, оның ішінде кепіл ауыртпалығы салынған, мүліктік жалдаудағы (жалға алудағы) және (немесе) лизингтегі мүлік туралы, банктік шоттардағы ақша, шоттардың нөмірлері және банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың тұрған жері, дебиторлық берешек сомасы туралы мәліметтерді беруге;

3) хабарламасы әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғалар хабарламаларының тізіліміне енгізілген тұлғамен уақытша әкімшінің өкілеттіктерін жүзеге асыру туралы келісімді сотқа оңалту рәсімін қолдану туралы өтініш бергенге дейін жасасуға;

4) хабарламасы әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғалар хабарламаларының тізіліміне енгізілген тұлғамен уақытша басқарушының өкілеттіктерін жүзеге асыру туралы келісімді сотқа банкрот деп тану туралы өтініш бергенге дейін жасасуға;

5) уәкілетті органға сот борышкерді банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы шешім шығарған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Заңның 115-бабының 2-тармағында көзделген құжаттарды ұсынуға;

6) оңалтуды басқарушыға тағайындалған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде – құрылтай құжаттарын, мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, он бес жұмыс күні ішінде – есепке алу құжаттамасын, екі ай ішінде материалдық және өзге де құндылықтарды беруге;

7) уақытша басқарушыға борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімі шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде – құрылтай құжаттарын, мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, он жұмыс күні ішінде – есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, жиырма жұмыс күні ішінде банкротқа тиесілі материалдық және өзге де құндылықтарды беруге;

8) қарау арқылы зерделеу үшін есепке алу құжаттамасына уақытша басқарушының қолжетімділігін қамтамасыз етуге;

9) қарау арқылы зерделеу үшін есепке алу құжаттамасына уақытша әкімшінің қолжетімділігін қамтамасыз етуге;

10) бухгалтерлік құжаттаманың, бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік жүйелерінің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етуге;

11) құпия болып табылатын мәліметтерді қоспағанда, оңалту рәсімін жүргізу кезінде кез келген кредиторға оның жазбаша сұрау салуы негізінде сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өз қызметінің жүзеге асырылу барысы туралы ақпарат беруге;

12) сұрау салу негізінде сотқа, оңалтуды, уақытша немесе банкроттықты басқарушыға және кредиторлар комитетіне борышкердің қаржылық жағдайы мен шаруашылық қызметі туралы ақпарат, түсінік беруге;

13) әр айдың 15-күнінен кешіктірмей, кредиторлар комитетінің назарына оңалту рәсімін жүргізу кезеңінде алдыңғы айдағы қаржылық жағдай, кәдімгі коммерциялық операциялар барысында жүргізілген мәмілелер туралы ақпаратты жеткізуге;

14) осы Заңда көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

3. Оңалту рәсімінде борышкерді басқару борышкер – дара кәсіпкерге не борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесі, құрылтайшысы (қатысушысы) уәкілеттік берген

органға немесе тұлғаға жүктелген жағдайларда, онда оған оналтуды басқарушы үшін осы Заңда көзделген, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзырет шегінде өкілеттіктер және жауаптылық қолданылады.

4. Осы баптың 2-тармағының 1), 2), 7) және 8) тармақшаларының ережелерін бұзғаны үшін борышкердің мүлкі кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде, міндеттеріне осы баптың 2-тармағының 1), 2), 7) және 8) тармақшаларында көзделген талаптарды орындау кіретін лауазымды адам банкроттық рәсімінің нәтижелері бойынша орындалмай қалған, банкроттың кредиторлар алдындағы міндеттемелері мөлшерінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес субсидиарлық жауаптылықта болады.

Ескерту. 11-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12-бап. Әкімші

1. Осы Заңда белгіленген тәртіппен уәкілетті органға әкімші қызметінің басталғаны туралы хабарламаны берген:

- 1) осы баптың 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін жеке тұлға;
- 2) кәсіби бухгалтер әкімші ретінде әрекет ете алады.

Осы Заңның 78-бабының 2-тармағында және 118-1-бабында, сондай-ақ "Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, әкімшіге осы Заңда жүктелген өкілеттіктер өзге тұлғаларға берілмейді.

2. Әкімші ретінде қызметті жүзеге асыру үшін осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген адамдарға қойылатын талаптар:

- 1) құқық, экономика және бизнес саласындағы жоғары білім;
- 2) заңгерлік, экономикалық, бухгалтерлік, қаржылық, аудиторлық немесе бақылау-ревизия салаларындағы қатарынан үш жылдан кем емес жұмыс өтілі;
- 3) психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтарының (ауруларының) себебі бойынша психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрмауы;
- 4) жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығының болмауы;
- 5) соттың әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танымауы.

3. Өтініш берушінің уәкілетті органға қызметтің басталғаны туралы хабарламаны рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы беруі өтініш берушінің хабарламасын әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғалар хабарламаларының тізіліміне енгізуге негіз болып табылады.

Хабарламаға:

1) егер осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген адам өтініш беруші болып табылған жағдайда – әкімші қызметін жүзеге асыру құқығына үміткер адамның біліктілік емтиханын тапсырғаны туралы Комиссияның шешімі қоса беріледі.

Әкімші қызметін жүзеге асыру құқығына үміткер адамның біліктілік емтиханын тапсырғаны туралы Комиссия шешімі осындай емтиханды тапсырған күннен бастап бір жыл бойы жарамды болады;

2) егер осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген адам өтініш беруші болып табылған жағдайда – кәсіби бухгалтердің сертификаты қоса беріледі.

4. Өтініш беруші хабарламада көрсеткен деректер өзгерген кезде, өтініш беруші деректер өзгерген күннен бастап он жұмыс күні ішінде уәкілетті органға көрсетілген өзгерістер туралы хабарлама жіберуге міндетті.

Қызметі тоқтатылған кезде әкімші уәкілетті органға хабарлама жіберуге міндетті.

Әкімші оңалтуды және (немесе) банкроттықты басқарушылар ретінде қатысқан жағдайда, өз еркімен қызметін тоқтату туралы хабарламаға әрбір борышкер бойынша оңалтуды және (немесе) банкроттықты басқарушылардың жаңа кандидатурасын таңдау туралы кредиторлар жиналысы хаттамасының көшірмесі қоса беріледі.

5. Үлестес тұлға әкімші болып тағайындала алмайды.

Осы Заңның 82-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағының 3) тармақшасында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған оңалту рәсімінде борышкерді басқару жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асырған тұлға оңалту рәсімін тоқтату туралы сот ұйғарымы заңды күшіне енген күннен бастап екі жыл бойы оңалту рәсімінде борышкерді басқару жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыру үшін тағайындала алмайды.

Осы баптың 8-тармағының 3), 4) және 6) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғалар хабарламаларының тізілімінен шығарылған тұлға, егер шығарылған күнінен бастап үш жылдан аз уақыт өтсе, әкімші бола алмайды.

6. Оңалту рәсімін және банкроттық рәсімін жүргізу кезеңінде борышкердің барлық органдары басқарудан шеттетіледі және борышкерді басқарудың бірден-бір органы ретінде:

оңалту жоспарын бекіту туралы сот ұйғарымы заңды күшіне енген күннен бастап – оңалтуды басқарушы (ол оңалту рәсімінде тағайындалған жағдайда) немесе санацияға қатысушы;

борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап банкроттықты басқарушы тағайындалғанға дейін – уақытша басқарушы;

тағайындалған күнінен бастап банкроттықты басқарушы әрекет етеді.

Оңалтуды және банкроттықты басқарушылар, санацияға қатысушы өз өкілеттіктерін борышкердің тұрған жері бойынша жүзеге асыруға міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелері осы Заңның 69-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда қолданылмайды.

7. Уәкілетті орган оңалтуды немесе банкроттықты басқарушыны белгілі бір борышкерге қатысты өз өкілеттіктерін орындаудан мынадай:

1) ол осы баптың 5-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес өкілеттіктерді орындаудан бас тартқан;

2) кредиторлар жиналысы оны шеттету туралы шешім қабылдаған;

3) тексеру нәтижелері бойынша осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген талаптарды бұзушылықтар анықталған;

4) оған осы Заңның 18-бабының 7-тармағында көзделген хабарлама қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш реттен артық жіберілген жағдайларда, шеттетеді.

Осы тармақтың ережелеріне сәйкес оңалтуды немесе банкроттықты басқарушыны шеттету оны басқа борышкерлерге қатысты әкімші өкілеттіктерін жүзеге асырудан шеттетуге алып келмейді және оған басқа борышкерлерге қатысты әкімші өкілеттіктерін беруге кедергі келтірмейді.

8. Уәкілетті орган әкімшінің хабарламасын әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғалар хабарламаларының тізілімінен мынадай:

1) өтініш беруші осы баптың 3-тармағының екінші бөлігінде көзделген құжаттарды ұсынбаған;

2) осы баптың 5-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес өкілеттіктерді орындаудан бас тартуды қоспағанда, әкімші өкілеттіктерін орындаудан қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі реттен артық бас тартқан;

3) осы баптың 5-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес оңалтуды немесе банкроттықты басқарушының өзін тағайындауына кедергі келтіретін мән-жайлардың бар екенін оңалту рәсімі немесе банкроттық рәсімі барысында уәкілетті орган анықтаған жағдайда, әкімші олар туралы хабарламаған;

4) кредитордың немесе борышкердің мүдделеріне нұқсан келтіруге алып келген, фактісі заңды күшіне енген сот актісінде анықталған осы Заңның талаптары бұзылған;

5) біліктілікті арттыруды растайтын құжаттар ұсынылмаған;

6) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9) және 12) тармақтарында немесе 36-бабының бірінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша экономикалық қызмет саласында қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық іс тоқтатылған не қылмыстық жауаптылықтан босатылған, сондай-ақ мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар жасалған;

7) осы адамға қатысты айыптау үкімі заңды күшіне енген;

8) психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтарының (ауруларының) себебі бойынша психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрған;

9) сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

10) қызметін тоқтату туралы әкімші хабарлама берген;

11) қайтыс болған немесе сот қайтыс болды деп жариялаған не хабарсыз кетті деп таныған жағдайларда, алып тастайды.

9. Әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғалар хабарламаларының тізілімінен хабарламаны алып тастауды уәкілетті орган мынадай мерзімдерде:

1) осы баптың 8-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда – анықталған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде;

2) осы баптың 8-тармағының 2), 3), 4), 6), 7), 8), 9), 10) және 11) тармақшаларында көзделген жағдайларда – анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде;

3) осы баптың 8-тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда - біліктілікті арттыруға арналған мерзім өткен жылдан кейінгі жылдың басынан бастап жиырма жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

10. Уәкілетті орган әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғалар хабарламаларының тізілімінен хабарлама алып тасталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде кредиторлар жиналысына оңалтуды не банкроттықты басқарушының осындай тізілімнен алып тасталғаны туралы ақпарат жібереді.

11. Оңалтуды немесе банкроттықты басқарушы жүктелген өкілеттіктерді орындаудан шеттетілген немесе әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғалар хабарламаларының тізілімінен оның хабарламасы алып тасталған жағдайда осы Заңда көзделген өкілеттіктерді жаңадан тағайындалған оңалтуды немесе банкроттықты басқарушы жүзеге асыруды жалғастырады.

12. Әкімші уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өз біліктілігін арттыруға міндетті.

Біліктілікті арттыру туралы растаушы құжаттарды ұсыну үш жылда бір рет жүзеге асырылады. Мерзімді есептеу әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғалар хабарламаларының тізіліміне хабарлама енгізілген жылдан кейінгі жылдан басталады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттарды ұсыну мерзімі – біліктілікті арттыру аяқталған жыл ішінде болады.

13. Әкімші уәкілетті орган айқындаған тәртіппен уәкілетті органмен және өзге де тұлғалармен өзара іс-қимылды электрондық тәсілмен жүзеге асыруға құқылы.

Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 07.07.2020 № 361-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

13-бап. Әкімшінің сыйақысы

1. Уақытша әкімшінің және уақытша басқарушының негізгі сыйақысы оңалту рәсімін қолдану немесе банкрот деп тану туралы сотқа өтініш берген борышкердің немесе кредитордың қаражаты есебінен төленеді.

Негізгі сыйақының мөлшері борышкер немесе кредитор мен әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлға арасында жасалған, уақытша әкімшінің немесе уақытша басқарушының өкілеттіктерін жүзеге асыру туралы келісімде айқындалады және уәкілетті орган белгілеген ең төмен шектен төмен болмайды.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген келісім оңалту рәсімін қолдану немесе банкрот деп тану туралы сотқа өтініш берілгенге дейін жасалады және оңалту немесе банкроттық туралы іс қозғау туралы сот ұйғарымы шығарылған күннен бастап күшіне енеді.

Борышкер немесе кредитор уақытша әкімшінің немесе уақытша басқарушының негізгі сыйақысының мөлшерін уәкілетті орган белгілеген ең төмен шектен жоғары белгілеуге құқылы.

Оңалту рәсімі немесе банкроттық рәсімі қолданылған жағдайда, уақытша әкімшіге немесе уақытша басқарушыға негізгі сыйақы төлеген кредиторға төленген қаражат мөлшеріндегі сома борышкердің мүлкі есебінен өтеледі.

Егер салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредитор, мемлекеттік орган немесе мемлекет қатысатын заңды тұлға өтініш беруші болып табылса, онда уақытша басқарушының негізгі сыйақысын төлеу:

1) егер банкроттық рәсімін жүргізу барысында жиынтығында осы Заңның 110-бабының 2-тармағында көзделген мән-жайлар анықталса – осы Заңның 110-бабының 3-тармағына сәйкес уәкілетті орган белгілеген ең төмен шек мөлшерінде;

2) егер банкроттық рәсімін жүргізу барысында жиынтығында осы Заңның 110-бабының 2-тармағында көзделген мән-жайлар анықталмаса, уәкілетті орган белгілеген ең төмен шек мөлшерінде борышкердің мүлкі есебінен жүзеге асырылады.

2. Банкроттықты басқарушының негізгі сыйақысының ең төмен және ең жоғары шектерін уәкілетті орган белгілейді.

Банкроттықты басқарушының негізгі сыйақысының мөлшерін уәкілетті орган белгілеген шекте кредиторлар жиналысы айқындайды.

Осы Заңның 84-бабының 1-тармағында белгіленген рәсімді жүргізу мерзімінен асып кеткен кезде банкроттықты басқарушының негізгі сыйақысы азайтылуға жатады және:

банкроттық рәсімін жүргізу мерзімі тоғыз айдан асқан айдан кейінгі айдан бастап – кредиторлар жиналысының шешімі негізінде белгіленген негізгі сыйақы мөлшерінің жетпіс бес пайызы;

банкроттық рәсімін жүргізу мерзімі екі жылдан асқан айдан кейінгі айдан бастап – кредиторлар жиналысының шешімі негізінде белгіленген негізгі сыйақы мөлшерінің елу пайызы мөлшерінде төленеді.

Оңалтуды басқарушының негізгі сыйақысының мөлшерін кредиторлар жиналысы айқындайды.

3. Банкроттықты басқарушыға қосымша сыйақы:

1) кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген кредиторлар талаптарының жиырма бес пайызынан аз қанағаттандырылған жағдайда – талаптарды қанағаттандыруға бағытталған соманың бір пайызы мөлшерінде;

2) кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген кредиторлар талаптарының жиырма бестен елу пайызына дейін қанағаттандырылған жағдайда – талаптарды қанағаттандыруға бағытталған соманың екі пайызы мөлшерінде;

3) кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген кредиторлар талаптарының елуден жетпіс бес пайызына дейін қанағаттандырылған жағдайда – талаптарды қанағаттандыруға бағытталған соманың үш пайызы мөлшерінде;

4) кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген кредиторлар талаптарының жетпіс бес пайызынан жоғары қанағаттандырылған жағдайда – талаптарды қанағаттандыруға бағытталған соманың төрт пайызы мөлшерінде борышкердің мүлкінен төленеді.

Егер осы тармақтың үшінші бөлігінде өзгеше белгіленбесе, осы тармақтың мақсаттары үшін кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген кредиторлардың талаптары деп тізілімнің екінші, үшінші, төртінші және бесінші кезектеріне жатқызылған талаптар түсініледі.

Банкроттықты басқарушының қосымша сыйақысын есептеу кезінде осы Заңның 104-1-бабына сәйкес қанағаттандырылған кепілді кредиторлар талаптарының мөлшері, сондай-ақ құрылтайшыны (қатысушыны) және (немесе) лауазымды адамды субсидиарлық жауаптылыққа тарту туралы сот актісінің орындалуы нәтижесінде банкроттың мүліктік массасына түскен сомалар есепке алынбайды.

Банкроттықты басқарушының қосымша сыйақысы бірінші кезектегі кредиторлардың талаптары толық көлемде қанағаттандырылған жағдайда төленуге жатады.

4. Банкроттықты басқарушы қосымша сыйақы сомасын есепке жатқызу үшін борышкердің арнайы банктік шотын ашуға міндетті.

Арнайы банктік шотқа түсетін ақша банкроттық рәсімін аяқтау туралы заңды күшіне енген сот ұйғарымы негізінде банкроттықты басқарушының қызметін жүзеге асырған тұлғаның алуына жатады.

Арнайы шот осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген ақша алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде банкроттықты басқарушының қызметін жүзеге асырған тұлғаның өтініші бойынша жабылуға жатады.

5. Оңалтуды басқарушының қосымша сыйақысы оңалту рәсімінің мақсаттарына қол жеткізілген жағдайда кредиторлар жиналысы айқындаған мөлшерде төленуге жатады.

6. Кредитор өзінің талаптарын қанағаттандыруға бағытталған қаражат есебінен банкроттықты басқарушыға сыйлықақы төлеуге құқылы. Сыйлықақының мөлшері мен оны төлеу тәртібін кредитор дербес айқындайды.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің оңалту және банкроттық саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Заңда көзделген функцияларды және өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

15-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

1) әкімші қызметін жүзеге асыруға құқығы бар адамдар хабарламалары тізілімін жүргізеді;

1-1) әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғалардың тізімін уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырады;

1-2) салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредитор, мемлекеттік орган немесе мемлекет қатысатын заңды тұлға таңдаған тұлғаны уақытша басқарушы етіп тағайындайды;

1-3) егер салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредитор, мемлекеттік орган немесе мемлекет қатысатын заңды тұлға өтініш беруші болып табылса, уақытша басқарушыны таңдау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

2) кредиторлар жиналысы ұсынған кандидатураны оңалтуды және банкроттықты басқарушы етіп тағайындайды;

3) оңалтуды және банкроттықты басқарушыны шеттетеді;

4) Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

5) оңалтуды басқарушының оңалту рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы, уақытша басқарушының, банкроттықты басқарушының банкроттық рәсімінің жүргізілу барысы туралы ағымдағы ақпаратын қарайды;

6) оңалтуды және банкроттықты басқарушылардың қорытынды есебінің нысандарын бекітеді;

7) санацияға қатысушыдан растайтын құжаттарды сұратады;

8) борышкердің мүлкін сату бойынша электрондық аукционды өткізу тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

9) осы Заңда көзделген жағдайда банкроттың мүлкін уақытша басқарушының сатуын келіседі;

10) құқық қорғау органдарына әдейі банкроттық белгілерінің болуын көрсететін қолда бар деректер туралы хабарлайды;

11) әкімшінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарайды;

12) осы Заңның 7-бабында көрсетілген мән-жайлар кезінде жасалған мәмілелерді анықтау бойынша шаралар қолданады;

13) әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғалардың тізімін уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру, оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау мен шеттету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

14) алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

15) мемлекеттік органдардан, заңды тұлғалардан және олардың лауазымды адамдарынан оңалту немесе банкроттық рәсімі қолданылған борышкерлер туралы ақпаратты сұратады және алады;

16) уақытша және банкроттықты басқарушыларға банкрот деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімі бар тұлғаның банктік шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақшаның қалдықтары мен қозғалысы туралы ақпаратты ұсынады;

17) осы Заңды бұзушылықтар анықталған жағдайда әкімшінің шешімдері мен әрекеттерін (әрекетсіздігін) сотта даулайды;

18) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді қолдана отырып, электрондық қызметтер көрсетеді;

19) заңда белгіленген жағдайларда және тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасайды және олар туралы істерді қарайды, өз құзыреті шегінде әкімшілік жазалар қолданады;

20) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

21) өз құзыреті шегінде берешекті қайта құрылымдау, оңалту, банкроттық және банкроттық рәсімін қозғамай тарату рәсімдерін енгізу, жүргізу және тоқтату бойынша түсіндірме мен комментарийлер береді;

22) уақытша әкімшінің, уақытша басқарушының және оңалтуды басқарушының борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы, сондай-ақ оңалту жоспарында көзделген іс-шаралардың іске асырылуы ескеріле отырып, банкроттықты басқарушының борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытындысының үлгілік нысандарын бекітеді;

23) алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

23-1) алып тасталды - ҚР 29.03.2016 № 479-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

23-2) біліктілік емтиханын өткізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

24) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.11.2015 № 399-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-бап. Уәкілетті органның мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы

1. Уәкілетті орган мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды, өзара ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.

2. Мемлекеттік органдар оңалту және банкроттық саласындағы қызметті жүзеге асыру бойынша міндеттерді орындауда уәкілетті органға жәрдем беруге міндетті.

3. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдармен электрондық тәсілмен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға құқылы.

17-бап. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау

1. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

2. Бақылау субъектісіне бару арқылы тексеруді және профилактикалық бақылауды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде айқындалады.

Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 17-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

18-бап. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау

1. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу, оларға жол бермеу және уәкілетті орган

анықтаған бұзушылықтарды бақылау субъектісінің өзі дербес жою құқығын беру болып табылады.

Әкімші бақылау субъектісі болып табылады.

2. Уәкілетті орган алған деректер мен ақпаратты өзара салыстыру бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау жүргізу тәсілі болып табылады, осы деректер мен ақпаратқа мыналар жатады:

1) оңалту рәсімінің немесе банкроттық рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы ағымдағы және сұрау салынатын ақпарат.

Мұндай ақпаратты берудің нысанын, тәртібі мен мерзімдерін уәкілетті орган белгілейді;

2) уәкілетті мемлекеттік органдардан, сондай-ақ әкімші мен борышкердің қызметі бойынша өзге де көздерден алынған мәліметтер.

Атына уәкілетті органның сұрау салуы келіп түскен мемлекеттік орган, жеке және заңды тұлға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда және тәртіппен кез келген құпия ақпаратты (банктік, салықтық, коммерциялық құпия) ашуға және борышкерге және әкімші жүзеге асыратын оңалту рәсіміне немесе банкроттық рәсіміне қатысты құпия ақпаратты қамтитын кез келген құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті.

Уәкілетті органның сұрау салуын орындау мерзімі, орындаудың неғұрлым ұзақ мерзімі сұрау салудың өзінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, сұрау салу келіп түскен күннен бастап он жұмыс күнін құрайды.

3. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған кезде, бұзушылық анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша хабарлама жіберіледі.

Хабарлама бақылау субъектісіне қолын қойдыра отырып жеке өзіне немесе жөнелту мен алу фактісін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген хабарлама мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – хабарламада алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) пошта арқылы – тапсырысты хатпен пошта жөнелтілімі алынғаны туралы хабардар етілген күннен бастап;

3) электрондық тәсілмен – қызметінің басталғаны немесе уәкілетті органда деректердің өзгергені туралы хабарламада көрсетілген әкімшінің электрондық мекенжайына уәкілетті орган жөнелткен күннен бастап табыс етілген болып есептеледі.

4. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама табыс етілген күнінен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

5. Бақылау субъектісі хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген кезде хабарлама табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде хабарламаны жіберген уәкілетті органға қарсылық жіберуге құқылы.

Хабарлама орындалмаған деп танылған жағдайда, уәкілетті орган жазбаша шешім шығарады және оны осы баптың 3-тармағында көзделген тәсілдердің бірімен бақылау субъектісіне жібереді.

6. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны белгіленген мерзімде орындамау бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізіміне енгізу жолымен бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындауға алып келеді.

7. Уәкілетті орган жойылуы мүмкін емес бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, әкімшіге бұзушылық анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша хабарлама жіберіледі.

8. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау тоқсан сайын жүзеге асырылады.

Ескерту. 18-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

19-бап. Сұрау салуларды жіберу және рәсімдердің жүргізілу барысы туралы ақпаратты қабылдау

Ескерту. 19-бап алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

20-бап. Хабарламалар

Ескерту. 20-бап алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

21-бап. Әкімшілердің ағымдағы және сұратылатын ақпаратты ұсыну және қабылдау тәртібі

Ескерту. 21-бап алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-тарау. КРЕДИТОРЛАР

22-бап. Кредиторлардың оңалту рәсіміне және банкроттық рәсіміне қатысуы

1. Оңалту рәсімі және банкроттық рәсімі барысында барлық кредитордың мүдделерін осы Заңға сәйкес құрылатын кредиторлар жиналысы білдіреді.

2. Кредитор оңалту рәсімінің немесе банкроттық рәсімінің жүргізілу барысында соттың шешіміне, әкімшінің әрекетіне, егер осы шешімдер немесе әрекеттер оның заңды мүдделеріне нұқсан келтірсе, шағым жасауға құқылы.

Ескерту. 22-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

23-бап. Кредиторлар жиналысы

1. Оңалту рәсімі және банкроттық рәсімі кезінде кредиторлар жиналысына қатысу құқығы кредиторлар жиналысын өткізу күніне кредиторлар талаптарының тізіліміне талаптары енгізілген кредиторларға тиесілі.

Кредиторлар жиналысына борышкер – дара кәсіпкер, борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген тұлға), құрылтайшылары (қатысушылары) және уәкілетті органның өкілдері қатысуға құқылы.

2. Кредиторлар жиналысының өкілеттіктері осы Заңның 75 және 93-баптарында көзделген.

Ескерту. 23-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

24-бап. Кредиторлар жиналысын шақыру тәртібі

1. Егер осы тармақта өзгеше көзделмесе, кредиторлар жиналысын ұйымдастыру мен өткізуді әкімші жүзеге асырады.

Кредиторлар жиналысын ұйымдастыруды кредиторлар комитеті оңалтуды басқарушыны шеттету, сондай-ақ банкроттықты басқарушыны шеттету және банкроттықты басқарушыны бір мезгілде таңдау мәселесін қарау кезінде жүзеге асырады.

2. Кредиторлар жиналысы:

- 1) борышкердің;
- 2) әкімшінің;
- 3) кредиторлар комитетінің;

4) талаптары тізілімге енгізілген кредиторлар талаптарының жалпы сомасының кемінде он пайызын не кредиторлардың жалпы санының кемінде он пайызын құрайтын кредиторлардың бастамашылығы бойынша шақырылуы мүмкін.

Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

25-бап. Кредиторлар жиналысын өткізу туралы ақпараттық хабар

1. Осы Заңның мақсаттары үшін:

1) кредиторлар жиналысын өткізу туралы қазақ және орыс тілдеріндегі ақпараттық хабарды уәкілетті органның интернет-ресурсында кредиторлар жиналысы өткізілетін күнге дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жариялау;

2) кредиторлар жиналысын өткізу туралы қазақ және орыс тілдеріндегі ақпараттық хабарды кредиторлар жиналысы өткізілетін күнге дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей кредиторға дербес қол қойдыра отырып табыс ету;

3) кредиторлар жиналысының өткізілетіні туралы хабарды пошта арқылы тапсырыс хатпен кредиторлар жиналысы өткізілетін күнге дейін он бес жұмыс күнінен кешіктірмей кредиторға жіберу хабар беру тәсілдерінің бірі кредиторларды, сондай-ақ кредиторлар жиналысына қатысуға құқығы бар өзге де адамдарды тиісінше хабардар ету болып танылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген тәсілмен кредиторды хабардар ету мүмкін болмаған кезде осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында белгіленген тәсіл мұндай кредиторды тиісінше хабардар ету деп танылады.

Борышкерде интернет-ресурс бар болған кезде, аталған интернет-ресурста кредиторлар жиналысын өткізу туралы қазақ және орыс тілдеріндегі ақпараттық хабарды кредиторлардың жиналысы өткізілетін күнге дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жариялау міндетті болып табылады.

Осы тармақтың күші оңалту рәсімі немесе банкроттық рәсімі кезінде кредиторлардың алғашқы жиналысын өткізу туралы кредиторларды хабардар етуге қолданылмайды. Кредиторлардың алғашқы жиналысын өткізу туралы хабарды кредиторларға жіберу тәртібі:

оңалту рәсімі кезінде – осы Заңның 72-бабының 6-тармағында;

банкроттық рәсімі кезінде – осы Заңның 91-бабының 1-тармағында айқындалады.

Кредиторлар жиналысын өткізу туралы хабарлама кредиторларға жіберілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әкімші, ал кредиторлар жиналысын кредиторлар комитеті ұйымдастыратын жағдайларда – кредиторлар комитетінің төрағасы уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін кредиторлар жиналысын өткізу туралы хабарламаны қазақ және орыс тілдерінде уәкілетті органға жібереді.

Уәкілетті орган хабарламаны алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оны өзінің интернет-ресурсында орналастыруға міндетті.";

2. Кредиторлар жиналысын өткізу туралы хабарда мынадай мәліметтер:

борышкердің атауы, заңды мекенжайы;

кредиторлар жиналысының өткізілетін күні, уақыты мен орны;

кредиторлар жиналысының күн тәртібі;

кредиторлар жиналысының қарауына жататын материалдармен танысу тәртібі қамтылуға тиіс.

Күн тәртібінде қарауға ұсынылатын. кредиторлар жиналысының құзыретіне тікелей кіретін мәселелер қамтылуға тиіс. Күн тәртібін қалыптастыру кезінде кең ауқымда түсінілетін тұжырымдауды пайдалануға жол берілмейді.

3. Кредиторлардың алғашқы жиналысын қоспағанда, жиналысқа тікелей қатысу мүмкін болмаған жағдайда, кредитор сырттай, оның ішінде пошта арқылы тапсырыс хатпен немесе электрондық тәсілмен дауыс беруге құқылы.

Егер кредитор сырттай дауыс беретін болса, ол бұл туралы оңалтуды немесе банкроттықты басқарушыға жиналыс өткізілгенге дейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауға тиіс.

Оңалтуды немесе банкроттықты басқарушы жиналыс өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей күн тәртібіне қатысты материалдарды осындай кредиторға танысу үшін жіберуге немесе ұсынуға міндетті.

Ескерту. 25-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

26-бап. Кредиторлар жиналысының оңалту рәсімі және банкроттық рәсімі кезінде шешімдер қабылдау тәртібі

1. Кредиторлар жиналысының құқықтылығы мен шешімдер қабылдауының жалпы тәртібі осы бапқа сәйкес айқындалады.

Кредиторлар жиналысының құқықтылығы мен шешім қабылдау тәртібінің ерекшеліктері:

борышкердің мүлкін тікелей сату кезінде – осы Заңның 99-бабының 6-тармағында; оңалту жоспарын келісу кезінде – осы Заңның 26-1-бабында;

оңалту жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде осы Заңның 26-2-бабында айқындалады.

2. Кредиторлар жиналысы оған, сырттай дауыс беретіндерді қоса алғанда, кредиторлар жиналысы шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы бар кредиторлар дауыстарының жалпы санының елу пайызынан астамын құрайтын дауыс санына ие кредиторлар қатысқан жағдайда заңды болады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелері ескеріле отырып, кредиторлар жиналысы заңды болған кезде кредиторлар жиналысының күн тәртібіне енгізілген мәселелерді қарауды ауыстыруға жол берілмейді.

Қайта шақырылған кредиторлар жиналысы оған кредиторлар жиналысының өткізілетін уақыты мен орны туралы кредиторлар тиісті түрде хабардар етілген жағдайда, кредиторлар жиналысы шешім қабылдаған кезде дауыс беруге құқығы бар кредиторлар дауыстарының жалпы санының кемінде жиырма бес пайызын құрайтын дауыс санына ие кредиторлар қатысқан жағдайда, заңды болады.

3. Осы Заңның 26-1 және 26-2-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кредиторлар жиналысының шешімдері, сырттай дауыс беретіндерді қоса алғанда, кредиторлар жиналысына қатысатын кредиторлардың дауыс санының көпшілік даусымен қабылданады.

Әкімші, ал кредиторлар жиналысын кредиторлар комитеті ұйымдастыратын жағдайларда – кредиторлар комитетінің төрағасы кредиторлардың шешімдер қабылдауы үшін әрбір кредитордың дауыс санын "талаптардың бір теңгесі – бір дауыс" қағидаты бойынша айқындайды.

Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар, өсімпұл), жіберіп алған пайда түріндегі залалдар, сондай-ақ өзге де мүліктік және (немесе) қаржылық санкциялар кредиторлар жиналысында дауыс санын айқындау мақсаттары үшін есепке алынбайды.

Кредиторлар жиналысында дауыс санын айқындау мақсаттары үшін кредиторлардың тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл), жіберіп алған пайда түріндегі залалдар, сондай-ақ өзге де мүліктік және (немесе) қаржылық санкциялар бөлігіндегі талаптары:

1) кредиторлар жиналысы шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы бар кредиторлардың талаптары толық көлемде қанағаттандырылған;

2) кредиторлардың талаптар тізілімі тек қана тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу, жіберіп алған пайда түріндегі залалдарды өтеу бөлігіндегі талаптардан, сот шешімі бойынша өзге де мүліктік және (немесе) қаржылық санкциялардан қалыптастырылған жағдайларда есепке алынады.

Кредитор талаптарының қанағаттандырылуына қарай оның дауыс саны қанағаттандырылған талаптар сомасына азаяды.

Қорытынды есепті келісу мәселесі қаралған жағдайда, осы тармақтың бесінші бөлігінің күші кредиторлар жиналысының заңдылығын айқындау және оның шешім қабылдауы кезінде қолданылмайды.

4. Кредиторлар жиналысы шешімдер қабылдаған кезде:

1) осы Заңның 72-бабының 3-тармағына және 90-бабының 5-тармағына сәйкес дауыс беру құқығынан айырылған кредиторлардың;

2) қалған кредиторлардың талаптары толық қанағаттандырылғанға дейін борышкерге қатысты үлестес тұлғалар болып табылатын кредиторлардың дауыс беру құқығы жоқ.

Жиналыс шешім қабылдаған кезде кредиторлардың дауысын айқындау мақсаттары үшін кредитор дауыс беруден бас тартқан жағдайда, ол кредиторлар жиналысына қатысып отыр деп есептелмейді.

Кредитор кредиторлар жиналысына дәлелді себепсіз екі рет келмеген жағдайда, мұндай кредитордың дауыс саны кредиторлар жиналысының құқықтылығын айқындау кезінде есепке алынбайды.

Растайтын құжат болған кезде:

- 1) кредитордың не оның уәкілетті өкілінің еңбекке уақытша жарамсыздығы;
- 2) кредитордың не оның уәкілетті өкілінің кредиторлар жиналысына қатысуына кедергі келтіретін төтенше жағдайдың туындауы;
- 3) кредиторлар жиналысының шешімімен өзге де себеп дәлелді себеп ретінде танылады.

5. Әкімші, ал кредиторлар жиналысын кредиторлар комитеті ұйымдастыратын жағдайларда – кредиторлар комитетінің төрағасы кредиторлар жиналысы ашылғанға дейін жиналысқа қатысушыларды тіркеуді жүргізеді.

Кредиторлар жиналысының шешімдері хаттамамен ресімделеді.

Кредиторлар жиналысының отырысын дауыс беру құқығы бар, қатысып отырған кредиторлар арасынан сайланған төраға жүргізеді. Хаттаманы дауыс беруге құқығы бар, қатысып отырған кредиторлар арасынан сайланатын хатшы жүргізеді. Төраға мен хатшы қатысып отырған кредиторлар арасынан қарапайым көпшілік дауыспен сайланады. Хаттамаға төраға, әкімші, хатшы жиналыс өткізілген күні қол қояды және ол борышкердің мөрімен (ол болған кезде) куәландырылады.

Осы Заңның 76-бабының 10-1) және 10-2) тармақшаларында және 94-бабының 7) тармақшасында көзделген жағдайларда кредиторлар жиналысын кредиторлар комитеті ұйымдастырған кезде кредиторлар жиналысының хаттамасына әкімшінің қол қоюы талап етілмейді.

Кредиторлар жиналысының хаттамасын хатшы үш данада жасайды, олардың біреуі – оған қол қойылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға, екіншісі – кредиторлар комитетіне, үшіншісі әкімшіге беріледі.

Кредиторлар жиналысының хаттамасына:

- 1) жиналысқа қатысушыларды тіркеу ведомосының;
- 2) жиналысқа қатысушыларға танысу және (немесе) бекіту үшін ұсынылған материалдардың;
- 3) кредиторлар жиналысының өткізілетін күні мен орны туралы кредиторлардың тиісінше хабардар етілгенін куәландыратын құжаттардың;
- 4) әкімшінің немесе кредиторлар комитеті төрағасының ұйғаруы бойынша өзге де құжаттардың көшірмелері қоса берілуге тиіс.

6. Рәсімдерге қатысушылар кредиторлар жиналысының шешіміне ол қабылданған күннен бастап бір ай ішінде шағым жасай алады.

Ескерту. 26-бап жаңа редакцияда - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

26-1-бап. Оңалту жоспарын келісу

1. Оңалту жоспарын келісу кезінде кредиторлар жиналысы оған мүдделері осы жоспарда қозғалған, талаптары екінші және төртінші кезектер құрамында жеке қанағаттандырылуға жататын кредиторлардың дауыс санының елу пайызынан астамын құрайтын дауыс санына ие кредиторлар қатысқан жағдайда құқықты болады.

2. Оңалту жоспары, егер бір мезгілде:

- 1) екінші кезектегі кредиторлар дауыс санының көпшілік даусы;
- 2) төртінші кезектегі кредиторлар дауыс санының көпшілік даусы оған дауыс берсе, келісілді деп есептеледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген бір немесе екі шарт орындалмаған жағдайда, оңалту жоспары келісілмеді деп есептеледі.

Ескерту. 2-тарау 26-1-баппен толықтырылды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 29.06.2020 № 352-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

26-2-бап. Оңалту жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу

1. Оңалту жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді келісу кезінде кредиторлар жиналысы оған талаптары мұндай кредиторлармен бір кезек құрамында және (немесе) келесі кезектер құрамында қанағаттандырылуға жататын, талаптары әрбір кезек құрамында жеке қанағаттандырылуға жататын кредиторлар дауыс санының елу пайызынан астамын құрайтын дауыс санына ие кредиторларды қоса алғанда, мүдделерін оңалту жоспарына енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар қозғайтын кредиторлар қатысқан жағдайда құқықты болады.

2. Кредиторлар жиналысының оңалту жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді келісу туралы шешімін, егер оған әрбір кезек бойынша көпшілік дауыспен жеке дауыс берілсе, талаптары мұндай кредиторлармен бір кезек құрамында және (немесе) келесі кезектер құрамында қанағаттандырылуға жататын кредиторларды қоса алғанда, мүдделерін жоспарға енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар қозғайтын кредиторлар қабылдайды.

3. Осы бапта көзделген шарттар орындалмаған жағдайда, оңалту жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу келісілмеді деп есептеледі.

4. Оңалту жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді келісу бойынша жеке-жеке дауыс беруде кредиторлардың даусы тең болған кезде кредиторлар жиналысының шешімдері "талаптардың бір теңгесі – бір дауыс" қағидаты бойынша, сырттай дауыс беретіндерді қоса алғанда, кредиторлар жиналысына қатысатын кредиторлардың жалпы дауыс санының көпшілік даусымен қабылданады.

Ескерту. 2-тарау 26-2-баппен толықтырылды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

27-бап. Кредиторлар комитеті

1. Кредиторлар комитеті оңалту рәсімі және банкроттық рәсімі кезінде осы Заңда белгіленген тәртіппен құрылады.

Осы баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде көзделген, кредиторлар комитеті мүшелерінің ең аз саны туралы талапты сақтау мүмкін болмаған кезде кредиторлар комитетінің өкілеттіктерін кредиторлар жиналысы жүзеге асырады.

2. Кредиторлар комитетінің құрамын кредиторлар жиналысы қалыптастырады және бекітеді. Кредиторлар комитетіндегі мүшелердің ең аз саны үш адамнан кем болмайды.

Егер осы тармақта өзгеше көзделмесе, кредиторлар комитетінің құрамына біртекті кредиторлардың әрбір тобынан бір кредитор кіреді.

Борышкерге бірдей талаптары бар басқа кредиторлардың болмауы себебінен біртекті кредиторлар тобын құрмаған кредитор кредиторлар комитетінің құрамына кіргізілуі мүмкін.

Кредиторлар комитетінің мүшесі үлестес тұлға немесе кредиторлар жиналысында дауыс беру құқығынан айырылған тұлға болмауға тиіс.

3. Мыналар:

1) кредиторлар комитетінің құрамына кіретін кредиторлар алдындағы міндеттемелерді орындау;

2) кредиторға кредиторлар комитетінің құрамында болуға кедергі болатын мән-жайлар (заңды күшіне енген сот актілері, кредитордың таратылуы не қайтыс болуы және басқалары);

3) үлестес тұлғалардың анықталуы;

4) кредиторлар комитетінің отырыстарына кредиторлар комитеті мүшесінің осы Заңның 26-бабының 4-тармағы төртінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген дәлелсіз себеппен екі реттен көп қатыспауы кредиторлар комитетінің қалыптастырылған және бекітілген құрамына өзгерістер енгізудің негіздері болып табылады.

4. Кредиторлар комитетінің отырысын өткізу туралы хабарламаны әкімші отырыс өткізілетін күнге дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей, пошта арқылы тапсырысты хатпен жібереді.

Осы баптың 1-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайда кредиторлар комитетінің өкілеттіктерін кредиторлар жиналысы жүзеге асырған кезде кредиторлар жиналысының отырысын өткізу туралы хабарлама осы бапта көзделген тәртіппен жіберіледі.

5. Кредиторлар комитетінің өкілеттіктері осы Заңның 76 және 94-баптарында көзделген.

Ескерту. 27-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

28-бап. Кредиторлар комитетінің шешімдер қабылдауы

1. Кредиторлар комитетінің отырысы комитет мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды болып табылады.

2. Кредиторлар комитетінің шешімі "комитеттің бір мүшесі – бір дауыс" қағидаты бойынша кредиторлар комитеті мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыс беру рәсімінде дауыстар тең болған кезде кредиторлар комитетінің төрағасына шешуші дауыс құқығы беріледі.

3. Кредиторлар комитетінің отырысы хаттамамен ресімделеді.

Хаттамада отырыстың өткізілген күні мен орны, кредиторлар комитетінің дауыс беруге қатысқан мүшелері, күн тәртібі, дауыс беру нәтижелері мен қабылданған шешімдер туралы мәліметтер қамтылуға тиіс. Хаттамаға кредиторлар комитетінің дауыс беруге қатысқан барлық мүшесі, әкімші қол қояды және ол борышкердің мөрімен (ол болған кезде) куәландырылады.

Әкімші хаттамаға қол қойылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны уәкілетті органға, кредиторлар комитетінің мүшелеріне жібереді. Хаттаманың бір данасы әкімшіде болады.

4. Кредиторлардың, борышкер – дара кәсіпкердің, борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесінің (ол уәкілеттік берген тұлғаның), құрылтайшыларының (қатысушыларының) кредиторлар комитетінің отырысына қатысуға құқығы бар.

5. Осы Заңның 27-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайда кредиторлар комитетінің өкілеттіктерін кредиторлар жиналысы жүзеге асырған кезде кредиторлар жиналысы шешімдерді осы бапта көзделген тәртіппен қабылдайды.

6. Рәсімдерге қатысушылар кредиторлар комитетінің шешіміне ол қабылданған күннен бастап бір ай ішінде шағым жасауы мүмкін.

Ескерту. 28-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-1-тарау. Берешекті қайта құрылымдау рәсімі

Ескерту. Заң 2-1-тараумен толықтырылды - ҚР 13.11.2015 № 399-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

28-1-бап. Берешекті қайта құрылымдау туралы шешім қабылдау

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, борышкер оңалту немесе банкроттық туралы сот қозғаған істер болмаған жағдайда, осы Заңның 5-1-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалатын уақытша төлем қабілетсіздігі туындаған кезде өз берешегін қайта құрылымдау туралы шешім қабылдауға құқылы.

2. Борышкер уақытша төлем қабілетсіздігін куәландыратын құжаттарды қоса бере отырып, берешекті қайта құрылымдау туралы өтінішпен сотқа жүгінеді.

Борышкер сотқа өтініш берген кезде бір мезгілде кредиторларды хабардар етеді.

Бұл ретте егер:

берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді бекітуден бас тарту туралы сот ұйғарымы заңды күшіне енген;

берешекті қайта құрылымдау туралы келісім жасаспаған жағдайда осы Заңның 28-3-бабының 1-тармағында белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап бір жыл өтпесе, борышкердің сотқа осындай өтінішпен жүгінуге құқығы жоқ.

3. Сот борышкердің берешекті қайта құрылымдау туралы өтініші қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде мына шешімдердің бірін шығарады:

1) берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолдану туралы;

2) берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолданудан бас тарту туралы.

Борышкердің уақытша төлем қабілетсіздігін куәландыратын құжаттарды ұсынбауы не оңалту немесе банкроттық туралы сот қозғаған істердің болуы борышкердің берешегін қайта құрылымдау рәсімін қолданудан соттың бас тартуына негіз болып табылады.

4. Берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолдану туралы сот шешімі дереу орындауға жатады.

5. Борышкер сот қабылдаған шешім туралы уәкілетті органды және кредиторларды дереу хабардар етеді.

6. Уәкілетті орган хабарламаны алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде уәкілетті органның интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде борышкерге қатысты берешекті қайта құрылымдау рәсімі қолданылғаны туралы хабарландыруды орналастырады.

Ескерту. 28-1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

28-2-бап. Берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолдану салдарлары

Борышкерге қатысты берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолдану туралы сот шешімі шығарылған күннен бастап мынадай салдарлар туындайды:

1) борышкердің барлық берешек түрлері бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұлдарды, айыппұлдарды) есептеу тоқтатылады;

2) кредиторға (кредиторларға) берешекті қайта құрылымдау туралы келісім жасасу кезеңінде борышкерді банкрот деп тану туралы сотқа өтініш беруге тыйым салынады;

3) борышкерге мүлікті иеліктен шығару бойынша қандай да бір мәмілелер жасасуға тыйым салынады.

Ескерту. 28-2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

28-3-бап. Берешекті қайта құрылымдау туралы келісім

1. Берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап екі ай ішінде борышкер барлық кредиторлармен берешекті қайта құрылымдау туралы келісім жасасуға міндетті.

2. Берешекті қайта құрылымдау туралы келісімде келісімнің шарттары, борышкердің кредитор (кредиторлар) алдындағы міндеттемелерін орындау тәртібі, тәсілдері мен мерзімдері туралы ережелер қамтылуға тиіс.

Берешекті қайта құрылымдау туралы келісім үш жылдан аспайтын мерзімге жасалады.

2-1. Егер берешекті қайта құрылымдау туралы келісім жасалған кезде мемлекеттік орган кредиторлардың бірі болып әрекет етсе, берешекті қайта құрылымдау туралы келісім мұндай мемлекеттік орган алдында берешекті бөліп өтеу шарттарымен келісім бекітілген күннен бастап үш жылдан аспайтын мерзімге жасалуы мүмкін.

Салықтық берешек осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптары сақталған жағдайда борышкердің және (немесе) үшінші тұлғаның мүлік кепілімен және (немесе) банктің кепілдігімен өтеледі.

Кепілге берілетін мүлік өтімді, жоғалудан немесе бүлінуден сақтандырылған болуға тиіс және оның нарықтық құны салықтық берешек сомасынан кем болмауға тиіс.

Мыналар:

- 1) тіршілікті қамтамасыз ету объектілері;
- 2) энергияның электр, жылу және өзге де түрлері;
- 3) тыйым салынған мүлік;
- 4) мемлекеттік органдар салған шектеулері бар мүлік;
- 5) үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынған мүлік;
- 6) тез бұзылатын шикізат, тамақ өнімдері кепіл нысанасы болмайды.

3. Берешекті қайта құрылымдау туралы келісімде көзделген құқықтар мен міндеттерді өзіне қабылдайтын үшінші тұлғалардың берешекті қайта құрылымдау туралы келісімге қатысуына рұқсат беріледі.

4. Берешекті қайта құрылымдау туралы келісім:

1) борышкер міндеттемелерінің орындалуын кейінге қалдыру және (немесе) мерзімін ұзарту;

- 2) борышкердің талап ету құқықтарын басқаға беру;
- 3) борышты толық немесе ішінара кешіру;
- 4) тұрақсыздық айыбын (өсімпұлдарды, айыппұлдарды) есептен шығару;
- 5) алынған қарыздар бойынша сыйақы мөлшерін азайту;

6) кредитордың (кредиторлардың) талаптарын Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қанағаттандыру шарттарымен жасалуы мүмкін.

5. Берешекті қайта құрылымдау туралы келісім жазбаша нысанда қазақ және орыс тілдерінде жасалады және оған борышкер – дара кәсіпкер, борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген тұлға), құрылтайшысы (қатысушысы) және әрбір кредитор қол қояды.

Кредитор келісімнің шарттарымен келіспеген кезде мұндай келісім жасалмайды.

Келісім жасалмаған кезде берешекті қайта құрылымдау рәсімі аяқталған болып есептеледі және мыналарға:

1) осы Заңның 28-2-бабының 1) тармақшасына сәйкес басталған салдарлардың күші – сот берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолдану туралы шешім қабылдаған күннен бастап;

2) осы Заңның 28-2-бабының 2) және 3) тармақшаларына сәйкес басталған салдарлардың күші – осы баптың 1-тармағында белгіленген берешекті қайта құрылымдау туралы келісім жасасу мерзімі аяқталған күннен бастап тоқтатылады.

Ескерту. 28-3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

28-4-бап. Берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді соттың бекітуі

1. Осы Заңның 28-3-бабының 1-тармағында белгіленген мерзімнен кешіктірмей борышкер өзінің берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді бекіту туралы өтінішпен сотқа жүгінеді.

2. Берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді бекіту туралы өтінішке борышкер:

1) борышкер – дара кәсіпкер, борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген тұлға), құрылтайшысы (қатысушысы) және әрбір кредитор қол қойған, берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді;

2) барлық кредитордың тұрғылықты жерін немесе тұрған жерін, сондай-ақ берешек сомаларын көрсете отырып, олардың тізімін қоса береді.

3. Борышкердің берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді бекіту туралы өтінішін қарау нәтижелері бойынша сот мына ұйғарымдардың бірін шығарады:

1) берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді бекіту туралы;

2) берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді бекітуден бас тарту туралы.

4. Борышкердің берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді бекітуден соттың бас тартуы үшін:

1) кредиторлардың және (немесе) үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы;

2) берешекті қайта құрылымдау туралы келісімнің Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келуі негіз болып табылады.

5. Берешекті қайта құрылымдау туралы келісім борышкердің, кредитордың (кредиторлардың) және (немесе) келісімге қатысқан үшінші тұлғалардың мұндай келісімді бекіту туралы сот ұйғарымы заңды күшіне енген күнінен бастап орындалуға міндетті болып табылады.

6. Сот келісімді бекітуден бас тартқан жағдайда, борышкердің берешегін қайта құрылымдау рәсімі аяқталған болып есептеледі және мыналарға:

1) осы Заңның 28-2-бабының 1) тармақшасына сәйкес басталған салдарлардың күші – сот берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолдану туралы шешім қабылдаған күннен бастап;

2) осы Заңның 28-2-бабының 2 және 3) тармақшаларына сәйкес басталған салдарлардың күші – берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді бекітуден бас тарту туралы сот ұйғарымы заңды күшіне енген күннен бастап тоқтатылады.

7. Кредитор (кредиторлар) мынадай:

1) борышкер мұндай келісімнің шарттарын бұзған;

2) осы Заңның 28-3-бабының 1-тармағында белгіленген мерзімде берешекті қайта құрылымдау туралы келісім жасамаған жағдайларда, берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді бұзу туралы өтінішпен сотқа жүгінуге құқылы.

8. Осы Заңның 28-3-бабының 3-тармағында көрсетілген үшінші тұлғалар борышкер берешекті қайта құрылымдау туралы келісімнің шарттарын бұзған жағдайда осындай келісімді бұзу туралы өтінішпен сотқа жүгінуге құқылы.

8-1. Келісім бұзылған жағдайда берешекті қайта құрылымдау рәсімі аяқталған болып есептеледі, ал осы Заңның 28-5-бабына сәйкес басталған салдарлардың күші берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді бұзу туралы сот ұйғарымы заңды күшіне енген күннен бастап тоқтатылады.

9. Кредитордың (кредиторлардың) берешекті қайта құрылымдау туралы келісім қолданылған кезең ішінде егер борышкер мұндай келісімнің барлық шарттарын сақтаған жағдайда, борышкерді банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінуге құқығы жоқ.

Ескерту. 28-4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

28-5-бап. Берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді соттың бекітуінің салдары

Берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді бекіту туралы сот ұйғарымы заңды күшіне енген күннен бастап мынадай салдарлар басталады:

1) борышкер берешегінің барлық түрлері бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұлдарды, айыппұлдарды) есептеу және сыйақы (мүдде) тоқтатылады;

2) борышкердің шоттары бойынша мемлекеттік органдар қойған барлық шектеулер оларды қойған тиісті органдардың шешім қабылдауынсыз алып тасталады;

3) төлеу мерзімі берешекті қайта құрылымдау туралы келісім жасасқаннан кейін басталған, моральдық зиянды өтеу туралы талаптарды есепке алмай, өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін борышкер жауаптылықта болатын азаматтарға төленетін төлемдерді қоспағанда, соттардың бұрын қабылданған шешімдерін, төрелік шешімдерін орындау тоқтатылады;

4) борышкердің мүлкіне жаңадан тыйым салуға және оның мүлкіне билік етуге өзге де шектеулер қоюға мәмілені жарамсыз деп тану және мүлікті өзгенің заңсыз иеленуінен алуды талап ету туралы борышкерге қойылған талап қоюлар бойынша ғана жол беріледі.

Ескерту. 28-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 08.04.2016 № 489-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3-тарау. ЖЕДЕЛДЕТІЛГЕН ОҢАЛТУ РӘСІМІ

Ескерту. 3-тарау алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4-тарау. ОҢАЛТУ НЕМЕСЕ БАНКРОТТЫҚ ТУРАЛЫ ІСТЕРДІ СОТ ТӘРТІБІМЕН ҚАРАУ

38-бап. Оңалту және банкроттық туралы істі қозғау тәртібі

1. Сотта оңалту туралы іс бойынша іс жүргізу осы Заңның 5-1-бабында көзделген негіздер болған кезде, салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредиторды, мемлекеттік органды немесе мемлекет қатысатын заңды тұлғаны қоспағанда, борышкердің немесе кредитордың (кредиторлардың) өтініші негізінде қозғалады.

Борышкердің банкроттық туралы істі қозғау туралы сот ұйғарымының көшірмесін алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішті сотқа жіберуге де құқығы бар.

2. Сотта банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізу осы Заңның 5-бабында көзделген негіздер болған кезде борышкердің, кредитордың (кредиторлардың), осы Заңның 47-бабында көзделген жағдайларда прокурордың, осы Заңның 83-бабының 2-тармағында көзделген жағдайда оңалтуды басқарушының өтініші негізінде қозғалады.

3. Сот оңалту рәсімін қолдану туралы немесе борышкерді банкрот деп тану туралы өтінішті іс жүргізуге қабылдау туралы ұйғарым шығарған күннен бастап оңалту немесе банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалды деп есептеледі.

4. Борышкер, оңалтуды басқарушы берген, банкрот деп тану туралы өтініш соттың тиісті шешімінсіз қайтарып алынбайды. Кредитордың (кредиторлардың), прокурордың өтініштерін олар борышкерді банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін қайтарып алуы мүмкін.

Ескерту. 38-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

39-бап. Оңалту немесе банкроттық туралы іске қатысушы тұлғалар

Мыналар:

- 1) борышкер;
- 2) кредиторлар;
- 3) кредиторлардың еңбекақы төлеу жөніндегі өкілі;
- 4) прокурор;

5) борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), құрылтайшысы (қатысушысы);

6) уәкілетті орган;

7) әкімші оңалту немесе банкроттық туралы іске қатысушы тұлғалар бола алады.

8) алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 39-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

40-бап. Борышкердің өтініші

1. Борышкер:

- 1) заңды тұлғаның құрылтайшылық құжаттарымен уәкілеттік берілген органының;
- 2) борышкер – дара кәсіпкердің, борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесінің (ол уәкілеттік берген органның), құрылтайшысының (қатысушысының) шешімі негізінде оңалту рәсімін қолдану немесе өзін банкрот деп тану туралы сотқа жүгінеді.

2. Борышкер осы Заңның 11-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында белгіленген жағдайда өзін банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінуге міндетті.

Ескерту. 40-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

41-бап. Борышкер өтінішінің нысаны мен мазмұны

1. Борышкердің өтініші сотқа жазбаша нысанда немесе электрондық құжат нысанында беріледі. Оған борышкер – заңды тұлғаның басшысы не құрылтай құжаттарына сәйкес оны алмастыратын адам, не борышкер – дара кәсіпкер қол қояды.

2. Борышкердің өтініші:

- 1) өтініш берілетін соттың атауын;
- 2) кредиторлар талаптарын қанағаттандырудың мүмкін еместігінің негіздемесін;
- 3) онда бар мүлік, оның ішінде кепіл ауыртпалығы салынған, мүліктік жалдаудағы (жалға алудағы) және (немесе) лизингідегі мүлік, банктік шоттардағы ақша, шоттардың

нөмірлері және банктердің орналасқан жері туралы мәліметтерді, орналасқан жерлері мен берешек сомалары көрсетілген дебиторлар тізбесін;

4) орындалу мерзімі басталмаған міндеттемелері туралы мәліметтерді;

5) қызметінің табиғи монополия саласына қатысы туралы ақпаратты;

5-1) өзімен уақытша басқарушының немесе уақытша әкімшінің өкілеттіктерін жүзеге асыру туралы келісім жасалған адамның тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) немесе тұлғаның атауын, жеке сәйкестендіру нөмірін немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірін;

6) қоса берілетін құжаттар тізбесін қамтуға тиіс.

Борышкердің өтінішінде, егер банкроттық немесе оңалту туралы істі қарау үшін қажет болса, өзге де мәліметтер, сондай-ақ өтініш берушіде бар өтінішхаттар көрсетілуі мүмкін.

Борышкер сотқа өтініш берумен бір мезгілде уәкілетті органға өтініштің және оған қоса берілетін құжаттардың көшірмелерін жіберуге міндетті.

Ескерту. 41-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 28.12.2016 № 34-VI (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

42-бап. Борышкердің өтінішіне қоса берілетін құжаттар

1. Борышкерді банкрот деп тану туралы оның өтінішіне:

1) мемлекеттік баждың белгіленген тәртіппен және мөлшерде төленгенін;

2) осы Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес борышкердің өзін банкрот деп тану туралы өтінішпен жүгінуіне негіз болып табылатын орнықты төлем қабілетсіздігін;

3) борышкердің өтініші негізделетін өзге де мән-жайларды растайтын құжаттар қоса беріледі.

2. Борышкерді банкрот деп тану туралы оның өтінішіне сондай-ақ:

1) борышкердің өзін банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінуіне негіз болып табылатын, борышкер – дара кәсіпкердің, борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесінің (ол уәкілеттік берген органның), құрылтайшысының (қатысушысының) шешімі;

2) өтініш берілген күнге және өтініш берілген жылдың басындағы, сондай-ақ осы Заңда көзделген жағдайда, өтініш берілген жылдың алдындағы жылдың басындағы қаржылық есептілік, тиісті берешектің сомалары мен түзілген күні көрсетіле отырып, барлық кредитор мен дебитордың тізбесі (жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі, тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және (немесе) толық атауы, заңды мекенжайы);

3) еңбекке ақы төлеу бойынша кредиторлардың (осындай кредиторлар бар болған кезде) банкроттық туралы іске қатысу үшін олардың өкілі жасырын дауыс беру арқылы сайланған жиналысының (конференциясының) хаттамасы;

4) құрылтайшылық құжаттарының көшірмелері;

5) егер борышкер табиғи монополия субъектісі болып табылса, табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның борышкердің өзін банкрот деп тану туралы сотқа жүгінуі туралы жазбаша хабарламасын алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ұсынатын қорытындысы;

6) алып тасталды - ҚР 28.12.2016 № 34-VI (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7) соттар іс жүргізуге қабылдаған, борышкерге қатысты талап қоюлар, сот бұйрығын шығару туралы өтініштер, сондай-ақ даусыз (акцептісіз) есептен шығаруға қойылған талаптар туралы мәліметтер;

8) борышкер мен әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлға арасында жасалған, уақытша басқарушының өкілеттіктерін жүзеге асыру туралы келісімнің көшірмесі қоса беріледі.

3. Оңалтуды басқарушының оңалту рәсімін тоқтату, борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату туралы өтінішіне кредиторлар жиналысының хаттамасы, сондай-ақ борышкердің қаржылық орнықтылықтың III сыныбына жататындығы және оны банкрот деп тану үшін негіздердің бар екендігі туралы қорытынды қоса беріледі.

4. Борышкердің оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішіне:

1) мемлекеттік баждың белгіленген тәртіппен және мөлшерде төленгенін;

2) борышкердің осы Заңның 5-1-бабының 1-тармағына сәйкес оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішпен жүгінуіне негіз болып табылатын уақытша төлем қабілетсіздігін;

3) борышкердің өтініші негізделетін өзге де мән-жайларды растайтын құжаттар қоса беріледі.

5. Борышкердің оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішіне сондай-ақ:

1) борышкердің оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішпен сотқа жүгінуіне негіз болып табылатын, борышкер – дара кәсіпкердің, борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесінің (ол уәкілеттік берген органның), құрылтайшысының (қатысушысының) шешімі;

2) өтініш берілген күнге және өтініш берілген жылдың басындағы, сондай-ақ осы Заңда көзделген жағдайда, өтініш берілген жылдың алдындағы жылдың басындағы қаржылық есептілік, тиісті берешектің сомалары мен түзілген күні көрсетіле отырып, барлық кредитор мен дебитордың тізбесі (жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі, тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және (немесе) толық атауы, заңды мекенжайы);

3) соттар іс жүргізуге қабылдаған, борышкерге қатысты қуынымдар туралы, сондай-ақ даусыз (акцептісіз) есептен шығаруға қойылған талаптар туралы мәліметтер;

4) құрылтайшылық құжаттарының көшірмелері;

5) борышкер мен әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлға арасында жасалған, уақытша әкімшінің өкілеттіктерін жүзеге асыру туралы келісімнің көшірмесі қоса беріледі.

6. Осы Заңның 95-1-бабы 4-тармағында көзделген жағдайда борышкердің оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішіне:

1) осы Заңның 95-1-бабында көзделген тәртіппен келісілген оңалту жоспары;

2) оңалту жоспарын келісу туралы кредиторлар жиналысының хаттамасы;

3) оңалту жоспарында көзделген іс-шараларды іске асыру ескеріле отырып, борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы банкроттықты басқарушының қорытындысы қоса беріледі.

Ескерту. 42-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 13.11.2015 № 399-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2016 № 34-VI (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

43-бап. Борышкер өтінішінің қаралмай қайтарылуы

Ескерту. 43-бап алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

44-бап. Кредитордың (кредиторлардың) өтініші

1. Банкроттық немесе оңалту туралы іс азаматтық-құқықтық және өзге де міндеттемелер бойынша кредитордың (кредиторлардың), сондай-ақ Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес кредиторлар синдикатына қатысушылардың атынан және мүдделерінде әрекет етуді жүзеге асыратын банк-агенттің өтініші негізінде қозғалуы мүмкін.

2. Кредитордың (кредиторлардың) өтінішінде:

1) өтініш беріліп отырған соттың атауы;

2) борышкердің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) немесе атауы, тұрған жері;

3) кредитор (кредиторлар) – жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), тұрғылықты жері немесе кредитор (кредиторлар) – заңды тұлғаның атауы, тұрған жері;

4) борышкердің кредитор (кредиторлар) алдындағы оның талабы туындаған міндеттемесі, бұл міндеттеменің орындалу мерзімі;

5) осы кредитордың (кредиторлардың) борышкерге қойған талаптарының мәні мен сомасы;

6) міндеттеме бойынша берешектің және осы сомаға есептелген сыйақының (мүдденің), борышкерден өндіріп алуға жататын тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) және залалдың сомасы;

7) кредитор (кредиторлар) талаптарының белгіленген құқықтық негіздері (борышкерден ақшаны өндіріп алу туралы заңды күшіне енген сот актісі немесе атқарушылық құжат, борышкердің борышты мойындауы, егер салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредитор өтініш беруші болып табылған жағдайда – Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасында көзделген тәртіппен салықтық берешекті, сондай-ақ кедендік төлемдер, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, пайыздар бойынша берешекті мәжбүрлеп өндіріп алудың барлық шарасын қабылдау туралы мәліметтер);

8) борышкердегі мүлік туралы кредиторға (кредиторларға) белгілі мәліметтер;

9) алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

10) қоса берілетін құжаттар тізбесі;

11) уақытша басқарушының немесе уақытша әкімшінің өкілеттіктерін жүзеге асыру туралы келісім жасасқан адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) немесе тұлғаның атауы, жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетілуге тиіс.

Егер салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредитор не мемлекеттік орган немесе мемлекет қатысатын заңды тұлға өтініш беруші болып табылған жағдайда, уақытша басқарушының кандидатурасын таңдау уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады;

12) егер банкроттық немесе оңалту туралы істі қарау үшін қажет болса, өзге де мәліметтер көрсетілуге тиіс.

3. Кредитор (кредиторлар) сотқа өтініш берумен бір мезгілде өтініштің және оған қоса берілетін құжаттардың көшірмелерін борышкерге, уәкілетті органға жіберуге міндетті.

4. Алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 44-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

45-бап. Кредитордың өтінішіне қоса берілетін құжаттар

1. Кредитордың борышкерді банкрот деп тану туралы өтінішіне:

1) мемлекеттік баждың белгіленген тәртіппен және мөлшерде төленгенін;

2) кредитордың өтініші мен оған қоса берілетін құжаттар көшірмелерінің борышкерге және уәкілетті органға жіберілгенін;

3) борышкердің кредитор алдындағы міндеттемелерін, сондай-ақ осы міндеттемелер бойынша берешектің бар екендігін және сомасын;

4) кредитор талаптарының (атқару құжаттары, соттың шешімі немесе кредитор талаптарын борышкердің жазбаша түрде тануы) негізділігін;

5) алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

6) кредитордың өтініші негізделетін өзге де мән-жайларды (бар болған кезде) растайтын құжаттар қоса беріледі.

Кредитордың өтінішіне кредитор мен әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлға арасында жасалған, уақытша басқарушының өкілеттіктерін жүзеге асыру туралы келісімнің көшірмесі қоса беріледі.

Егер салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредитор не мемлекеттік орган немесе мемлекет қатысатын заңды тұлға өтініш беруші болып табылған жағдайда, уақытша басқарушының өкілеттіктерін жүзеге асыру туралы келісім жасалмайды.

2. Алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Оңалту рәсімін қолдану туралы кредитордың (кредиторлардың) өтінішіне:

1) белгіленген тәртіппен және мөлшерде мемлекеттік баждың төленгенін;

2) борышкерге өтініш пен оған қоса берілген құжаттардың көшірмелерінің жіберілгенін;

3) борышкердің кредитор алдындағы міндеттемелерін, сондай-ақ осы міндеттемелер бойынша берешектің бар екендігін және сомасын;

4) алып тасталды - ҚР 22.04.2015 № 308-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) кредитор өтініші негізделетін өзге де мән-жайларды (болған кезде) растайтын құжаттар қоса беріледі.

4. Кредиторлар синдикатына қатысушылардың атынан және мүдделерінде әрекет етуді жүзеге асыратын банк-агенттің өтінішіне осындай қатысушылардың Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасында көзделген тәртіппен қабылданған борышкерді банкрот деп тану немесе оңалту рәсімін қолдану туралы арызбен сотқа жүгіну туралы шешімі қоса беріледі.

Ескерту. 45-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 22.04.2015 № 308-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

45-1-бап. Борышкердің немесе кредитордың (кредиторлардың) өтінішін қараусыз қайтару

1. Борышкердің оңалту рәсімін қолдану немесе банкрот деп тану туралы, осы Заңның 41 және 42-баптарында көзделген талаптарға сәйкес келмейтін өтінішпен сотқа жүгінуі соттың өтінішті қараусыз қайтаруына негіз болып табылады.

2. Борышкер үшін банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгіну осы Заңға сәйкес міндетті болып табылатын және қажетті құжаттар өтінішке қоса берілмеген жағдайларда, мұндай өтінішті сот іс жүргізуге қабылдайды, ал жетіспейтін құжаттарды сот талқылауына істі дайындау тәртібімен сот талап етеді.

3. Кредитордың (кредиторлардың) осы Заңның 44 және 45-баптарында көзделген талаптарға сәйкес келмейтін өтінішін сот қараусыз қайтарады.

Ескерту. 4-тарау 45-1-баппен толықтырылды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

46-бап. Бір немесе бірнеше кредитордың талаптарын біріктіру

1. Кредитор әртүрлі міндеттемелер бойынша борышкерге қойылған бірнеше талапты бір өтінішке біріктіруге құқылы.

2. Кредиторлар борышкерге қойған өздерінің талаптарын біріктіруге және сотқа бір өтінішпен жүгінуге құқылы. Мұндай өтінішке өздерінің талаптарын біріктірген кредиторлар қол қояды.

47-бап. Прокурордың өтініші

1. Прокурор:

1) ол әдейі банкроттық белгілерін анықтағанда;

2) кредитор – Қазақстан Республикасының, мемлекеттік органдардың мүдделерінде борышкерді банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінеді.

2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе немесе құқықтық қатынастардың мәнінен туындамаса, прокурордың өтініші сотқа осы Заңда кредитордың өтінішіне қатысты көзделген талаптар сақтала отырып беріледі.

48-бап. Оңалту немесе банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау

1. Осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес келетін, оңалту рәсімін қолдану немесе борышкерді банкрот деп тану туралы өтінішті ала отырып, сот өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, ал осы Заңның 53-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда, банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуді тоқтату

туралы ұйғарым шығарылған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей іс қозғау туралы ұйғарым шығарады.

Іс қозғау туралы ұйғарым мүлікке құқықтарды тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың және өзге де органдардың, сондай-ақ "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының осы Заңның 50-бабының 1-тармағында көзделген шектеулерді қолдану жөніндегі міндетін қамтуға тиіс.

1-1. Сот, егер өтініш оңалту рәсімін қолданудан бас тарту туралы сот шешімі немесе оңалту рәсімін тоқтату туралы сот ұйғарымы заңды күшіне енген күннен бастап екі жыл өткенге дейін берілген жағдайда, оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішті қайтарады.

2. Іс қозғау туралы сот ұйғарымының көшірмелерін сот борышкерге, өтініш берушіге, уәкілетті органға, мүлікке құқықтарды тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға және өзге де органдарға, сондай-ақ "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына, борышкер тұрған жердегі жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына және аумақтық әділет органына жібереді.

3. Уәкілетті орган, егер салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредитор не мемлекеттік орган немесе мемлекет қатысатын заңды тұлға өтініш беруші болып табылса, сот банкроттық туралы іс қозғау туралы ұйғарым шығарған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде уақытша басқарушыны тағайындайды.

4. Алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 48-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) ; 07.04.2016 № 487-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

49-бап. Уақытша әкімшінің және уақытша басқарушының борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытындысы

1. Борышкердің қаржылық жағдайы туралы мәліметтер жинауды жүзеге асыру нәтижелері бойынша уақытша басқарушы банкроттық туралы істі сотта қарау кезеңінде борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытынды жасайды, ол төменде санамаланған тұжырымдардың бірін қамтиды:

- 1) борышкер қаржылық орнықтылықтың I сыныбына жатады, банкрот деп тану туралы өтініш негізсіз болып табылады;
 - 2) борышкер қаржылық орнықтылықтың II сыныбына жатады, борышкерді банкрот деп тану үшін негіздер жоқ, бірақ оңалту рәсімін қолдану үшін негіздер бар;
 - 3) борышкер қаржылық орнықтылықтың III сыныбына жатады, оны банкрот деп тану үшін негіздер бар.
2. Осы баптың 1-тармағында көзделген, борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытынды, егер:
- 1) борышкерде өтініш берушіден бөлек, басқа кредиторлар болмаған жағдайда жасалмайды.
- Осы тармақшаның ережелері салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредитор немесе "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес атқарушылық құжат қайтарылған кредитор өтініш беруші болып табылатын жағдайларға қолданылмайды;
- 2) борышкер уақытша басқарушыға есепке алу құжаттамасына қол жеткізуге рұқсат бермеген жағдайда жасалмайды.
3. Уақытша басқарушы сот банкроттық туралы іс қозғау туралы ұйғарым шығарған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, ал егер салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредитор не мемлекеттік орган немесе мемлекет қатысатын заңды тұлға өтініш беруші болып табылған жағдайда, өзі тағайындалған күннен бастап:
- 1) осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда – борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытынды жасаудың орынсыздығы туралы;
 - 2) осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда – борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытынды жасаудың мүмкін еместігі туралы акт жасайды.
4. Оңалту туралы істі сотта қарау кезеңінде борышкердің қаржылық жағдайы туралы мәліметтер жинауды жүзеге асыру нәтижелері бойынша уақытша әкімші борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытынды жасайды, ол төменде санамаланған тұжырымдардың бірін қамтиды:
- 1) борышкер қаржылық орнықтылықтың I сыныбына жатады, оңалту рәсімін қолдану туралы өтініш негізсіз болып табылады;
 - 2) борышкер қаржылық орнықтылықтың II сыныбына жатады, оңалту рәсімін қолдану үшін негіздер бар;
 - 3) борышкер қаржылық орнықтылықтың III сыныбына жатады, оны банкрот деп тану үшін негіздер бар.

5. Борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытындыны уақытша әкімші және уақытша басқарушы осы Заңның 49-1-бабының ережелерін ескере отырып жасайды.

Ескерту. 49-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

49-1-бап. Қаржылық орнықтылық сыныптарын айқындау

1. Борышкердің қаржылық орнықтылық сыныбын айқындау оның қаржылық-шаруашылық қызметінің тиімділігін сипаттайтын коэффициенттерді есептеу арқылы жүзеге асырылады.

2. Қаржылық орнықтылық сыныбының шекараларына сәйкес борышкер мына сыныптардың біріне жатады: I сынып – қаржылық жағынан орнықты; II сынып – банкроттық қатерімен ұштасқан, бірақ қаржылық орнықтылығын қалпына келтіру мүмкіндігі бар; III сынып – қаржылық жағынан орнықсыз.

3. Коэффициенттерді есептеу және қаржылық орнықтылық сыныптарының шекараларын айқындау тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Ескерту. 4-тарау 49-1-баппен толықтырылды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

50-бап. Оңалту немесе банкроттық туралы іс бойынша іс қозғаудың салдарлары

1. Оңалту немесе банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы ұйғарым шығарылған күннен бастап:

1) борышкер – дара кәсіпкерге, заңды тұлға мүлкінің меншік иесіне, құрылтайшысына (қатысушысына), барлық органдарына мүлікті кәдімгі коммерциялық операциялар шеңберінен тыс пайдалануға және өткізуге тыйым салынады;

2) моральдық зиянның орнын толтыру туралы талаптарды есепке алмағанда, өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін борышкер жауаптылықта болатын азаматтарға төленетін төлемдерді қоспағанда, борышкердің мүлкіне қатысты бұрын қабылданған соттардың шешімдерін, төреліктің шешімдерін, мемлекеттік кіріс органдарының, сондай-ақ борышкер меншік иелерінің (құрылтайшыларының, қатысушыларының), олар уәкілеттік берген органдардың немесе органдарының шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады;

2-1) борышкер берешегінің барлық түрі бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды, айыппұлдарды) есепке жазу тоқтатыла тұрады;

3) үшінші тұлғалардың кепілдіктер мен кепілгерліктерді орындау бойынша талаптарын қоспағанда, кредиторлардың борышкерге қоятын кез келген талаптары осы Заңда көзделген оңалту немесе банкроттық рәсімдері шегінде ғана қойылуы, сондай-ақ үшінші тұлғалар кепіл беруші болған жағдайларда, кепіл тұрғысында өндіріп алуға қойылуы мүмкін;

4) кредиторлардың, мемлекеттік кіріс органы мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеуді және (немесе) жинауды жүзеге асыратын өзге де уәкілетті мемлекеттік органның талаптары, оның ішінде даусыз (акцептісіз) тәртіппен қанағаттандырылуға жататын талаптары бойынша борышкердің банктік шоттарынан ақша өндіріп алуға, сондай-ақ борышкердің мүлкіне өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді;

5) борышкердің акцияларын, жарғылық капиталындағы үлестерін иеліктен шығаруға тыйым салынады.

2. Сот Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және борышкердің тұрған жері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте таратылатын, белгіленген тәртіппен заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында, оның ішінде соттың интернет-ресурсында да оңалту туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы хабарландыруды қазақ және орыс тілдерінде бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жариялауға міндетті.

Хабарландыруды жариялау оңалту рәсімін қолдану туралы өтініш берген борышкердің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 50-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.04.2016 № 489-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

51-бап. Кредиторлар талаптарын қамтамасыз ету

Сот кредитордың, прокурордың не іске қатысушы өзге тұлғаның өтініші бойынша кредиторлардың талаптарын қамтамасыз ету жөнінде мынадай шараларды қолдануға:

1) борышкерге тиесілі мүлікке (мүліктің бір бөлігіне), оның ішінде ақшаға тыйым салуға;

2) борышкерге оның мүлкінің азаюына әкеп соқтыруы не кредиторлардың мүдделеріне өзгеше түрде нұқсан келтіруі мүмкін іс-әрекеттер жасауға тыйым салуға;

3) өндіріп алу даусыз (акцептісіз) тәртіппен жүргізілетін атқару құжаттары немесе өзге де құжаттар бойынша өндіріп алуды тоқтата тұруға;

4) банкроттық туралы істі қарау кезеңінде борышкердің мүлкін сақтауға бағытталған өзге де әрекеттерді қолдануға құқылы.

Ескерту. 51-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

52-бап. Оңалту немесе банкроттық туралы істі сот талқылауына дайындау

1. Оңалту немесе банкроттық туралы істі сот талқылауына дайындау кезінде Қазақстан Республикасының азаматтық сот ісін жүргізу заңнамасында көзделген іс-әрекеттерден басқа сот істің сот отырысында қаралатын уақыты мен орны туралы уәкілетті органға, борышкерге, кредиторларға, прокурорға және іске қатысатын өзге де адамдарға хабарлайды.

2. Оңалту немесе банкроттық туралы істі сот талқылауына дайындау туралы ұйғарымның көшірмелері уәкілетті органға, борышкерге, кредиторларға, прокурорға және іске қатысатын өзге де адамдарға жіберіледі.

Ескерту. 52-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

53-бап. Банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру және қайта бастау

1. Сот борышкердің банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізу шеңберінде оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішін алып, банкроттық туралы іске бастамашылық жасаған кредитордың келісімімен, өтініш келіп түскеннен кейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру туралы ұйғарым шығарады.

2. Соттың банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру туралы ұйғарымының көшірмелерін сот борышкерге, өтініш берушіге, уәкілетті органға, жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына және борышкердің орналасқан жері бойынша аумақтық әділет органына жібереді.

3. Бұрын тоқтатыла тұрған банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуді сот осы Заңның 82-бабының 2 және 5-тармақтарында көзделген негіздер бойынша оңалту рәсімін қолданудан бас тартылған немесе ол тоқтатылған кезде қайта бастайды.

Ескерту. 53-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

54-бап. Сот талқылауы

1. Алдын ала дайындау аяқталғаннан кейін оңалту немесе банкроттық туралы іс сот талқылауына тағайындалуға тиіс, бұл жөнінде сот ұйғарым шығарады.

Оңалту немесе банкроттық туралы іс қозғалған күнінен бастап екі айдан аспайтын мерзімде сот отырысында қаралуға тиіс.

2. Борышкерді банкрот деп тану туралы өтініш берген кредитор сот отырысына келмеген жағдайда, сот өтінішті қараусыз қалдыру туралы ұйғарым шығарады.

Борышкер сот отырысына келмеген жағдайда, сот оны мәжбүрлеп келтіру туралы ұйғарым шығарады.

Ескерту. 54-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

55-бап. Оңалту немесе банкроттық туралы іс бойынша сот актілері

1. Сот оңалту немесе банкроттық туралы істі сот отырысында қарап, мынадай сот актілерінің бірін:

1) борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату туралы шешім;

2) алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) борышкерді банкрот деп танудан бас тарту туралы шешім;

4) оңалту рәсімін қолдану туралы шешім;

5) оңалту рәсімін қолданудан бас тарту туралы шешім;

5-1) борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып оны тарату туралы шешімнің күшін жою туралы ұйғарым;

5-2) банкроттық рәсімін тоқтату, оңалту рәсімін қолдану және оңалту жоспарын бекіту туралы шешім;

5-3) банкроттық рәсімін тоқтатудан, оңалту рәсімін қолданудан және оңалту жоспарын бекітуден бас тарту туралы шешім;

6) іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым;

6-1) бітімгершілік келісімін бекіту және банкроттық рәсімін тоқтату туралы ұйғарым қабылдауы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген сот шешімдері мен ұйғарымы осы Заңда көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының азаматтық сот ісін жүргізу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес болуға тиіс.

Ескерту. 55-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 13.11.2015 № 399-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

56-бап. Борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату туралы шешім

1. Борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату туралы шешімді сот уақытша басқарушының осы Заңның 49-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытындысын немесе осы Заңның 49-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында көзделген актіні ескере отырып, қабылдайды.

2. Соттың борышкерді банкрот деп тану туралы шешімінде:

- 1) банкроттық рәсімін қозғай отырып, борышкерді тарату;
- 2) борышкерді басқару құқығының уақытша басқарушыға өтуі;
- 3) шешім шығарылғанға дейін сотқа жүгінген кредиторлардың мәлімделген талаптарының сомасы;
- 4) банкроттың лауазымды адамдарының уақытша басқарушыға соттың борышкерді банкрот деп тану туралы шешімі шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде – құрылтай құжаттарын, мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, он жұмыс күні ішінде – есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, жиырма жұмыс күні ішінде банкротқа тиесілі материалдық және өзге де құндылықтарды беруі;
- 5) банкрот мүлкіне салынған барлық шектеулер мен ауыртпалықтарды (банкрот шоттарына қойылған инкассолық өкімдерді, мүлікке тыйым салуларды және басқаларды) оларды тағайындаған органдардың тиісті шешімдері қабылданбастан, әкімшінің өтініші негізінде алу туралы нұсқаулар қамтылуға тиіс.

3. Борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату туралы қазақ және орыс тілдеріндегі хабарландыруды уақытша басқарушы уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін уәкілетті органға борышкерді банкрот деп таныған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жібереді.

Уәкілетті орган хабарландыруды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оны өзінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде орналастыруға міндетті.

Борышкерді банкрот деп тану туралы жарияланымда:

- 1) борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату туралы шешім шығарған соттың атауы;
- 2) банкроттың тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) немесе атауы, жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі және орналасқан жері;
- 3) банкротты мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

Ескерту. 56-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

57-бап. Кредитордың немесе прокурордың өтініші бойынша борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғамай оны тарату туралы шешім

Ескерту. 57-бап алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

58-бап. Соттың борышкерді банкрот деп танудан бас тарту туралы шешімі

Ескерту. 58-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Борышкерді банкрот деп танудан бас тарту туралы шешімді сот уақытша басқарушының осы Заңның 49-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытындысын немесе осы Заңның 49-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көзделген актіні ескере отырып қабылдайды.

2. Сот уақытша басқарушының осы Заңның 49-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытындысын ескере отырып, борышкерді банкрот деп танудан бас тарту туралы шешім шығарған жағдайда, борышкер өтініш берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен залалдардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

3. Соттың борышкерді банкрот деп танудан бас тарту туралы шешімі кредиторларды Қазақстан Республикасының азаматтық сот ісін жүргізу туралы заңнамасында көзделген тәртіппен борышкерге өз талаптарын қою құқығынан айырмайды.

Ескерту. 58-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

59-бап. Оңалту туралы іс бойынша шешім

1. Оңалту рәсімін қолдану туралы шешімді сот уақытша әкімшінің осы Заңның 49-бабы 4-тармағының 2) тармақшасында көзделген борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытындысын ескере отырып қабылдайды.

Уақытша әкімші осы Заңның 49-бабы 4-тармағының 3) тармақшасында көзделген борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытындыны жасаған жағдайда, сот кредиторлар жиналысы келіскен кезде оңалту рәсімін қолдану туралы шешім шығарады.

2. Соттың борышкерге оңалту рәсімін қолдану туралы шешімінде:

1) оңалту рәсімін қолдану;

2) уақытша әкімшінің өкілеттігін тоқтату;

3) борышкерді оңалту жоспары бекітілгенге дейін осы Заңның 69-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында айқындалған тұлғаның басқаруы;

4) борышкердің кредиторлар жиналысымен келісілген борышкерді оңалту жоспарын оңалту рәсімін қолдану туралы шешім заңды күшіне енген күннен бастап үш айдан кешіктірілмейтін мерзімде ұсынуы;

5) оңалту рәсімін қолданудың осы Заңда көзделген салдарының басталуы туралы нұсқау қамтылуға тиіс.

3. Сот:

1) уақытша әкімші осы Заңның 49-бабы 4-тармағының 1) тармақшасында көзделген борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытындыны жасаған;

2) уақытша әкімші осы Заңның 49-бабы 4-тармағының 3) тармақшасында көзделген борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытындыны жасаған кезде кредиторлар жиналысы оңалту рәсімін қолдануға келіспеген жағдайларда, оңалту рәсімін қолданудан бас тартады.

Соттың оңалту рәсімін қолданудан бас тарту туралы шешімінде кредитордың оңалту рәсімін қолдану туралы өтініш беру салдарынан келтірілген залалдардың орнын толтыруды борышкерден талап ету құқығына нұсқау қамтылуға тиіс.

Ескерту. 59-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

59-1-бап. Банкроттық рәсімін тоқтату, оңалту рәсімін қолдану және оңалту жоспарын бекіту туралы шешім

1. Банкроттық рәсімін тоқтату, оңалту рәсімін қолдану және оңалту жоспарын бекіту туралы сот шешімін оңалту жоспарында көзделген іс-шаралардың іске асырылу қорытындысы бойынша борышкер қаржылық орнықтылықтың I сыныбына жатқызылатын, борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы банкроттықты басқарушының қорытындысын ескере отырып, осы Заңның 95-1-бабында көзделген шарттарда және тәртіппен сот қабылдайды.

2. Банкроттық рәсімін тоқтату, оңалту рәсімін қолдану және оңалту жоспарын бекіту туралы сот шешімінде:

1) банкроттық рәсімін тоқтату және борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімін орындау және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату;

2) банкроттықты басқарушының өкілеттіктерін тоқтату;

3) оңалту рәсімін қолдану және оңалту жоспарын бекіту;

4) осы Заңда көзделген оңалту рәсімін қолдану салдарларының басталуы;

5) алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

6) банкроттықты басқарушының кредиторлар жиналысы осы Заңның 69-бабында көзделген тәртіппен борышкерді басқару жөніндегі өкілеттікті жүктеген органға немесе тұлғаға құрылтай құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды, мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, материалдық және өзге де құндылықтарды беру туралы нұсқау қамтылуға тиіс.

3. Сот:

оңалту жоспарын бекіту туралы кредиторлар жиналысының келісімі болмаған;

егер борышкер сот талқылауы барысында төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкіндігін дәлелдемеген жағдайларда банкроттық рәсімін тоқтатудан, оңалту рәсімін қолданудан және оңалту жоспарын бекітуден бас тартады.

Ескерту. 4-тарау 59-1-баппен толықтырылды - ҚР 13.11.2015 № 399-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

60-бап. Жалған банкроттық кезіндегі сот шешімі

Ескерту. 60-бап алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

61-бап. Әкімшілік шығыстарды бөлу

1. Борышкерді банкрот деп тану, оңалту рәсімін қолдану туралы шешім қабылданған кезде әкімшілік шығыстар борышкердің мүлкіне жатқызылады және осы мүлік есебінен кезектен тыс орны толтырылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген әкімшілік шығыстарды сотқа жүгінген өтініш беруші сот:

1) оңалту немесе банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым;

2) оңалту рәсімін қолданудан немесе борышкерді банкрот деп танудан бас тарту туралы шешім шығарған жағдайларда төлейді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген жағдайларда, сотқа екі және одан көп кредитор жүгінген кезде әкімшілік шығыстар осындай кредиторлар арасында олардың талаптарына пропорционал бөлінеді.

Ескерту. 61-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

62-бап. Сот шешімінің (ұйғарымының) заңды күшіне енуі, шешімді (ұйғарымды) қайта қарау

1. Осы Заңның 55-бабында көрсетілген сот актілерінің заңды күшіне енуі және жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша оларды қайта қарау, сондай-ақ оларға шағым жасау (наразылық білдіру) Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 62-бап жаңа редакцияда - ҚР 13.11.2015 № 399-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5-тарау. ОҢАЛТУ РӘСІМІ

63-бап. Оңалту рәсімін қолдану

Оңалту рәсімі борышкерлерге қатысты сот тәртібімен қолданылады.

Ескерту. 63-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

64-бап. Оңалту рәсімін жүргізу мерзімі

Оңалту рәсімін жүргізу мерзімін сот оңалту жоспарын бекіту туралы ұйғарым шығарған кезде белгілейді және мұндай ұйғарым заңды күшіне енген күннен бастап есептеледі. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, сот оңалтуды басқарушының өтінішхаты бойынша кредиторлар жиналысының келісімімен бұл мерзімді бір рет, бірақ алты айдан аспайтын мерзімге ұзартуға құқылы.

Табиғи монополиялар субъектілері болып табылатын не Қазақстан Республикасының экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер ете алатын ұйымдар мен дара кәсіпкерлер, сондай-ақ қала құраушы заңды тұлғалар болып табылатын ұйымдар үшін сот оңалтуды басқарушының өтінішхаты бойынша кредиторлар жиналысының келісімімен оңалту рәсімін жүргізу мерзімін бір рет, бірақ екі жылдан аспайтын мерзімге ұзартуға құқылы.

Оңалту рәсімін жүргізу мерзімін ұзарту туралы өтінішхатты оңалтуды басқарушы оңалту рәсімін жүргізу мерзімі өткенге дейін жиырма жұмыс күні бұрын береді.

Осы баптың үшінші бөлігінде көрсетілген мерзімді сақтамау соттың оңалту рәсімін жүргізу мерзімін ұзартудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 64-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

65-бап. Мемлекеттік қолдау шараларына қатысушы үшін оңалту рәсімін тоқтата тұру және қайта бастау

Ескерту. 65-бап алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

66-бап. Оңалту рәсіміне қатысушылар

Мыналар:

- 1) сот;
- 2) кредиторлар;
- 3) борышкер;
- 4) борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), оның құрылтайшылары (қатысушылары);

5) алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

- 6) оңалтуды басқарушы;

7) уәкілетті орган;

8) басқа да мүдделі тұлғалар оңалту рәсіміне қатысушылар болып табылады.

Ескерту. 66-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

67-бап. Соттың оңалту рәсіміндегі өкілеттіктері

Сот оңалту рәсімінде:

1) оңалту рәсімін қолданады және тоқтатады;

2) алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) оңалту жоспарын бекітеді;

4) оңалту жоспарына өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

5) борышкер жауапкер ретінде әрекет ететін мүліктік сипаттағы даулар бойынша істі өзінің іс жүргізуіне қабылдайды;

6) алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

7) оңалту рәсіміне қатысушылар арасындағы дауларды шешеді.

Ескерту. 67-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

68-бап. Оңалту рәсімін қолданудың салдары

1. Соттың оңалту рәсімін қолдану туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап мынадай салдар басталады:

1) кәдімгі коммерциялық операциялар шеңберінен тыс мүлікпен мәмілелер жасасуға тыйым салынады;

2) алынған қарыздар және шығарылған облигациялар бойынша сыйақыларды есепке жазу тоқтатылады;

3) төлеу мерзімі оңалту рәсімін қолданғаннан кейін басталған, моральдық зиянның орнын толтыру туралы талаптарды есепке алмағанда, өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін борышкер жауапты болатын азаматтарға төленетін төлемдерді қоспағанда, өз мүлкіне қатысты қабылданған соттардың шешімдерін, төрелік шешімдерді, мемлекеттік кіріс органдарының, сондай-ақ борышкер – дара кәсіпкердің, борышкер – заңды тұлға мүлкі меншік иесінің (ол уәкілеттік берген органның), құрылтайшыларының (қатысушыларының) шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады.

2. Оңалту жоспары бекітілгеннен кейін:

1) борышкерді басқаруды осы Заңның 69-бабында көзделген тәртіппен кредиторлар жиналысы айқындаған тұлға жүзеге асырады;

2) оңалту жоспарында көзделгендерді қоспағанда, кәдімгі коммерциялық операциялар шеңберінен тыс мүлікпен мәмілелер кредиторлар жиналысының келісімімен жасалады;

3) борышкердің өтініші және соттың оңалту жоспарын бекіту туралы заңды күшіне енген ұйғарымының көшірмесі негізінде борышкер мүлкіне салынған барлық шектеулер мен ауыртпалықтар (борышкер шоттарына қойылған инкассолық өкімдер, мүлікке тыйым салуларды және басқалар) оларды салған органдардың тиісті шешімдері қабылданбастан алынады.

Ескерту. 68-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

69-бап. Оңалту рәсімінде борышкерді басқару

1. Оңалту рәсімінде борышкерді басқаруды кредиторлар жиналысының шешімі бойынша :

1) борышкер – дара кәсіпкер не борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесі, құрылтайшысы (қатысушысы) уәкілеттік берген орган немесе тұлға;

2) оңалтуды басқарушы жүзеге асыруға құқылы.

Осы Заңның мақсаттары үшін дара кәсіпкерді оңалту рәсімінде борышкерді басқару деп оның істерін және мүлкін басқару түсініледі.

2. Егер кредиторлардың алғашқы жиналысында борышкерді басқару жөніндегі өкілеттіктерді осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тұлғаға жүктеу туралы шешім қабылданса, онда кредиторлардың алғашқы жиналысы хабарламалары әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғалар хабарламаларының тізіліміне енгізілген тұлғалар арасынан оңалтуды басқарушының кандидатурасын таңдайды.

Оңалтуды басқарушының кандидатурасын таңдаған кезде әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғалар хабарламаларының тізілімінде тұрған тұлғаларға қатысты ұсынымдарды кредиторлар жиналысы осындай тұлғалардың кәсіптік бірлестіктерінен алуы мүмкін.

Кредиторлардың алғашқы жиналысы оңалтуды басқарушы сайланған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға оның кандидатурасы ұсынылғанға дейін мұндай оңалтуды басқарушыны хабардар етуге міндетті.

Уақытша әкімші осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген шешім шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға кредиторлар жиналысының хаттамасын ұсынуға міндетті.

Уәкілетті орган кредиторлар жиналысының хаттамасын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде кредиторлар жиналысы таңдаған кандидатураны оңалтуды басқарушы етіп тағайындауға міндетті.

Уәкілетті орган кандидатураны осы Заңның 12-бабы 5-тармағының бірінші бөлігі негізінде оңалтуды басқарушы етіп тағайындауға кедергі келтіретін мән-жайларды

анықтаған кезде уәкілетті орган анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде кредиторлар жиналысына оңалтуды басқарушының кандидатурасын тағайындаудан уәжді бас тартуды не осы Заңның 12-бабы 8-тармағының 3) тармақшасы негізінде әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғалар хабарламаларының тізілімінен оңалтуды басқарушының хабарламасын алып тастау туралы хабар жіберуге міндетті.

Уәкілетті орган ұсынылған кандидатураны тағайындаудан бас тартқан кезде кредиторлар жиналысы оңалтуды басқарушы етіп тағайындау үшін басқа кандидатураны ұсынуға міндетті.

3. Оңалту рәсімі барысында кредиторлар жиналысы борышкерді басқару жөніндегі өкілеттіктерді жүктеу туралы шешімді:

1) борышкерді басқару жөніндегі өкілеттіктерді оңалтуды басқарушыға жүктей отырып, борышкер – дара кәсіпкерді не борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесі, құрылтайшысы (қатысушысы) уәкілеттік берген органды немесе тұлғаны мұндай өкілеттіктерді орындаудан шеттетуге;

2) борышкерді басқару жөніндегі өкілеттіктерді борышкер – дара кәсіпкерге не борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесі, құрылтайшысы (қатысушысы) уәкілеттік берген органға немесе тұлғаға жүктей отырып, оңалтуды басқарушыны мұндай өкілеттіктерді орындаудан шеттетуге жолымен бір рет өзгертуге құқылы.

Кредиторлар жиналысы осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген шешімді қабылдаған кезде кредиторлар жиналысы осы баптың 2-тармағында көзделген тәртіппен оңалтуды басқарушының кандидатурасын таңдауды жүзеге асырады.

Кредиторлар комитеті осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген шешім шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға кредиторлар жиналысының хаттамасын ұсынуға міндетті.

4. Кредиторлар жиналысының күн тәртібіне борышкерді басқару жөніндегі өкілеттіктерді борышкер – дара кәсіпкерге не борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесі, құрылтайшысы (қатысушысы) уәкілеттік берген органға немесе тұлғаға жүктей отырып, оңалтуды басқарушыны мұндай өкілеттіктерді орындаудан шеттетуге туралы мәселе енгізілген кезде кредиторлар комитеті кредиторлар жиналысы өткізілгенге дейін он жұмыс күні бұрын борышкер – дара кәсіпкерді, борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесін (ол уәкілеттік берген органды), құрылтайшысын (қатысушысын) осындай мәселенің қаралатыны туралы хабардар етеді.

Кредиторлар жиналысы осы баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген шешімді қабылдаған жағдайда, борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган) немесе құрылтайшысы (қатысушысы) кредиторлар жиналысының отырысы өткізілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде борышкерді басқару жөніндегі өкілеттіктер жүктелген орган немесе тұлға туралы құжаттарды ұсынуға міндетті.

Ескерту. 69-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

70-бап. Уақытша әкімшінің өкілеттіктері

1. Уақытша әкімші кредиторлардан мәлімделген талаптардың негізі мен сомасын растайтын құжаттарды сұратуға құқылы.

2. Уақытша әкімші:

1) қаржылық орнықтылық туралы қорытынды жасау мақсатында бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есептілік құжаттары негізінде борышкердің қаржылық жағдайы туралы мәліметтер жинауды жүзеге асыруға;

2) үлгілік нысанға сәйкес борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытындыны сотқа ұсынуға;

3) алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4) алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

6) кредиторлардың алғашқы жиналысының өткізілу орны мен күні туралы барлық кредиторларға хабарлауға;

7) алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

7-1) кредиторлардың алғашқы жиналысын ұйымдастыруға және өткізуге;

8) осы Заңға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді орындауға міндетті.

Ескерту. 70-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 13.11.2015 № 399-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

71-бап. Оңалтуды басқарушының өкілеттігі

1. Оңалтуды басқарушы:

1) ұйымдардан, мемлекеттік органдардан және олардың лауазымды адамдарынан борышкер туралы ақпаратты сұратуға және алуға;

2) кредиторлар жиналысының келісімімен кәдімгі коммерциялық операциялар шеңберінен тыс мәмілелер жасауға;

3) кредиторлар жиналысының келісімімен борышкердің шығыстарын, оның ішінде борышкер жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстарын ұлғайтуға алып келетін шешімдер қабылдауға;

4) кредиторлардан мәлімделген талаптардың негізі мен сомасын растайтын құжаттарды сұратуға;

5) ақпараттық жүйені қолдана отырып, Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасымен реттелетін қатынастарға қатысуға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен кредиторлар жиналысы мен кредиторлар комитетінің, уәкілетті органның әрекеттеріне шағым жасауға құқылы.

2. Оңалтуды басқарушы тағайындалған күннен бастап және соттың оңалту жоспарын бекіту туралы ұйғарымы заңды күшіне енгенге дейін оңалтуды басқарушы:

1) кредиторлар талаптарының тізілімін жүргізуге;

2) осы Заңның 25-бабының 1-тармағында белгіленген әрекеттерді жасауға;

3) оңалту рәсімін тоқтату туралы өтінішпен осы Заңның 82-бабының 2-тармағында көзделген негіздердің бірі басталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сотқа жүгінуге;

4) осы Заңда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

3. Соттың оңалту жоспарын бекіту туралы ұйғарымы заңды күшіне енгеннен кейін оңалтуды басқарушы:

1) борышкер мүлкін басқаруға қабылдауға және борышкер мүлкін қорғау мен бақылауды қамтамасыз етуге;

2) оңалту жоспарының орындалуын қамтамасыз етуге;

3) кредиторлар талаптарының тізілімін жүргізуге;

4) оңалту жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы өтінішхатты кредиторлар жиналысында келісілгеннен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей сотқа жіберуге;

5) кредиторлар комитетінің мүшелеріне осы Заңның 27-бабының 4-тармағында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде хабарлама жіберуге;

6) осы Заңның 25-бабының 1-тармағында белгіленген әрекеттерді жасауға;

7) осы Заңның 7-бабында көрсетілген мән-жайлар кезінде борышкер немесе ол уәкілеттік берген адам жасаған мәмілелерді анықтауға және сот тәртібімен, оның ішінде осындай мәмілені анықтаған кредитордың өтінішхаты бойынша оларды жарамсыз деп тану не мүлікті қайтару туралы талап қоюға;

8) әр айдың 15-күнінен кешіктірмей алдыңғы айдағы қаржылық жағдай, жүргізілген мәмілелер туралы ақпаратты кредиторлар комитеті мүшелерінің назарына жеткізуге, кредиторлар комитетінің талабы бойынша кез келген ақпаратты беруге;

9) уәкілетті органға оңалту рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы ағымдағы және сұратылатын ақпаратты уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша, тәртіппен және мерзімдерде беруге;

10) борышкердің кез келген кредиторына оның жазбаша сұрау салуы негізінде өз қызметінің жүзеге асырылу барысы, борышкердің қаржылық жағдайы туралы толық ақпаратты оны алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей беруге;

11) бұрын оңалту рәсімінде борышкерді басқаруды борышкер – дара кәсіпкер не борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесі, құрылтайшысы (қатысушысы) уәкілеттік берген орган немесе тұлға не шеттетілген оңалтуды басқарушы жүзеге асырған жағдайларда, оңалту кезіндегі құқыққа сыйымсыз әрекеттер жасау фактілерін анықтауға;

12) оңалтуды басқарушы шеттетілген (босатылған) жағдайда жаңадан тағайындалған оңалтуды басқарушыға соңғысы тағайындалған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде құрылтай құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, борышкердің мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, борышкерге тиесілі материалдық және өзге де құндылықтарды беруге;

13) осы Заңның 82-бабының 1-тармағында, 83-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда және тәртіппен оңалту рәсімін тоқтату туралы өтінішпен сотқа жүгінуге;

14) сот оңалту рәсімін тоқтату, борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда, банкроттықты басқарушыға тағайындалған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде – құрылтай құжаттарын, мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, он жұмыс күні ішінде – есепке алу құжаттамасын, жиырма жұмыс күні ішінде банкротқа тиесілі материалдық және өзге де құндылықтарды беруге;

15) осы Заңда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

4. Егер борышкердің оңалту рәсімі қолданылғаннан кейін туындаған ақшалай міндеттемелерінің жалпы сомасы сот оңалту рәсімін қолдану туралы шешім қабылдаған күнге кредиторлық берешектің жалпы сомасының бес пайызынан асып түссе, оңалтуды басқарушы борышкердің жаңа ақшалай міндеттемелерінің туындауына алып келетін әрбір кейінгі мәмілені кредиторлар жиналысының келісімімен жасайды.

Ескерту. 71-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

72-бап. Оңалту рәсімінде кредиторлар талаптарының тізілімін қалыптастыру

1. Уақытша әкімші оңалту туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде уәкілетті органға оңалту туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау және кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы хабарландыруды уәкілетті органның интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде орналастыру үшін жібереді.

Кредиторлардың талаптарын қабылдауды уақытша әкімші борышкердің орналасқан жері бойынша не әкімші ретінде қызметін бастағаны туралы хабарламада өзі көрсеткен әкімшінің тіркелген орны бойынша жүзеге асырады.

Уәкілетті орган хабарландыруды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оны өзінің интернет-ресурсында орналастыруға міндетті.

Борышкердің интернет-ресурсы болған кезде көрсетілген интернет-ресурста хабарды жариялау міндетті болып табылады.

2. Кредиторлардың борышкерге қоятын талаптарын кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей өздері мәлімдеуге тиіс.

Кредиторлардың талаптарында:

1) талаптың сомасы туралы (негізгі борыштың, сыйақының (мүдденің), тұрақсыздық айыбы мен өзге де айыппұл санкцияларының, залалдар сомасы туралы жеке-жеке) мәліметтер қамтылуға тиіс. Талап сомасы көрсетілген талап мәлімделген күнге айқындалады;

2) осы Заңның 25-бабының 1-тармағында көзделген, кредиторлар жиналысын өткізу туралы хабарлама тәсілдерінің бірін көрсету қамтылуға тиіс.

Салыстыру үшін құжаттардың түпнұсқалары ұсыныла отырып, талаптың негізі мен сомасын растайтын құжаттардың (заңды күшіне енген сот шешімдері, шарттардың көшірмелері, борышкердің борышты мойындауы) көшірмелері талапқа қоса беріледі.

Кредиторлар талаптың негізі мен сомасын растайтын өзге құжаттарды да ұсынуға құқылы.

Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес кредиторлар синдикатына қатысушылардың атынан және мүдделерінде әрекет етуді жүзеге асыратын банк-агент синдикатталған қарыз шарты негізінде кредиторлар синдикатына әрбір қатысушы бойынша жеке талаптарды мәлімдейді.

Егер сыйақы (мүдде) және залалдар бойынша осы тармақтың екінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген талап сомасы сот оңалту рәсімін қолдану туралы шешім қабылдаған күнге өзгерсе, онда кредитор сот осындай шешім қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде көрсетілген өзгерісті ескере отырып, өзінің талаптарын қайта мәлімдейді.

Кредиторлардың шетел валютасында көрсетілген талаптары сот оңалту рәсімін қолдану туралы шешім қабылдаған күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам бойынша теңгемен ескеріледі.

3. Кредитордың осы баптың 2-тармағында көрсетілген мерзімнен кешіктіріліп мәлімделген талабы кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізіледі, бірақ мұндай

кредитор бір ай мерзімде мәлімделген кредиторлар талаптары толық қанағаттандырылғанға дейін кредиторлар жиналысында дауыс беру құқығынан айырылады.

4. Кредиторлардың талаптарын уақытша әкімші немесе оңалтуды басқарушы олар мәлімделген күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарауға тиіс.

Қарау нәтижелері бойынша танылған талаптар кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізуге жатады.

Кредиторлардың бұрын сотқа өздері мәлімдеген талаптары, егер олар осы баптың 2-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, кредитордың өтініші болған кезде тізілімге енгізілуі мүмкін.

Кредиторлар талаптарының тізіліміне осы Заңның 90-бабының 7-тармағында көзделген талаптар енгізілмейді.

5. Кредиторлардың оңалту рәсіміне қатысуына байланысты шығыстары орнын толтыруға жатпайды.

6. Кредиторлардың талаптарын қарау нәтижелері туралы (талапты толық көлемде немесе бір бөлігін тану немесе танымау себептерін көрсете отырып танымау туралы) уақытша әкімші шешім қабылданған күннен кейінгі күні әрбір кредиторды жазбаша хабардар етуге міндетті.

Кредитордың талабын (толық көлемде немесе бір бөлігін) тану туралы хабарламада уақытша әкімші кредиторлардың алғашқы жиналысының өткізілетін күнін, уақытын, орнын және күн тәртібін көрсетуге міндетті.

Уақытша әкімшінің шешімімен келіспеген кезде кредитор уақытша әкімшінің хабарламасын алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оңалту туралы істі қарайтын сотта оған шағым жасауға құқылы.

7. Уақытша әкімші тағайындалған күнінен бастап екі айдан кешіктірілмейтін мерзімде кредиторлар талаптарының тізілімін, сондай-ақ талаптары танылмаған кредиторлардың тізбесін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, мерзімдерде және нысан бойынша қалыптастыруға және уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін қазақ және орыс тілдерінде уәкілетті органға жіберуге міндетті.

Уәкілетті орган уақытша әкімшіден кредиторлар талаптарының тізілімін алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей оны өзінің интернет-ресурсында орналастыруға міндетті.

Қалыптастырылған кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар уәкілетті орган айқындаған тәртіппен енгізіледі.

8. Кредитор кредиторлар талаптарының тізілімі жарияланған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде басқа кредиторлар талаптарының мөлшері мен негіздеріне шағым жасауға құқылы.

Ескерту. 72-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс

енгізілді – ҚР 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

73-бап. Оңалту жоспары және оны бекіту тәртібі

1. Оңалту жоспарында борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі нақты іс-шаралар (оңалту шаралары) және осы Заңның 77-бабының 2-тармағында көрсетілген кредиторлар талаптарын қанағаттандыру графигі қамтылуға тиіс.

Оңалту жоспарының үлгілік нысанын уәкілетті орган бекітеді.

Табиғи монополиялар субъектілері болып табылатын не Қазақстан Республикасының экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер ете алатын ұйымдардың және дара кәсіпкерлердің оңалту жоспары – тиісті орталық атқарушы органмен, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тиісті аумақтық органымен, ал қала құраушы заңды тұлғалардың оңалту жоспары – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың тиісті жергілікті атқарушы органымен келісіледі.

Ұсынылған оңалту жоспарын осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген келісетін мемлекеттік органдар келіп түскен күнінен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды.

2. Оңалту жоспарын борышкер оңалту рәсімін қолдану туралы шешім заңды күшіне енген күннен бастап үш ай ішінде кредиторлармен және оңалтуды басқарушымен бірлесіп әзірлеуге тиіс.

Әзірленген оңалту жоспары бір кезектегі кредиторлар талаптарын қанағаттандырудың тең шарттарын көздеуге тиіс.

3. Оңалту жоспарын іске асыру мерзімі бес жылдан аспауға тиіс.

4. Оңалту шаралары санацияны, электрондық аукцион өткізу жолымен мүлікті сатуды, қаржы лизингін, борышкердің талап ету құқықтарын басқаға беруді, факторингті, реверсивті факторингті, борыштың бір бөлігін кешіруді, өсімпұлдар мен айыппұлдарды есептен шығаруды, борыштарды акцияларға алмастыруды, бітімгершілік келісімін жасасуды және басқаларды қоса алғанда, борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталған кез келген ұйымдастырушылық-шаруашылық, техникалық, қаржы-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де іс-шараларды қамтуы мүмкін.

Осы Заңның мақсаттары үшін қаржы лизингі деп өзіне қатысты оңалту рәсімі қолданылған борышкер, лизинг беруші және лизинг нысанасын сатушы арасында жасалған үшжақты шарт түсініледі, мұнда лизинг беруші сатушыдан меншікке сатып

алынған және шартта келісілген лизинг нысанасын борышкерге белгілі бір төлемақыға және белгілі бір шарттарда кемінде үш жыл мерзімге уақытша иеленуге және пайдалануға беруге міндеттенеді.

5. Егер оңалту жоспарында ақша көзі ретінде қарыздар (микрокредиттер) алу қамтылса, оңалту жоспарына қарыз (микрокредит) алуға шарт қоса беріледі.

6. Алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8. Табиғи монополиялар субъектілері болып табылатын не Қазақстан Республикасының экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер ете алатын ұйымдардың оңалту жоспары – тиісті орталық атқарушы органмен, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тиісті аумақтық органымен, ал қала құраушы заңды тұлғалар бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың тиісті жергілікті атқарушы органымен келісілуге тиіс.

Ұсынылған оңалту жоспары он жұмыс күні ішінде қаралады.

9. Борышкер оңалту жоспарын кредиторлар жиналысы мақұлдағаннан кейін осы Заңның 59-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында белгіленген мерзімнен кешіктірмей сотқа ұсынуға міндетті.

10. Кредиторлар жиналысымен келісілген оңалту жоспары ұсынылған күнінен бастап жеті жұмыс күні ішінде сот ұйғарымымен бекітіледі.

11. Сот:

1) егер оңалту жоспарына қарсы дауыс берген кредитор сотқа оңалту жоспарында іске асырылуы осындай кредитордың талаптарын банкроттық рәсімін қолдануға қарағанда аз көлемде қанағаттандыруға алып келетін іс-шаралардың қамтылғандығы жөнінде негіздеме ұсынған;

2) осы Заңның 26-1-бабының талаптары сақталмаған жағдайларда, оңалту жоспарын бекітуден бас тартады.

11-1. Алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12. Оңалту жоспарын бекіту туралы сот ұйғарымында:

1) оңалту жоспарын бекіту туралы;

2) оңалту рәсімін аяқтау және қорытынды есеп ұсыну мерзімдері туралы;

3) борышкерді басқару құқығының оңалтуды басқарушыға өтуі туралы;

4) борышкердің оңалту жоспарын бекіту туралы ұйғарым шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде – оңалтуды басқарушыға құрылтай құжаттарын, мөрлерді

(олар болған кезде), мөртабандарды, он бес жұмыс күні ішінде – есепке алу құжаттамасын, екі ай ішінде материалдық және өзге де құндылықтарды беруі туралы нұсқаулар қамтылуға тиіс.

Кредиторлар жиналысы борышкерді басқару жөніндегі өкілеттікті оңалтуды басқарушыға осы Заңның 69-бабының 2-тармағында көзделген тәртіппен жүктеген жағдайда осы тармақтың бірінші бөлігі 3) және 4) тармақшаларының ережелері қолданылады.

Ескерту. 73-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.03.2016 № 479-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2016 № 34-VI (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

74-бап. Борышкердің талап ету құқықтарын басқаға беруі

Оңалту жоспарында борышкердің талап ету құқықтарын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өткізілетін электрондық аукционда сату арқылы осы талаптарды басқаға беруі көзделуі мүмкін.

75-бап. Кредиторлар жиналысының оңалту рәсіміндегі өкілеттігі

Ескерту. 75-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Кредиторлардың алғашқы жиналысын уақытша әкімші кредиторлар талаптарының тізілімі уәкілетті органның интернет-ресурсында жарияланғаннан кейін оңалту туралы істің сотта қаралу кезеңінде өткізеді.

1-1. Кредиторлардың алғашқы жиналысының құзыретіне:

1) борышкерді басқару жөніндегі өкілеттікті борышкер – дара кәсіпкерге не борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесі, құрылтайшысы (қатысушысы) уәкілеттік берген органға немесе тұлғаға жүктеу туралы шешім қабылдау;

2) әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғалар хабарламаларының тізіліміне енгізілген тұлғалар арасынан оңалтуды басқарушының кандидатурасын таңдау;

3) борышкерді басқару жөніндегі өкілеттік жүктелген жағдайларда оңалтуды басқарушыға негізгі сыйақыны төлеу мөлшерін айқындау;

4) борышкер – дара кәсіпкердің не борышкерді басқару жөніндегі өкілеттік борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесі, құрылтайшысы (қатысушысы) уәкілеттік берген органға немесе тұлғаға жүктелген жағдайларда, осындай органның немесе тұлғаның ақшалай сыйақысының сомасын айқындау;

5) уақытша әкімші осы Заңның 49-бабы 4-тармағының 3) тармақшасында көзделген қаржылық орнықтылық туралы қорытындыны жасаған жағдайда оңалту рәсімін қолдануды келісу жатады.

2. Кредиторлар жиналысының құзыретіне:

1) алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2) алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) кредиторлар комитеті құрамының санын айқындау және осы құрамын, кредиторлар комитетінің төрағасын бекіту;

4) кредиторлар комитетінің құрамына өзгерістер енгізу;

5) оңалту жоспарын келісу;

6) оңалту жоспарына өзгерістер мен толықтыруларды келісу;

7) оңалту рәсімінің мерзімін ұзартуға келісім беру;

8) кредиторлар комитеті мүшелерінің оңалту рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы ақпаратты кредиторлардың назарына жеткізудің тәртібі мен мерзімдерін айқындау;

9) өзге де мәмілелерді кәдімгі коммерциялық операциялар шеңберінен тыс жасалатын мәмілелер санатына жатқызу;

10) оңалту жоспарында көзделмеген, кәдімгі коммерциялық операциялар шеңберінен тыс мәмілелерді келісу;

10-1) қаржы лизингі шартын жасасуға келісім беру;

11) борышкердің өндіріп алынуы мүмкін емес дебиторлық берешегінің сомасын бекіту;

12) әкімші қызметін жүзеге асыруға құқығы бар адамдардың хабарламалары тізіліміне енгізілген тұлғалар арасынан оңалтуды басқарушының кандидатурасын таңдау;

13) алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

13-1) борышкерді басқару жөніндегі өкілеттік осы Заңның 69-бабының 3-тармағында көзделген тәртіппен өзіне жүктелген жағдайларда, оңалтуды басқарушының негізгі сыйақысының мөлшерін айқындау;

14) оңалтуды басқарушы оңалту рәсімінің мақсатына қол жеткізген жағдайда оған қосымша сыйақы мөлшерін айқындау;

15) борышкер – дара кәсіпкердің не борышкерді басқару жөніндегі өкілеттік осы Заңның 69-бабының 3-тармағында көзделген тәртіппен борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесі, құрылтайшысы (қатысушысы) уәкілеттік берген органға немесе тұлғаға жүктелген жағдайларда, осындай органның немесе тұлғаның ақшалай сыйақысының сомасын айқындау;

16) оңалтуды басқарушының қорытынды есебін келісу;

16-1) кредитордың кредиторлар жиналысына қатыспауының себебін дәлелді себеп ретінде тану туралы шешім қабылдау;

17) осы Заңда көзделген өзге де өкілеттіктер жатады.

3. Кредитор оңалту рәсімін жүргізу барысында борышкердің қаржылық жағдайы туралы ақпаратты оңалтуды басқарушыдан сұратуға құқылы.

Ескерту. 75-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.03.2016 № 479-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

76-бап. Кредиторлар комитетінің оңалту рәсіміндегі ерекшеліктері

Кредиторлар комитеті мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) оңалтуды басқарушының іс-әрекеттерін бақылауды жүзеге асыру үшін кредиторлар комитетінің мүшелері арасынан кредиторлар өкілін сайлайды;

2) оңалтуды басқарушыдан борышкердің қаржылық жағдайы және оңалту рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы ақпарат беруді талап етеді;

3) уәкілетті органға және (немесе) сотқа оңалтуды басқарушының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымданады;

4) кредиторлардың талаптарын есепке жатқызу туралы шешім қабылдайды;

4-1) дебиторлық берешекті сату немесе факторинг шартын жасасу туралы шешім қабылдайды;

4-2) оңалтуды басқарушының реверсивті факторинг шартын жасасуына келісім береді;

5) аудиторлық тексерудің және түгендеудің нәтижелерін назарға алады;

6) алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

7) оңалту жоспарында көзделгендерді қоса алғанда, борышкердің мүлкін кәдімгі коммерциялық операциялар шеңберінен тыс сату тәртібін айқындайды;

8) оңалту рәсімін жүргізу үшін әкімшілік шығыстардың сметасын және тартылатын қызметкерлердің санын бекітеді;

9) оңалтуды басқарушымен шарт жасасады және оны бұзады;

10) санацияға қатысушының оңалтуды басқарушымен келісімін бекітеді;

10-1) оңалту рәсімінде борышкерді басқару жөніндегі өкілеттік жүктелген тұлғаны шеттету мәселесі бойынша кредиторлар жиналысын ұйымдастырады;

10-2) осы Заңның 82-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген негіз бойынша оңалту рәсімін тоқтату мәселесі бойынша кредиторлар жиналысын ұйымдастырады;

10-3) борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытынды жасау қажеттігі туралы шешім қабылдайды;

11) осы Заңда көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 76-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

77-бап. Борышкердің міндеттемелері бойынша есеп айырысу

Ескерту. 77-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Соттың оңалту рәсімін қолдану туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап орындалу мерзімі оңалту рәсімін жүргізу кезеңінде басталған мынадай:

1) моральдық зиянның орнын толтыру жөніндегі міндеттемелерді қоспағанда, өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыру жөніндегі, сондай-ақ жалақыдан және (немесе) өзге де кірістен ұсталған алименттерді төлеу жөніндегі;

РҚАО-ның ескертпесі!

2) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 02.08.2015 № 342-V Заңымен (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі).

2) еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдардың еңбегіне ақы төлеу және оларға өтемақылар төлеу жөніндегі, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар төлеу жөніндегі, қызметтік өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі үшін авторларға сыйақылар төлеу жөніндегі;

3) мәмілелерден, оның ішінде борышкерді басқару жөніндегі өкілеттік жүктелген тұлға жасасқан мәмілелерден туындаған;

4) соттың оңалту рәсімін қолдану туралы шешімі заңды күшіне енген салықтық кезеңнен кейінгі салықтық кезеңдер үшін борышкер салықтық есептілікке сәйкес есептеген, салықтық тексерулердің нәтижелері бойынша мемлекеттік кіріс органы есепке жазған салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелер борышкердің орындауына жатады.

2. Кредиторлардың оңалту рәсімі қолданылғанға дейін туындаған және кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген талаптарын қанағаттандыру, өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыру жөніндегі талаптарды қоспағанда,

соттың оңалту жоспарын бекіту туралы ұйғарымы заңды күшіне енгеннен кейін кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру графигіне сәйкес жүргізіледі.

Кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру графигі осы Заңның 100-бабының 2, 3, 4, 5, 6 және 7-тармақтарында және 101-бабының 1-тармағында белгіленген кезектілік пен есеп айырысу қағидалары сақтала отырып жасалады.

Өткен салықтық кезеңдер және соттың оңалту рәсімін қолдану туралы шешімі заңды күшіне енген салықтық кезең үшін салық төлеуші салық есептілігінде есептеген, сондай-ақ салықтық тексерулердің нәтижелері бойынша мемлекеттік кіріс органы есепке жазған салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелер туындаған кезде кредиторлар талаптарының тізіліміне және оңалту жоспарына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

3. Алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Кепілді кредитор:

1) өзінің заңды мүдделеріне қатер төндіретін, осы Заңды бұзушылықтар анықталған ;

2) осындай кредитордың талаптарын қанағаттандыру графигі бұзылған;

3) кепіл нысанасы болып табылатын мүлік құны өз мүдделеріне нұқсан келтіруге әкеп соғатындай төмендеген;

4) өзінің алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету нысанасы болып табылатын мүлік борышкердің қызметін жалғастыру немесе оңалту жоспарын іске асыру үшін талап етілмеген жағдайларда, өзінің алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету нысанасы болып табылатын борышкер мүлкіне өндіріп алуды қолдану туралы сотқа жүгінуге құқылы.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда, синдикатталған қарыз туралы шартқа сәйкес қаржыландыру үлесі жиынтығында қаржыландырудың жалпы көлемінің кемінде үштен екісін құрайтын кредиторлар синдикатына қатысушылар сотқа осындай жүгіну туралы шешім қабылдаған кезде Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес кредиторлар синдикатына қатысушылардың атынан және мүдделерінде әрекет етуді жүзеге асыратын банк-агент борышкердің синдикатталған қарыз шарты бойынша міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету нысанасы болып табылатын мүлкіне өндіріп алуды қолдану туралы сотқа жүгінуге құқылы.

Ескерту. 77-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.11.2015 № 406-V (01.07.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

78-бап. Санация

1. Егер борышкерді оңалту жоспарында оңалту шарасы ретінде оның санациясы қамтылса, оңалту жоспарына сәйкес санацияға қатысушының борышкерге және (немесе) кредиторларға ақша аудару туралы жазбаша міндеттемесі сомасы мен мерзімдері көрсетіле отырып, жоспарға қоса берілуге тиіс.

Дара кәсіпкер – борышкерді оңалту жоспарында санация қамтылмайды.

2. Санацияға қатысушы барлық кредиторлардың талаптарын олармен келісілген мерзімде қанағаттандыруды қамтамасыз ету міндеттемесін өзіне қабылдай алады. Бұл жағдайда, борышкерді басқаруды санацияға қатысушы немесе ол тағайындаған тұлға оңалтуды басқарушы үшін көзделген өкілеттіктер шегінде жүзеге асырады. Осы Заңның 12-бабының 2-тармағында белгіленген талаптар санацияға қатысушыға қолданылмайды.

3. Сот, сондай-ақ уәкілетті орган санацияға қатысушыдан оның осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген міндеттемелерді орындауы мүмкіндігін растайтын құжаттарды талап етуге құқылы.

Ескерту. 78-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

79-бап. Санацияға қатысушылардың келісімі

Егер санацияға кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруды қамтамасыз ету міндеттемесін өзіне қабылдаған екі және одан да көп тұлға қатысса, олар кредиторлар алдындағы жауапкершілікті өздерінің арасында бөлу, санацияға қатысудан ол басталғаннан кейін санацияға қатысушылардың біреуі немесе бірнешеуі бас тартқан жағдайдағы жауаптылық, борышкерді басқаруға қатысу тәртібі көзделетін келісім жасасуға тиіс.

Ескерту. 79-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

80-бап. Санацияға қатысушылардың жауаптылығы

1. Осы Заңның 78-бабының 2-тармағында көзделген міндеттемені өзіне қабылдаған санацияға қатысушы, егер еңсерілмейтін күштің әсері немесе кредиторлардың не борышкердің, борышкер мүлкі меншік иесінің (ол уәкілеттік берген органның) әрекеттері нәтижесінде санация мақсаттарына қол жеткізілмегенін дәлелдемесе, борышкер таратылғаннан кейін оның өтелмеген міндеттемелері бойынша субсидиарлық жауаптылықта болады.

Егер келісімде өзгеше көзделмесе, санацияға екі немесе одан да көп тұлға қатысқан кезде, олар ортақ жауаптылықта болады.

2. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруды қамтамасыз ету міндеттемесін өзіне қабылдамаған санацияға қатысушының жауаптылығы кредиторлар комитеті бекіткен, қатысушының оңалтуды басқарушымен келісімімен айқындалады.

Ескерту. 80-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

81-бап. Санацияға қатысушының құқықтары

1. Санация мақсатына қол жеткізілуіне байланысты оңалту туралы іс бойынша іс жүргізу тоқтатылған кезде осы Заңның 78-бабының

2-тармағында көзделген міндеттемені өзіне қабылдаған және борышкер мүлкінің меншік иесі болып табылмайтын қатысушы санация басталғанға дейін шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың, акционерлік қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдаған шешімнің негізінде өзі инвестициялаған қаражат сомасында шаруашылық серіктестігіне қатысушы, акционерлік қоғамның акционері құқығына ие болады, ал егер борышкер мемлекеттік кәсіпорын болып табылса, мүліктің меншік иесі уәкілеттік берген мемлекеттік орган шешімінің негізінде борышкер шаруашылық серіктестігі, акционерлік қоғам болып алдын ала қайта ұйымдастырылғаннан кейін санацияға қатысушы шаруашылық серіктестігіне қатысушы, акционерлік қоғамның акционері құқығына ие болады. Егер борышкер өндірістік кооператив болып табылса, кооператив мүшелерінің жалпы жиналысы шешімінің негізінде борышкер шаруашылық серіктестігі болып алдын ала қайта ұйымдастырылғаннан кейін санацияға қатысушы шаруашылық серіктестігіне қатысушы құқығына ие болады.

Көрсетілген шешім сотқа оңалту жоспарымен бір мезгілде ұсынылуға тиіс.

Мұндай жағдайда құрылған шаруашылық серіктестігінің жарғылық капиталының мөлшері жарғылық капитал екі жыл ішінде белгіленген мөлшерлерге дейін толықтырылатын жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ең төменгі мөлшерден кем болуы мүмкін.

2. Санацияға екі немесе одан да көп тұлға қатысқан жағдайда борышкер мүлкіндегі үлес мөлшері олардың әрқайсысы санация мақсаты үшін пайдаланған қаражаттың сомасына пропорционалды түрде айқындалады.

82-бап. Оңалту рәсімін тоқтату

1. Оңалтуды басқарушы:

1) борышкерге қатысты оңалту рәсімінің мақсатына қол жеткізілген;

2) борышкердің оңалту рәсімі қолданылғаннан кейін туындаған ақшалай міндеттемелерінің жалпы сомасы сот оңалту рәсімін қолдану туралы шешім

қабылдаған күнге кредиторлық берешектің жалпы сомасының жиырма пайызынан асып түскен жағдайларда, кредиторлар жиналысының шешімімен борышкерге қатысты оңалту рәсімін тоқтату туралы өтінішпен сотқа жүгінеді.

Оңалтуды басқарушының өтінішіне қорытынды есеп қоса беріледі.

2. Оңалтуды басқарушы кредиторлар жиналысы оңалту жоспарын келіспеген не осы Заңның 59-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында белгіленген мерзімде борышкер оңалту жоспарын ұсынбаған жағдайларда, оңалту рәсімін тоқтату туралы өтінішпен сотқа жүгінеді.

3. Борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), құрылтайшысы (қатысушысы):

1) оңалту жоспарын іске асыру нәтижесінде өз мүдделеріне нұқсан келтірілгенін растайтын мәліметтер болған;

2) оңалту рәсімінде борышкерді басқару жөніндегі өкілеттік жүктелген тұлғаның әрекеттері (әрекетсіздігі) салдарынан өз мүдделеріне нұқсан келтірілгенін растайтын мәліметтер болған;

3) борышкердің оңалту рәсімі қолданылғаннан кейін туындаған ақшалай міндеттемелерінің жалпы сомасы сот оңалту рәсімін қолдану туралы шешім қабылдаған күнге кредиторлық берешектің жалпы сомасының жиырма пайызынан асып түскен жағдайда, оңалту рәсімін тоқтату туралы сотқа жүгінуге құқылы.

Оңалту рәсімінде борышкерді басқару жөніндегі өкілеттіктер осы Заңның 69-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында аталған тұлғаға жүктелген жағдайда, осы тармақтың ережелері борышкер – дара кәсіпкерге қолданылады.

4. Кредитор (кредиторлар):

1) борышкерді оңалту жоспарын іске асыру өзінің мүлдіктік мүдделеріне нұқсан келтіретінін растайтын негіздер болған;

2) оңалтуды басқарушының әрекеттері (әрекетсіздігі) өзінің мүлдіктік мүдделеріне нұқсан келтіретінін растайтын негіздер болған;

3) кредиторлар жиналысын өткізу туралы тиісінше хабардар етілмеген кезде оңалту рәсімін тоқтату туралы өтінішпен сотқа жүгінуге құқылы.

5. Сот оңалту жоспарын бекітуден бас тарту туралы ұйғарым шығарған жағдайда оңалту рәсімі тоқтатылады.

Ескерту. 82-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

83-бап. Оңалту рәсімінен банкроттық рәсіміне өту

1. Оңалту рәсімінен банкроттық рәсіміне өту соттың оңалту рәсімін тоқтату, борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату туралы шешімі негізінде жүзеге асырылады.

2. Оңалту рәсімі барысында борышкердің қаржылық орнықтылықтың III сыныбына жатқызылатыны және оны банкрот деп тану үшін негіздер бар екендігі туралы қорытынды жасалған жағдайда, оңалтуды басқарушы кредиторлар жиналысы шешім қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оңалту рәсімін тоқтату, борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату туралы өтінішпен сотқа жүгінеді.

Борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытындыны осы Заңның 49-1-бабының ережелерін ескере отырып, оңалтуды басқарушы жасайды.

3. Оңалту рәсімі барысында оңалтуды басқарушы борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытындыны:

1) кредиторлар комитеті осы Заңның 71-бабы 3-тармағының 8) тармақшасында көзделген ақпаратты қарау нәтижелері бойынша осындай қорытындыны жасау қажеттігі туралы шешім қабылдаған;

2) борышкер кредитор алдындағы талаптарды қанағаттандыру графигін үш айдан аса орындамаған кезде осындай кредитордың өтінішхатын алған күннен бастап бір ай мерзімде уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша жасайды.

4. Оңалтуды басқарушының сотқа жүгінуі туралы шешім қабылданған кезде кредиторлар жиналысы хабарламалары әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғалар хабарламаларының тізіліміне енгізілген тұлғалар арасынан банкроттықты басқарушының кандидатурасын бір мезгілде сайлауға міндетті.

5. Сот оңалтуды басқарушының оңалту рәсімін тоқтату, борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату туралы өтінішін осы Заңда көзделген ерекшеліктерімен бірге азаматтық сот ісін жүргізудің жалпы қағидалары бойынша қарайды.

6. Істі қарау нәтижелері бойынша сот оңалту рәсімін тоқтату, борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату туралы шешім шығарады.

Ескерту. 83-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6-тарау. БАНКРОТТЫҚ РӘСІМІ

84-бап. Банкроттық рәсімін жүргізу мерзімі

1. Банкроттық рәсімін жүргізу мерзімі тоғыз айды құрайды және оны кредиторлар жиналысы осы баптың 2-тармағында көзделген негіздер болған кезде екі жылға дейін ұзартуы мүмкін.

Осы баптың 2-тармағында көзделген негіздер болған кезде банкроттық рәсімін жүргізу мерзімін осындай рәсімді жүргізудің жалпы мерзімі бес жылдан аспауға тиіс екені ескеріліп, қайта ұзартуға жол беріледі.

Банкроттық рәсімін жүргізу мерзімі қайта ұзартылған жағдайда банкроттықты басқарушының негізгі сыйақысы және басқа да әкімшілік шығыстар осындай ұзартуға дауыс берген кредиторлардың қаражаты есебінен олардың кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген талаптарының сомасына пропорционал төленеді.

Банкроттық рәсімін жүргізу мерзімі соттың борышкерді банкрот деп тану туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап есептеледі.

2. Мыналар:

1) соттың іс жүргізуінде борышкер мен оның кредиторларының мүлдіктік мүдделерін қозғайтын істің болуы;

2) өткізілмеген мүлдіктің болуы;

3) алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4) қорытынды есепті бекітуден бас тарту туралы сот ұйғарымында көрсетілген, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою қажеттілігі;

5) уәкілетті орган анықтаған, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою қажеттілігі банкроттық рәсімін жүргізу мерзімін ұзарту үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 84-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

85-бап. Банкроттық рәсіміне қатысушылар

Мыналар:

1) банкроттық туралы істі қарайтын сот;

2) уәкілетті орган;

3) банкрот;

4) банкрот мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), қатысушылар (құрылтайшылар);

5) кредитор;

6) уақытша және банкроттықты басқарушылар;

7) басқа да мүдделі адамдар банкроттық рәсіміне қатысушылар болып табылады.

Ескерту. 85-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

86-бап. Соттың банкроттық рәсіміндегі өкілеттіктері

Банкроттық рәсімінде соттың мынадай өкілеттіктері болады:

1) банкроттық рәсімін қозғайды және тоқтатады;

2) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға, уәкілетті органға, жеке сот орындаушыларының палатасына және борышкердің орналасқан жері

бойынша аумақтық әділет органына борышкерді банкрот деп тану туралы шешім шығарылғанын хабарлайды;

3) банкрот жауапкер ретінде әрекет ететін мүліктік сипаттағы даулар бойынша істерді өзінің іс жүргізуіне қабылдайды;

4) алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) банкроттық рәсіміне қатысушылар арасындағы дауларды шешеді;

6) кредитордың өтініші бойынша әкімшілік шығыстар не банкроттық рәсімін жүргізу мақсаттары үшін алынған қарыз мөлшерінің негізділігін қарайды.

Ескерту. 86-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

87-бап. Банкроттық рәсімін қозғау салдарлары

1. Сот борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғау туралы шешім шығарған күннен бастап:

1) заңды тұлға мүлкінің меншік иесіне, құрылтайшыларына (қатысушыларына), барлық органдарына мүлікті пайдалануға және өткізуге, сондай-ақ міндеттемелерді өтеуге тыйым салынады;

2) банкроттың барлық борыштық міндеттемелерінің мерзімдері өтті деп есептеледі;

3) банкрот берешегінің барлық түрлері бойынша тұрақсыздық айыбын және сыйақыларды (мүдделерді) есепке жазу тоқтатылады;

4) сотта банкроттың қатысуымен қаралатын мүліктік сипаттағы даулар, егер олар бойынша қабылданған шешімдер заңды күшіне енбесе, тоқтатылады;

5) үшінші тұлғалардың кепілдіктері мен кепілгерліктерін орындау бойынша талаптарды, сондай-ақ үшінші тұлғалар кепіл беруші болатын жағдайларда кепіл нысанасын өндіріп алуды қоспағанда, банкротқа банкроттық рәсімі шеңберінде ғана талаптар қойылуы мүмкін;

6) әкімшінің өтініші және борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімінің ұсынылған көшірмесі негізінде банкрот мүлкіне салынған барлық шектеулер мен ауыртпалықтар (борышкер шоттарына қойылған инкассолық өкімдер, мүлікке тыйым салулар және басқалар) оларды салған органдардың тиісті шешімдері қабылданбастан алып тасталады;

7) банкроттың мүлкіне жаңадан тыйым салу және банкроттың мүлкіне иелік етуге өзге де шектеулер қою мәмілені жарамсыз деп тану туралы және банкротқа қойылған, мүлікті өзгенің заңсыз иеленуінен талап ету туралы қуынымдары бойынша ғана жол беріледі.

2. Соттың банкроттық рәсімін қозғау туралы ұйғарымы шығарылған күнге сатып алушыға берілмеген банкрот мүлкі банкроттың мүліктік массасының құрамына енгізіледі, ал кредитор немесе сатып алмаған сатып алушы орындалмаған міндеттеме бойынша банкроттық рәсімі шеңберінде борышкерге өз талаптарын қоюға құқылы.

Ескерту. 87-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

88-бап. Уақытша басқарушының өкілеттігі

1. Уақытша басқарушы:

1) мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан сұрау салу берілген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өзіне өтеусіз негізде берілуге тиіс растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса алғанда, борышкер, оның мүлкі туралы ақпаратты сұратуға;

2) осы Заңның 7-бабында көрсетілген мән-жайлар кезінде борышкер жасаған мәмілелерді анықтауға және сот тәртібімен, оның ішінде осындай мәмілені анықтаған кредитордың өтінішхаты бойынша оларды жарамсыз деп тану және мүлікті қайтару туралы талап қоюға;

3) кредиторлардан мәлімделген талаптардың негізі мен сомасын растайтын құжаттарды сұратуға;

4) осы Заңда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

2. Сот банкроттық туралы іс қозғау туралы ұйғарым шығарған күннен бастап және оны қарау аяқталғанға дейін уақытша басқарушы:

1) борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытынды жасау мақсатында бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есептілік құжаттары негізінде борышкердің қаржылық жағдайы туралы мәліметтер жинауды жүзеге асыруға;

2) сотқа борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытындыны ұсынуға;

3) осы Заңда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

3. Соттың борышкерді банкрот деп тану туралы шешімі шығарылғаннан кейін және банкроттықты басқарушы тағайындалғанға дейін уақытша басқарушы:

1) борышкер банкрот деп танылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде уәкілетті органға борышкерді банкрот деп тану туралы жарияланымды уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін қазақ және орыс тілдерінде жіберуге;

2) борышкер банкрот деп танылған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде уәкілетті органнан соттың банкрот деп тану туралы заңды күшіне енген шешімі бар тұлғаның банктік шоттарының бар-жоғы және нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдықтары туралы және қозғалысы туралы ақпаратты сұратуға;

3) банкроттың жұмыскерлерін Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шартының алдағы уақытта тоқтатылатыны туралы хабардар етуге;

4) банкроттың лауазымды адамдарынан құрылтай құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, банкротқа тиесілі материалдық және өзге де құндылықтарды қабылдауға;

5) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, мерзімдерде және нысан бойынша кредиторлар талаптарының тізілімін қалыптастыруға;

6) кредиторлардың шетел валютасында көрсетілген талаптарын сот борышкерді банкрот деп тану туралы шешім қабылдаған күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам бойынша теңгемен есепке алуды белгіленген тәртіппен қамтамасыз етуге;

7) банкроттың мүліктік массасына түгендеу жүргізуге және түгендеу бойынша есепті кредиторлардың алғашқы жиналысына ұсынуға;

8) сот борышкерді банкрот деп тану туралы шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде кепілді кредиторға және (немесе) Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес кредиторлар синдикатына қатысушылардың атынан және мүдделерінде әрекет етуді жүзеге асыратын банк-агентке кепілге салынған мүлікті заттай қабылдау туралы ұсыныс жіберуге;

9) уәкілетті органға банкроттық рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы ағымдағы және сұратылатын ақпаратты уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша, тәртіппен және мерзімдерде беруге;

10) кредитордың, банкрот – дара кәсіпкердің, банкрот – заңды тұлға мүлкі меншік иесінің (ол уәкілеттік берген органның), құрылтайшысының (қатысушысының) жазбаша сұрау салуы негізінде банкроттық рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы сұрау салу алынған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауға;

11) кредиторлар жиналысының өткізілетін күні, уақыты мен орны туралы кредиторларды хабардар етуге;

12) сот борышкер мен оның кредиторларының мүдделерін қозғайтын акт шығарған жағдайда, осы сот актісіне шағым жасау туралы мәселені қарау үшін өтініші бойынша банкроттық туралы іс қозғалған кредиторға не борышкерге оның көшірмесін алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға;

13) кредиторлардың алғашқы жиналысын ұйымдастыруға және өткізуге;

14) банкроттықты басқарушыға тағайындалған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде құрылтай құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, банкротқа тиесілі материалдық және өзге де құндылықтарды беруге;

15) соттың борышкерді банкрот деп тану туралы шешімінің күші жойылған жағдайда, борышкерге тиісті сот актісі қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде құрылтай құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, борышкердің мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, борышкерге тиесілі материалдық және өзге де құндылықтарды беруге;

16) осы Заңда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

Ескерту. 88-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

89-бап. Банкроттықты басқарушының өкілеттіктері

1. Банкроттықты басқарушы:

1) кредиторлардан мәлімделген талаптардың негізі мен сомасын растайтын құжаттарды сұратуға;

2) кредиторлар жиналысының келісімімен банкроттық рәсімін жүргізу үшін қарыз алуға;

3) осы Заңда көзделген тәртіппен бітімгершілік келісім жасасуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен кредиторлар жиналысы мен кредиторлар комитетінің, уәкілетті органның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасауға;

5) банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін үш жыл ішінде қосылу, бөліну немесе бөлініп шығу жолымен жасалған және мүлікті шығаруға алып келген борышкердің қайта ұйымдастырылуын жарамсыз деп тану туралы сотқа жүгінуге құқылы.

2. Банкроттықты басқарушы:

1) тағайындалған күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей уақытша басқарушыдан құрылтай құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, банкротқа тиесілі материалдық және өзге де құндылықтарды қабылдауға;

2) тағайындалғанынан кейін жеті жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан банкрот оған тиесілі (тиесілі болған) мүлік туралы ақпаратты және сұрау салу берілген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өзіне өтеусіз негізде берілуге тиіс растайтын құжаттардың көшірмелерін, егер оған уақытша басқарушы көрсетілген ақпаратты және құжаттарды бермеген болса, талап етіп алдыруға;

3) тағайындалғанынан кейін жеті жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органнан соттың банкрот деп тану туралы заңды күшіне енген шешімі бар тұлғаның банктік

шоттарының бар-жоғы және нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдықтары және қозғалысы туралы ақпарат сұратуға;

4) банкрот мүлкін қорғауды және бақылауды қамтамасыз етуге;

5) кредиторлар комитеті дебиторлық берешекті сату немесе факторинг шартын жасасу туралы шешім қабылдаған жағдайларды қоспағанда, банкрот алдында берешегі бар тұлғалар анықталған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей осы берешекті сот тәртібімен өндіріп алу туралы талап қоюға;

6) кредиторлар комитеті отырысының хаттамасына қол қойылған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей реверсивтік факторинг шартын жасасуға;

7) осы Заңның 7-бабында көрсетілген мән-жайлар кезінде борышкер немесе ол уәкілеттік берген тұлға жасаған мәмілелерді анықтауға және сот тәртібімен, оның ішінде осындай мәмілені анықтаған кредитордың өтінішхаты бойынша оларды жарамсыз деп тану туралы не мүлікті қайтару туралы талап қоюға;

8) кредиторлар комитетінің шешімі негізінде кредиторлар комитеті отырысының хаттамасына қол қойылған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін борышкер жасасқан шарттарды өзгертуге, бұзуға, орындаудан бас тартуға немесе олардың жарамдылығын даулауға;

9) кредиторлар жиналысы келіскен оңалту жоспарын борышкер ұсынған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей борышкер – дара кәсіпкерге, борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесіне (ол уәкілеттік берген органға), құрылтайшысына (қатысушысына) оңалту жоспарында көзделген іс-шаралардың іске асырылуын ескере отырып, борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытындыны ұсынуға;

10) сату жоспарына сәйкес банкрот мүлкін өткізуді жүзеге асыруға;

11) кредиторлар талаптарының тізілімін жүргізуге;

12) осы Заңның 11-бабының 4-тармағында аталған тұлғаларды анықтауға және оларды субсидиарлық жауаптылыққа тарту туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге;

13) борышкердің пайдасына ақша келіп түскеннен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей кредиторлармен есеп айырысуды жүзеге асыруға, сондай-ақ кредиторлардың талаптарын қанағаттандырудың белгіленген тәртібіне сәйкес кредиторлармен есеп айырысуды жүргізуге;

14) уәкілетті органға банкроттық рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы ағымдағы және сұратылатын ақпаратты уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша, тәртіппен және мерзімдерде беруге;

15) кредиторға оның жазбаша сұрау салуы негізінде банкроттық рәсімінің жүзеге асырылу барысы, борышкердің қаржылық жағдайы туралы сұрау салу келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде хабарлауға;

16) егер банкроттықты басқарушымен жасалған банкроттық рәсімін жүргізу туралы шартта өзгеше белгіленбесе, сот банкрот пен оның кредиторларының мүдделерін қозғайтын сот актісін шығарған жағдайда, кредиторлар комитетіне осы сот актісіне

шағым жасау туралы мәселені қарау үшін оның көшірмесін алған күнінен бастап жеті жұмыс күні ішінде ұсынуға;

17) кредиторлар жиналысы мен комитеті отырыстарының өткізілетін күні, уақыты мен орны туралы кредиторларды хабардар етуге;

18) соттың банкроттық рәсімін аяқтау туралы ұйғарымы заңды күшіне енгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға банкроттың банктік шоттарын жабу туралы өтініш жіберуге, банкроттың мөрін (болған кезде) жоюға;

19) сот оңалту рәсімін тоқтату, борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда, оңалтуды басқарушыдан тағайындалған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде құрылтай құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, банкротқа тиесілі материалдық және өзге де құндылықтарды қабылдауға;

20) құрылтай құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды, мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, материалдық және өзге де құндылықтарды:

соттың борышкерді банкрот деп тану туралы шешімінің күшін жою туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде – борышкерге немесе оңалтуды басқарушыға;

банкроттың кәсіпорнын сату кезінде тапсыру актісіне қол қойылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сатып алушыға беруге;

21) банкроттықты басқарушы шеттетілген (босатылған) жағдайда жаңадан тағайындалған банкроттықты басқарушыға ол тағайындалған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде құрылтай құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, банкротқа тиесілі материалдық және өзге де құндылықтарды, сондай-ақ банкроттың банктік шоттарының бар-жоғы және нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдықтары туралы және қозғалысы туралы қолда бар ақпаратты беруге;

22) тағайындалған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде кредиторлар комитетімен банкроттық рәсімін жүргізу туралы шарт жасасуға;

23) құқық қорғау органдарына әдейі банкроттық белгілерінің бар екенін көрсететін қолда бар деректер туралы хабарлауға;

24) осы Заңның 6-бабында белгіленген жағдайларда, құрылтайшыны (қатысушыны) және (немесе) лауазымды адамды субсидиарлық жауаптылыққа тарту және осы Заңның 96-бабының 3-тармағына сәйкес айқындалатын мөлшерде сомаларды өндіріп алу туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге;

25) осы Заңға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді орындауға міндетті.

3. Сот оңалту рәсімін тоқтату, борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату туралы шешім қабылдағаннан кейін банкроттықты басқарушы:

1) уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін уәкілетті органға борышкерді банкрот деп тану және кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы хабарландыруды қазақ және орыс тілдерінде тағайындалған күнінен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей жіберуге де;

2) осы Заңның 88-бабы 3-тармағының 2) – 8) тармақшаларында және 92-бабының 1-тармағында көзделген міндеттерді орындауға да міндетті.

Ескерту. 89-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.04.2015 № 308-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.11.2015 № 399-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2018 № 155-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

90-бап. Банкроттық рәсімінде кредиторлар талаптарының тізілімін қалыптастыру

1. Уақытша басқарушы тағайындалған күнінен бастап екі айдан кешіктірілмейтін мерзімде кредиторлар талаптарының тізілімін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және нысан бойынша қазақ және орыс тілдерінде қалыптастыруға міндетті.

Кредиторлар талаптарының тізілімін қалыптастыру мақсатында уақытша басқарушы сот банкроттық туралы іс қозғау туралы ұйғарым шығарған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей, ал егер салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредитор не мемлекеттік орган немесе мемлекет қатысатын заңды тұлға өтініш беруші болып табылса – тағайындалған күнінен бастап уәкілетті органға банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау және кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы хабарландыруды уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін қазақ және орыс тілдерінде жібереді.

Кредиторлардың талаптарын қабылдауды борышкердің орналасқан жері бойынша не әкімші ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарламада өзі көрсеткен әкімшінің тіркелген орны бойынша уақытша басқарушы жүзеге асырады.

Уәкілетті орган хабарландыруды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оны өзінің интернет-ресурсында орналастыруға міндетті.

Борышкердің интернет-ресурсы болған кезде көрсетілген интернет-ресурста хабарды жариялау міндетті болып табылады.

2. Уақытша басқарушы сот орындаушыларынан заңды күшіне енген сот шешімін немесе борышкерден ақша өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде осындай кредиторларды банкроттық туралы іс қозғау (борышкерді банкрот деп тану) және талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы жазбаша хабардар етеді.

Уақытша басқарушы банкроттық туралы іс қозғалған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде, ал егер салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредитор не мемлекеттік орган немесе мемлекет қатысатын заңды тұлға өтініш беруші болып табылса – тағайындалған күнінен бастап борышкер өздерінің алдында өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін жауапты болатын азаматтарды банкроттық туралы іс қозғау (борышкерді банкрот деп тану туралы) және талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы да жазбаша хабардар етеді.

3. Кредиторлар банкротқа қоятын талаптарын кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзімде мәлімдеуге тиіс.

Кредиторлардың талаптарында:

1) талаптың сомасы туралы (негізгі борыштың, сыйақының (мүдденің), тұрақсыздық айыбы мен өзге де айыппұл санкцияларының, залалдардың сомасы туралы жеке-жеке) мәліметтер қамтылуға тиіс. Талап сомасы көрсетілген талап мәлімделген күнге айқындалады;

2) осы Заңның 25-бабының 1-тармағында көзделген, кредиторлар жиналысын өткізу туралы хабарлама тәсілдерінің бірін көрсету қамтылуға тиіс.

Салыстыру үшін құжаттардың түпнұсқалары ұсыныла отырып, талаптың негізі мен сомасын растайтын құжаттардың көшірмелері (соттардың заңды күшіне енген шешімдері, шарттардың көшірмелері, борышкердің борышты мойындауы) талапқа қоса беріледі.

Егер сыйақы (мүдде) мен залалдар бойынша осы тармақтың екінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген талап сомасы сот борышкерді банкрот деп тану туралы шешім қабылдаған күнге өзгертілсе, онда сот осындай шешім қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде кредитор өзгерісті ескере отырып, өзінің талаптарын қайта мәлімдейді.

Кредиторлар талаптың негізі мен сомасын растайтын өзге де құжаттарды ұсынуға да құқылы.

Кредитордың талабы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен өндіріп алуға жатпайтын бөлігінде кредиторлар талаптарының тізіліміне талап қоюдың ескіру мерзімінің өтуі себебінен енгізілмейді.

Кредиторлардың шетел валютасында көрсетілген талаптары сот борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату туралы шешім қабылдаған күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам бойынша теңгемен есепке алынады.

Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес кредиторлар синдикатына қатысушылардың атынан және мүдделерінде әрекет етуді жүзеге асыратын банк-агент синдикатталған қарыз шарты негізінде кредиторлар синдикатына әрбір қатысушы бойынша жеке талаптарды мәлімдейді.

4. Қалыптастырылған кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар уәкілетті орган айқындаған тәртіппен енгізіледі.

5. Кредитордың осы баптың 3-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімнен кешіктіріліп мәлімделген талабы кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізіледі, бірақ мұндай кредитор бір ай мерзімде мәлімделген кредиторлар талаптары толық қанағаттандырылғанға дейін кредиторлар жиналысында дауыс беру құқығынан айырылады.

6. Кредиторлардың талаптарын уақытша басқарушы немесе банкроттықты басқарушы осындай талаптар мәлімделген күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарауға тиіс.

Танылған талаптар қарау нәтижелері бойынша кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізуге жатады.

Кредиторлардың сотқа бұрын өздері мәлімдеген талаптары, егер олар осы баптың 3-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген талаптарға сай келсе, кредитордың өтініші болған кезде тізілімге енгізілуі мүмкін.

7. Кредиторлар талаптарының тізіліміне:

1) кредиторлардың Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасында айқындалған, бөлінген активтермен қамтамасыз етілген талаптары және мынадай мүлікті: ипотекалық тұрғын үй қарызы шарттары бойынша (ипотекалық куәліктердің кепілін қоса алғанда) талап құқықтарын, сондай-ақ ұстаушыларында көрсетілген облигацияларға меншік құқығы мәмілелер не Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздер бойынша туындаған немесе оларға көшкен жағдайларда Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарының кепілімен қамтамасыз етілген ипотекалық облигацияларды ұстаушылардың талаптары;

2) кредиторлардың мемлекет кепілгерлігімен қамтамасыз етілген инфрақұрылымдық облигациялар бойынша талаптары;

РҚАО-ның ескертпесі!

3) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 02.08.2015 № 342-V Заңымен (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі).

3) борышкер құрылтайшыларының (қатысушыларының) еңбекке ақы төлеу, еңбек шарттары бойынша өтемақылар төлеу жөніндегі талаптарын, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша міндеттемелерді қоспағанда, олардың талаптары;

4) кепіл беруші үшінші тұлғалар болған жағдайларда, кепілді кредиторлардың кепіл нысанасына өндіріп алуды қолдану нәтижелері бойынша өтелген талаптары енгізілмейді.

8. Кредиторлар борышкерге берешектің сомасын және осы сомаға тиесілі сыйақыны (мүддені), борышкер тарапынан міндеттемелерді орындамаудан немесе тиісінше орындамаудан келтірілген залалдарды, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) және өзге де айыппұл санкцияларын қамтитын талаптарды қоюға құқылы.

9. Сыйақының (мүдденің) және залалдардың сомасы сот борышкерді банкрот деп тану туралы шешім қабылдаған күнге айқындалады.

10. Кредиторлардың банкроттық рәсіміне қатысуына байланысты шығыстары орнын толтыруға жатпайды.

Ескерту. 90-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

91-бап. Кредиторлардың талаптарын қарау

1. Кредиторлардың талаптарын қарау нәтижелері туралы (талапты толық көлемде немесе бір бөлігін тану немесе танымау себептерін көрсете отырып, танымау туралы) уақытша басқарушы шешім қабылданған күннен кейінгі күні әрбір кредиторды жазбаша хабардар етуге міндетті. Кредиторлардың борышкер банкрот деп танылғаннан кейін мәлімделген талаптары бойынша уақытша немесе банкроттықты басқарушы шешім қабылданған күннен кейінгі күні осындай кредиторды жазбаша хабардар етуге міндетті.

Кредитордың талабын (толық көлемде немесе бір бөлігін) тану туралы хабарламада уақытша немесе банкроттықты басқарушы кредиторлардың алғашқы жиналысының өткізілетін күнін, уақытын, орнын және күн тәртібін көрсетуге міндетті.

Осы тармақтың екінші бөлігінің ережелері сот оңалту рәсімін тоқтату, борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда, банкроттықты басқарушыға қолданылады.

2. Уақытша немесе банкроттықты басқарушының шешімімен келіспеген жағдайда кредитор талаптарды қарау нәтижелері туралы хабарламаны алған күннен бастап он

жұмыс күні ішінде мұндай шешімге банкроттық туралы істі қарайтын сотта шағым жасауға құқылы.

Ескерту. 91-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

92-бап. Кредиторлар талаптарының тізілімін жариялау

1. Уақытша басқарушы қалыптастырылған кредиторлар талаптарының тізілімін, сондай-ақ талаптары танылмаған кредиторлардың тізбесін уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін уәкілетті органға кредиторлар талаптарының тізілімі қалыптастырылған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жіберуге міндетті.

Уәкілетті орган кредиторлар талаптарының тізілімін алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оны өзінің интернет-ресурсында орналастыруға міндетті.

2. Кредитор өз талабының мөлшеріне, сондай-ақ жарияланған тізілімге енгізілген басқа кредиторлар талаптарының мөлшері мен негізіне жарияланған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде шағым жасауға құқылы.

Жарияланған тізілімге енгізілген кредиторлар талаптарының мөлшері мен негізіне осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген мерзімдерде борышкер – дара кәсіпкер де, борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесі де (ол уәкілеттік берген орган да), құрылтайшысы да (қатысушысы да) шағым жасауы мүмкін.

Ескерту. 92-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

93-бап. Кредиторлар жиналысының банкроттық рәсіміндегі өкілеттіктері

1. Кредиторлардың алғашқы жиналысын уақытша басқарушы борышкер банкрот деп танылған күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кеш болмайтын мерзімде өткізеді.

2. Кредиторлардың алғашқы жиналысында:

1) кепілге салынған мүлікті қоспағанда, мүлікке бағалау жүргізу туралы шешім қабылданады;

2) хабарламалары әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғалар хабарламаларының тізіліміне енгізілген тұлғалар арасынан банкроттықты басқарушының кандидатурасы таңдалады;

3) кредиторлар комитеті құрамының саны айқындалады және осы құрам, кредиторлар комитетінің төрағасы бекітіледі;

4) кредиторлар комитетінің жұмыс регламенті бекітіледі;

5) банкроттың мүлктік массасын түгендеу туралы есеп қаралады;

6) банкроттың қызметін жалғастыру (тоқтату) туралы шешім қабылданады.

3. Кредиторлар жиналысының құзыретіне:

1) хабарламалары әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғалар хабарламаларының тізіліміне енгізілген тұлғалар арасынан банкроттықты басқарушының кандидатурасын таңдау;

2) кредиторлар комитетінің құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

3) банкрот мүлкін тікелей сату туралы шешім қабылдау;

4) лизинг нысанасын мерзімінен бұрын сатып алу туралы шешім қабылдау;

5) банкроттықты басқарушыға уәкілетті орган белгілеген шекте негізгі сыйақы мөлшерін айқындау;

6) банкроттық рәсімін жүргізу мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдау;

7) қорытынды есепті келісу;

8) банкроттық рәсімін жүргізу үшін банкроттықты басқарушының қарыз алуы туралы шешім қабылдау;

9) бітімгершілік келісім жасасу туралы шешім қабылдау;

10) банкроттық рәсімі барысында оңалту рәсіміне өту туралы шешім қабылдау;

11) осы Заңның 95-1-бабында көзделген жағдайда оңалту жоспарын келісу;

12) кредитордың кредиторлар жиналысына келмеу себебін дәлелді себеп ретінде тану туралы шешім қабылдау;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар жатады.

4. Банкроттықты басқарушының кандидатурасын таңдаған кезде кредиторлар жиналысы әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғалар хабарламаларының тізілімінде тұрған тұлғаларға қатысты ұсынымдарды әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғалардың кәсіптік бірлестіктерінен алуы мүмкін.

Кредиторлар жиналысы сайланған кандидатты оның кандидатурасын уәкілетті органға ұсынғанға дейін оның банкроттықты басқарушы ретінде таңдалғаны туралы хабардар етуге міндетті.

Уәкілетті орган кредиторлар жиналысы ұсынған кандидатураны кредиторлар жиналысы оны ұсынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде банкроттықты басқарушы етіп тағайындауға міндетті.

Уәкілетті орган осы Заңның 12-бабы 5-тармағының бірінші бөлігі негізінде кандидатураны банкроттықты басқарушы етіп тағайындауға кедергі болатын мән-жайларды анықтаған жағдайда, анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде банкроттықты басқарушының кандидатурасын тағайындаудан уәжді бас тартуды не осы Заңның 12-бабы 8-тармағының 3) тармақшасы негізінде әкімші қызметін жүзеге асыруға құқылы адамдардың хабарламалары тізілімінен банкроттықты басқарушының хабарламасын алып тастау туралы хабарды кредиторлар жиналысына жіберуге міндетті.

Кредиторлар жиналысы ұсынылған кандидатураны тағайындаудан уәкілетті орган бас тартқан жағдайда, банкроттықты басқарушы етіп тағайындау үшін басқа кандидатура ұсынуға міндетті.

5. Кредитор оңалту рәсімін жүргізу барысында оңалтуды басқарушыдан борышкердің қаржылық жағдайы туралы ақпаратты сұратуға құқылы.

Ескерту. 93-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 22.04.2015 № 308-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.11.2015 № 399-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

94-бап. Банкроттық рәсімінде кредиторлар комитетінің өкілеттігі

Кредиторлар комитеті:

- 1) банкроттық рәсімінің жүргізілуіне және банкроттықты басқарушының қызметіне жедел бақылауды жүзеге асырады;
- 2) банкроттықты басқарушымен шарт жасасады және оны бұзады;
- 3) шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын банкроттық рәсімін жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітеді;
- 4) банкроттың жаңадан анықталған не мүліктік массаға қайтарылған мүлкіне бағалау жүргізу туралы шешім қабылдайды;
- 5) банкроттықты басқарушы сатып алатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін айқындайды;
- 6) борышкер мен кредитор арасындағы талаптарды өзара есепке жатқызу туралы шешім қабылдайды;
- 7) банкроттықты басқарушыны шеттету және бір мезгілде жаңа банкроттықты басқарушыны таңдау мәселесі бойынша кредиторлар жиналысын ұйымдастырады;
- 8) мүлікті сату жоспарын бекітеді;
- 9) мүлікті баланстық құны бойынша электрондық аукционға қою туралы шешім қабылдайды;
- 10) борышкердің өндіріп алу мүмкін емес дебиторлық берешегінің сомасын бекітеді ;
- 11) баланста есепте бар, бірақ түгендеу актісі бойынша жоқ жылжымалы мүлікті есептен шығару туралы шешім қабылдайды;
- 12) борышкер мүлкін мүліктік жалға беру (жалдау) шартын жасасу талаптарын айқындайды;
- 13) осы Заңда көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 94-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

95-бап. Кредиторлардың еңбекақы төлеу жөніндегі мүдделерін білдіру

1. Борышкерге еңбекақы төлеу жөнінде талаптары бар адамдар жиналыста (конференцияда) жасырын дауыс беру арқылы борышкердің, оның кредиторларының алдында өздерінің мүдделерін қорғауға уәкілетті өкілді сайлайды.

Кредитордың еңбекақы төлеу жөніндегі өкілі кредиторлар комитетінің құрамына кіреді.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген тәртіппен сайланған өкіл банкроттық рәсімінің жүргізілу кезеңінде өзіне осы Заңмен берілетін барлық кредитордың құқықтарын пайдаланады. Өкіл еңбекке ақы төлеу жөніндегі талаптарды кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізу нәтижелері бойынша өзін сайлаған жиналыс (конференция) алдында есеп береді.

Ескерту. 95-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

95-1-бап. Банкроттық рәсімінен оңалту рәсіміне өту

1. Борышкерге қатысты оңалту рәсімі қолданылмаған, ал банкроттық рәсімі барысында борышкер – дара кәсіпкер, борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), құрылтайшысы (қатысушысы) осы Заңның 73-бабы 1, 4 және 5-тармақтарының талаптарына сәйкес келетін оңалту жоспарын әзірлеген жағдайда, борышкер – дара кәсіпкер, борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), құрылтайшысы (қатысушысы) банкроттықты басқарушыға әзірленген оңалту жоспарын және банкроттық рәсімінен оңалту рәсіміне өту мүмкіндігін қарау үшін кредиторлар жиналысын өткізу туралы өтінішхатпен жүгінуге құқылы.

Банкроттықты басқарушы борышкер – дара кәсіпкердің, борышкер – заңды тұлға мүлкі меншік иесінің (ол уәкілеттік берген органның), құрылтайшысының (қатысушысының) өтінішхаты келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде кредиторларды кредиторлар жиналысын өткізу туралы осы Заңның 25-бабында көзделген тәртіппен хабардар етуге міндетті.

2. Кредиторлар жиналысы ұсынылған оңалту жоспарымен және банкроттық рәсімінен оңалту рәсіміне өтумен келіскен жағдайда жиналыс бір мезгілде борышкерді басқару жөніндегі өкілеттікті борышкер – дара кәсіпкерге, борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесі, құрылтайшысы (қатысушысы) уәкілеттік берген органға немесе

тұлғаға жүктеу туралы мәселені шешуге не әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғалар хабарламаларының тізілімінде тұрған тұлғалар арасынан оңалтуды басқарушының кандидатурасын таңдауға міндетті.

3. Банкроттықты басқарушы оңалту жоспарын алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оңалту жоспарында көзделген іс-шаралардың іске асырылуын ескере отырып, борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытындыны уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша жасауға және оны борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесіне (ол уәкілеттік берген органға), құрылтайшыларына (қатысушыларына), дара кәсіпкерге жіберуге міндетті.

Осы тармақта көзделген борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы қорытындыны осы Заңның 49-1-бабын ескере отырып, банкроттықты басқарушы жасайды.

4. Борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), құрылтайшысы (қатысушысы), дара кәсіпкер кредиторлар жиналысының келісімі және оңалту жоспарында көзделген іс-шаралардың іске асырылу қорытындысы бойынша борышкер қаржылық орнықтылықтың I сыныбына жатқызылатын, борышкердің қаржылық орнықтылығы туралы банкроттықты басқарушының қорытындысы болған кезде банкроттық рәсімін тоқтату, оңалту рәсімін қолдану және оңалту жоспарын бекіту туралы өтінішпен сотқа жүгінуге құқылы.

5. Сот борышкер – дара кәсіпкердің, борышкер – заңды тұлға мүлкі меншік иесінің (ол уәкілеттік берген органның), құрылтайшысының (қатысушысының) банкроттық рәсімін тоқтату, оңалту рәсімін қолдану және оңалту жоспарын бекіту туралы өтінішін осы Заңда көзделген ерекшеліктермен азаматтық сот ісін жүргізудің жалпы қағидалары бойынша қарайды.

6. Істі қарау нәтижелері бойынша сот банкроттық рәсімін тоқтату, оңалту рәсімін қолдану және оңалту жоспарын бекіту туралы не бас тарту туралы шешім шығарады.

7. Сот оңалту рәсімін қолдану және оңалту жоспарын бекіту туралы шешім шығарған жағдайда, борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату туралы шешімнің күші шешім шығарған соттың жоюына жатады.

Ескерту. 6-тарау 95-1-баппен толықтырылды - ҚР 13.11.2015 № 399-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

96-бап. Мүліктік масса

1. Мүліктік массаның құрамына:

1) банкроттың, оның ішінде оның қаржылық құжаттарында көрсетілмеген, бірақ талап құқықтарын (дебиторлық берешек) қоса алғанда, борышкердің меншік құқығын растайтын құжаттары бар мүлкі;

2) Қазақстан Республикасының жер заңнамасында көзделген жағдайларда банкроттың тұрақты және ұзақ мерзімді уақытша жер пайдалану құқықтары кіреді.

2. Мүліктік массаға банкрот – дара кәсіпкердің жеке мүлкі, толық серіктестік, коммандиттік серіктес, қосымша жауапкершілігі бар серіктестік қатысушыларының, сондай-ақ өндірістік кооператив мүшелерінің мүлкі бөлек енгізіледі және ескеріледі, оларға банкроттың мүлкі жеткіліксіз болған кезде Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес өндіріп алу қолданылуы мүмкін.

3. Тұлғаны субсидиарлық жауаптылыққа тарту кезінде мәлімделетін талаптардың мөлшері мұндай тұлғаны әкімшілік немесе қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібімен әдейі банкроттыққа кінәлі деп тануға негіз болған сот актісінде белгіленген залалдың мөлшеріне тең болады.

4. Мүліктік массаға:

1) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары;

2) Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес жобалық қаржыландыру кезінде арнайы қаржы компаниясының міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету және секьюритилендіру кезінде арнайы қаржы компаниясының облигациялары бойынша қамтамасыз ету болып табылатын бөлінген активтер мен ипотекалық облигациялар бойынша мынадай қамтамасыз ету болып табылатын кепілге салынған мүлік: ипотекалық тұрғын үй қарызы шарттары бойынша (ипотекалық куәліктерді қоса алғанда) талап құқығы, сондай-ақ көрсетілген акцияларға олардың ұстаушыларында мәмілелер не Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша меншік құқығы туындаған немесе оларға ауысқан жағдайларда Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары енгізілмейді. Банкроттықты басқарушы көрсетілген мүлік пен бөлінген активтерді кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес айқындалған ипотекалық облигацияларды ұстаушылардың өкіліне, кредиторлардың және (немесе) облигацияларды ұстаушылардың өкіліне береді;

2-1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясына сатылған мүлік;

3) Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес құрылған тарату қорларының қаражаты;

4) мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия объектісінің құрамына кіретін мүлік;

5) Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде көзделген, қызметті жүзеге асыру салдарын жоюға байланысты міндеттемелер бойынша талаптарды қаржылық

қамтамасыз ету болып табылатын І санаттағы объект операторының банктік салымы, сондай-ақ шығарындыларды, сертификатталған шығарындыларды қысқарту, шығарындыларды ішкі қысқарту, парниктік газдарды сіңіру квоталарының бірліктері;

6) осы Заңның 104-1-бабында көзделген тәртіппен және шарттармен кепілді кредиторға берген жағдайда кепілге салынған мүлік;

7) уақытша өтеусіз және уақытша қысқа мерзімді өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы;

8) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында көзделген, мәмілелер бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету, маржалық жарналар, клиринг (кепілді және резервтік) қорларына жарналар болып табылатын клиринг ұйымы клиентінің (клиринг қатысушысының) қаржы құралдары;

9) тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) үлестік құрылысын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның дауыс беретін акциялары (жарғылық капиталға қатысу үлестері);

10) кредиторлар жиналысының лизинг нысанасын мерзімінен бұрын сатып алу туралы шешім қабылдау жағдайын қоспағанда, лизинг нысанасы енгізілмейді.

Ескерту. 96-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 31.10.2015 № 380-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 487-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) ; 07.04.2016 № 487-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 401-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

97-бап. Банкроттың мүліктік массасын түгендеу

1. Уақытша басқарушы, кепілге салынған мүлікті қоспағанда, банкроттың мүліктік массасына түгендеу жүргізеді және түгендеу туралы есепті кредиторлардың алғашқы жиналысына ұсынады.

2. Түгендеу туралы есеп негізінде кредиторлар жиналысы:

1) түгендеу туралы есепті мақұлдау және банкроттықты басқарушыға мүліктік массаны бағалау мен өткізуге кірісуді тапсыру туралы;

2) түгендеу туралы есепті нақтылау және банкроттықты басқарушыға он жұмыс күнінен аспауға тиіс мерзімде қайталап түгендеу туралы есеп беру мерзімін белгілеу туралы шешім қабылдайды.

3. Банкроттықты басқарушы:

жаңадан анықталған не борышкерге қайтарылған мүлікке қатысты - осындай мүлікті өз қорғауына және бақылауына қабылдаған күннен бастап;

кепілге салынған мүлікке қатысты – кепілді кредитор немесе Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес кредиторлар синдикатына қатысушылардың атынан және мүдделерінде әрекет етуді жүзеге асыратын банк-агент кепілге салынған мүлікті заттай қабылдаудан бас тартқан не кепілді кредитор немесе Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес кредиторлар синдикатына қатысушылардың атынан және мүдделерінде әрекет етуді жүзеге асыратын банк-агент осы Заңның 104-1-бабының 3-тармағында белгіленген мерзімде уақытша басқарушының ұсынысына жауап ұсынбаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде түгендеу жүргізуге және түгендеу туралы есепті кредиторлар комитетіне ұсынуға міндетті.

Ескерту. 97-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

98-бап. Банкрот мүлкінің құнын бағалау

1. Уақытша басқарушының түгендеу туралы есебінде көрсетілген мүлікке бағалау жүргізу туралы шешімді кредиторлардың алғашқы жиналысы қабылдайды.

Жаңадан анықталған не мүліктік массаға қайтарылған мүлікке бағалау жүргізу туралы шешімді банкроттықты басқарушының түгендеу туралы есебін қарау кезінде кредиторлар комитеті қабылдайды.

2. Кредиторлардың алғашқы жиналысының немесе комитетінің бағалау туралы шешімінде банкрот мүлкіне бағалау жүргізу мерзімдері және бағалаушыны таңдау тәртібі қамтылуға тиіс.

3. Кредиторлардың алғашқы жиналысының немесе комитетінің шешіміне сәйкес банкроттықты басқарушы тиісті мамандарды тарта отырып, дебиторлық берешекті қоса алғанда, борышкер мүлкіне бағалау жүргізеді.

4. Банкроттықты басқарушы кредиторлар комитетінің шешімі негізінде мүлікті баланстық құны бойынша электрондық аукционға қоюға құқылы.

Ескерту. 98-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

99-бап. Банкрот мүлкін сату

1. Талап ету құқығын қоса алғанда, банкрот мүлкін сатуды банкроттықты басқарушы сату жоспарына сәйкес электрондық аукцион өткізу арқылы не тікелей сату әдісімен жүзеге асырады.

Банкрот мүлкін сату бойынша электрондық аукцион өткізу тәртібін және оны ұйымдастырушыны уәкілетті орган айқындайды.

2. Сату жоспарын банкроттықты басқарушы банкроттың мүліктік массасын түгендеу және бағалау деректері, сондай-ақ кредиторлар комитетінің мүлікті баланстық құны бойынша электрондық аукционға қою туралы шешімі негізінде жасайды.

Банкроттықты басқарушы кредиторлар комитеті белгілеген мерзімде сату жоспарын жасауға және оны кредиторлар комитетіне ұсынуға міндетті.

3. Банкроттың айналымда шектеулі мүлкін өткізу жабық электрондық аукционда жүзеге асырылады. Осы мүлікті сатып алуға құқығы бар тұлғалар жабық электрондық аукционның қатысушылары бола алады.

4. Мүлікті сату жоспарына сәйкес банкроттың сатуға ұсынылған, бірақ өткізілмей қалған мүлкі өздерінің талаптары толық көлемде қанағаттандырылмаған, тиісті кезек кредиторларына олардың келісімімен сату жоспарында көрсетілген бастапқы баға бойынша ортақ үлестік меншікке беруге жатады.

5. Стратегиялық объектіні сату кезінде Қазақстан Республикасының осындай мүлікті сатып алуға басым құқығы болады.

Банкроттықты басқарушы стратегиялық объектіні сатуды "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес оны иеліктен шығаруға рұқсат беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімін алғаннан кейін жүзеге асырады.

6. Банкрот мүлкін, сондай-ақ банкрот кәсіпорнын тікелей сату кезінде сату бағасы мен басқа да шарттары, сондай-ақ сатып алушы және онымен сатып алу-сату шартын жасасу мерзімі кредиторлар жиналысының бірауызды шешімімен айқындалады.

7. Банкроттың мүліктік массасында банкроттықты басқарушы тағайындалғанға дейінгі мерзім ішінде құны едәуір төмендейтін мүлік (тез бұзылатын тауарлар, мал және жедел өткізуді талап ететін өзге де тауарлар) болған жағдайларда, уақытша басқарушы осындай мүлік анықталған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде мүлікті сату жоспарын жасауға және оны уәкілетті органға келісу үшін ұсынуға міндетті.

Уәкілетті орган екі жұмыс күні ішінде уақытша басқарушының өтінішін қарауға және қабылданған шешім туралы уақытша басқарушыны дереу хабардар ете отырып, сату жоспарын келісу туралы не келісуден бас тарту туралы шешім қабылдауға міндетті.

Уақытша басқарушы мүлікті бекітілген сату жоспарына сәйкес өткізуге міндетті.

Ескерту. 99-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 29.06.2020 № 352-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

99-1-бап. Банкроттың кәсіпорнын сату

1. Осы баптың мақсаттары үшін банкроттың кәсіпорны деп кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін пайдаланылатын ғимараттарды, құрылыстарды, жабдықтарды, құрал-саймандарды, шикізатты, өнімдерді, жер учаскесіне құқықты, талап ету құқықтарын, борыштарды, сондай-ақ оның қызметін дараландыратын белгілерге құқықтарды (фирмалық атау, тауар белгілері) және басқа да айрықша құқықтарды қоса алғанда, мүліктің барлық түрлерін қамтитын мүліктік кешен ұғынылады.

2. Кәсіпорынды сату тікелей сату жолымен жүзеге асырылады.

3. Кәсіпорынды сату банкроттықты басқарушы сатып алушымен жасасатын кәсіпорынды сатып алу-сату шартымен ресімделеді.

4. Кәсіпорынды сату кезінде сатып алушы кәсіпорынды сатып алу-сату шартына сәйкес шартқа қол қойылған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде төлемді жүзеге асыруға тиіс.

Төлем жүргізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде банкроттықты басқарушы банкроттық рәсімін жүргізу барысында жұмсалған әкімшілік шығыстар сомасын шегеріп, сатудан түскен ақшаны мүліктің меншік иесіне немесе құрылтайшыға (қатысушыға) табыс етуге міндетті.

Банкроттықты басқарушының кәсіпорынды беруі және оны сатып алушының қабылдауы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тараптар қол қоятын және ресімделетін өткізу актісі бойынша жүзеге асырылады.

5. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін банкроттықты басқарушы сотқа өз қызметі туралы кредиторлар жиналысымен келісілген қорытынды есепті ұсынады.

6. Банкроттың кәсіпорнын сату кезінде сот қорытынды есепті бекітеді.

Борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қолдана отырып оны тарату туралы шешімнің күшін шешімді шығарған сот жоюға тиіс.

Ескерту. 6-тарау 99-1-баппен толықтырылды - ҚР 13.11.2015 № 399-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

100-бап. Мүліктік массаны бөлудің кезектілігі

1. Әкімшілік және сот шығыстары банкрот мүлкінің есебінен кезектен тыс жабылады.

Банкроттық рәсімін жүргізуге байланысты әкімшілік шығыстар әкімшілердің негізгі сыйақысын, төлеу міндеті банкроттық туралы іс қозғалған күннен бастап және одан

кейінгі кезең ішінде туындаған, тартылатын мамандардың көрсететін қызметтеріне ақы төлеу, еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдардың еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығындарды қамтиды.

Әкімшілік шығыстарға соттың банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату туралы шешімі заңды күшіне енген салықтық кезеңнен кейінгі салықтық кезеңдер үшін салықтық есептілікке сәйкес борышкер есептеген, мемлекеттік кіріс органы салықтық тексерулердің нәтижелері бойынша есепке жазған салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер де жатады.

Құрылтайшыны (қатысушыны) және (немесе) лауазымды адамды субсидиарлық жауаптылыққа тарту туралы сот актісінің орындалуы нәтижесінде банкроттың мүлктік массасына келіп түскен ақша кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруға жіберуге жатады. Мұндай ақшаның есебінен әкімшілік шығыстарды өтеуге жол берілмейді.

РҚАО-ның ескертпесі!

2-тармаққа өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 02.08.2015 № 342-V Заңымен (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Бірінші кезекте өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша; алименттерді өндіріп алу бойынша; Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешектерді төлей отырып, еңбек шарты бойынша жұмыс істеген адамдардың еңбегіне ақы төлеу және оларға өтемақылар төлеу бойынша; қызметтік өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі үшін авторларға сыйақылар төлеу бойынша талаптар қанағаттандырылады.

Бірінші кезектегі талаптарды өтеу осы тармақта жазылған кезектілік тәртібімен жүзеге асырылады.

Өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша кредиторлар талаптарын өтеу үшін мүлік жеткіліксіз болған жағдайда, мүлік кредиторлар арасында олардың тізілімге енгізілген талаптарының сомаларына пропорционал бөлінеді. Осы бөліктің ережелері алименттерді өндіріп алу бойынша, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешектерді төлей отырып, еңбек шарты бойынша жұмыс істеген адамдардың еңбегіне ақы төлеу және оларға өтемақылар төлеу бойынша, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша, қызметтік өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі үшін авторларға сыйақылар төлеу бойынша кредиторлар талаптарын өтеу кезінде қолданылады.

3. Екінші кезекте осы Заңның 104-1-бабының 7-тармағында көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген банкрот мүлкінің

кепілімен қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша кредиторлар талаптары, банкроттық рәсімін жүргізу кезеңінде банкроттықты басқарушының қарыз алуы нәтижесінде туындаған талаптар, сондай-ақ орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асыратын клирингтік ұйымның осы клирингтік ұйымның клирингтік қатысушысы болып табылатын банкрот орталық контрагенттің қатысуымен бұрын жасаған және орындамаған мәмілелердің нәтижесінде туындаған талаптары қанағаттандырылады.

4. Үшінші кезекте салықтық берешек, сондай-ақ кедендік төлемдер, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, пайыздар бойынша берешек өтеледі.

5. Төртінші кезекте азаматтық-құқықтық және өзге де міндеттемелер бойынша басқа кредиторлармен есеп айырысу жүргізіледі, сондай-ақ кредиторлардың:

1) осы Заңның 104-1-бабы 6-тармағының үшінші абзацында көзделген жағдайда;

2) бірінші кезек құрамына кірмеген авторлық шарттардан;

3) соттың мәмілені жарамсыз деп тануы және мүлікті банкроттың мүліктік массасына қайтару туралы шешім қабылдауы нәтижесінде туындаған талаптары қанағаттандырылады.

6. Бесінші кезекте залалдардың орнын толтыру және тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) өндіріп алу бойынша, сондай-ақ осы Заңның 102-бабының 5 және 6-тармақтарына сәйкес еңбекке ақы төлеу және өтемақылар төлеу бойынша кредиторлар талаптары қанағаттандырылады.

РҚАО-ның ескертпесі!

7-тармаққа өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 02.08.2015 № 342-V Заңымен (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі).

7. Алтыншы кезекте, өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша; алименттерді өндіріп алу бойынша; Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешектерді төлей отырып, еңбек шарты бойынша жұмыс істеген адамдардың еңбегіне ақы төлеу және оларға өтемақылар төлеу бойынша; қызметтік өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі үшін авторларға сыйақыларды төлеу бойынша талаптарды қоспағанда , кредиторлардың осы Заңның 90-бабы 3-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген мерзімнен кеш мәлімделген талаптары қанағаттандырылады.

Ескерту. 100-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

100-1-бап. Әкімшілік шығыстарды төлеу тәртібі

1. Банкроттықты басқарушы ай сайын кредиторлар комитетіне есепті ай үшін төлеуге жататын әкімшілік шығыстардың сомасын көрсете отырып, жұмыс нәтижелері туралы есепті ұсынады.

2. Кредиторлар комитеті осы баптың 1-тармағында көзделген есепті көрсетілген шығыстардың негізділігі тұрғысынан қарайды және төлеуге жататын әкімшілік шығыстардың сомасын бекіту туралы шешім қабылдайды.

3. Кредиторлар комитеттерінің шешімінсіз әкімшілік шығыстарды төлеуге жол берілмейді.

Ескерту. 6-тарау 100-1-баппен толықтырылды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

101-бап. Кредиторлармен есеп айырысу қағидалары

1. Әрбір кезектің талаптары, егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, алдыңғы кезектің талаптары толық қанағаттандырылғаннан кейін қанағаттандырылады.

Кредитордың талабы оның келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен, оның ішінде ақшалай нысанда және (немесе) мүлікті заттай беру арқылы қанағаттандырылуы мүмкін.

2. Банкроттықты басқарушы сатуға ұсынылған, бірақ өткізілмей қалған мүлікті осы Заңның 100-бабында белгіленген кезектілікті сақтай отырып, заттай беруді ұсынуға міндетті.

РҚАО-ның ескертпесі!

2-тармақтың екінші бөлігіне өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 02.08.2015 № 342-V Заңымен (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі).

Салықтар және кедендік төлемдер бойынша, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша кредитордан басқа, кредитор мүлікті банкроттықты басқарушы ұсынған күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оны талапты өтеу есебіне заттай қабылдау туралы өзінің жазбаша келісімін (келіспейтінін) білдіруге тиіс. Кредитордың жазбаша келісімді белгіленген мерзімде ұсынбауы мүлікті заттай қабылдаудан бас тартуы деп танылады.

Кредитордың мүлікті заттай қабылдауы мүмкін болмаған немесе кредитор қабылдаудан бас тартқан жағдайда, банкроттықты басқарушы осындай мүлікті келесі кезектің кредиторларына беруді ұсынуға міндетті.

3. Егер талаптарды есепке жатқызу кредиторлар талаптарын қанағаттандырудың кезектілігін бұзбаса, басқа тұлғалар тартылмай, тікелей, өзаралық болып табылса, кредиторлар комитетінің шешімі бойынша банкроттықты басқарушы оның қабылданған күнінен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей кредиторға талаптарды есепке жатқызу туралы мәлімдеуге міндетті. Есепке жатқызуға ақшаны төлеу туралы талаптар бойынша ғана жол беріледі.

4. Бірінші кезек кредиторларының осы Заңның 90-бабы 3-тармағының бірінші бөлігінде көзделген мерзім өткеннен кейін, бірақ барлық кредиторлармен есеп айырысу аяқталғанға дейін мәлімделген талаптары бірінші кезек құрамында кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізіледі және мүліктік масса есебінен қанағаттандыруға жатады. Мұндай талаптар тізілімге енгізілгенге дейін кредиторлардың талаптарын өтеу тоқтатыла тұрады.

Бірінші кезек кредиторларының барлық кредиторлармен есеп айырысу аяқталғаннан кейін, бірақ тарату балансы бекітілгенге дейін мәлімделген талаптары кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған банкрот мүлкінен қанағаттандырылады.

5. Кредиторлардың банкроттық рәсімін жүргізу кезеңінде банкроттықты басқарушының қарыз алуы нәтижесінде туындаған талаптары екінші кезек құрамына енгізілген, олардың алдындағы берешек банкроттық рәсімі қозғалғанға дейін туындаған кредиторлардың талаптары толық қанағаттандырылғаннан кейін өтеледі.

6. Кредиторлардың банкрот мүлкінің жеткіліксіздігінен қанағаттандырылмаған талаптары өтелді деп есептеледі.

Көрсетілген сомаларды кредитор соттың банкроттық рәсімін аяқтау туралы ұйғарымы негізінде дебиторлық берешектен шығаруға тиіс.

Осы тармақтың ережелері:

1) кепілдікпен, кепілгерлікпен немесе үшінші тұлғалардың кепілімен қамтамасыз етілген талаптарға;

2) осы Заңның 109-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларға қолданылмайды.

Ескерту. 101-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

102-бап. Бірінші кезектегі кредиторлардың талабын қанағаттандыру сомасы мен тәртібі

1. Борышкер өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін олардың алдында жауапты болатын азаматтар талаптарының сомасын айқындау азаматқа ол жетпіс жасқа толғанға дейін, бірақ кемінде он жыл ішінде төленуге жататын тиісті мерзімдік төлемдерді (борышкер банкрот деп танылған күнгі мөлшерде) капиталдандыру арқылы жүзеге асырылады. Егер азаматтың жасы жетпіс жастан асқан жағдайда, тиісті мерзімдік төлемдерді капиталдандыру кезеңі он жылды құрайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген тәртіпке сәйкес айқындалатын соманың төленуі банкроттың тиісті міндеттемесін тоқтатады.

3. Бірінші кезектегі кредиторлардың банкрот мүлкінің жеткіліксіздігіне байланысты қанағаттандырылмай қалған, өмір мен денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу бойынша талаптары Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеледі.

4. Еңбекке ақы төлеу және өтемақылар төлеу бойынша кредиторлар талаптарының сомасын айқындау кезінде бірінші кезек құрамында, осы баптың 5 және 6-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалған күнге түзілген берешек ескеріледі.

5. Өздерімен еңбек қатынастары бір жылдан басталатын банкроттық туралы іс қозғалғанға дейінгі кезең ішінде туындаған кредиторлардың еңбекақы мен өтемақы төлеу бойынша талаптары борышкерде банкроттық туралы іс қозғалғанға дейінгі бір жылдың алдындағы күнтізбелік он екі айда құралған орташа айлық жалақыдан аспайтын есеппен бірінші кезек құрамында ескеріледі. Талаптардың қалған сомалары бесінші кезек құрамында ескеріледі.

6. Қызметкердің жалақысын көтеру нәтижесінде пайда болған, бір жылдан бастап банкроттық туралы іс қозғалғанға дейінгі кезеңде есептелген еңбекақы және өтемақы төлеу жөніндегі кредиторлар талаптарының ұлғайту сомасы кредиторлар талаптарының тізілімінде бесінші кезек құрамында ескеріледі.

Ескерту. 102-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

103-бап. Екінші кезектегі кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру сомасы мен тәртібі

1. Кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеме бойынша талаптың сомасын айқындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген кепілмен қамтамасыз етілген бөлігіндегі міндеттеме бойынша берешек ескеріледі.

2. Кредитордың кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеме бойынша талаптары кепіл нысанасын өткізуден түскен соманың мөлшері шегінде қанағаттандырылады. Талаптардың кепіл нысанасын өткізуден түскен соманың мөлшерінен асатын сомасы төртінші кезек құрамына енгізуге жатады.

2-1. Егер кепілге салынған мүлік синдикатталған қарыз шарты бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету нысанасы болып табылса, кепіл нысанасын өткізуден түскен ақша, егер олардың арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес синдикатталған қаржыландыру кезінде кредит беруді жүзеге асыратын кредиторлар арасында олардың кепілмен қамтамасыз етілген талаптарының мөлшеріне пропорционалды түрде бөлінеді.

3. Алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 103-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 22.04.2015 № 308-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

104-бап. Кепілді кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру

Ескерту. 104-бап алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

104-1-бап. Кепілді кредиторлардың талаптарын кепілге салынған мүлікті заттай қабылдау арқылы қанағаттандыру

1. Уақытша басқарушы сот борышкерді банкрот деп тану туралы шешім қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде кепілге салынған мүлікке бағалау жүргізуді ұйымдастырады.

2. Банкроттық басқарушы өзі тағайындалған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде кепілді кредиторға және (немесе) Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес кредиторлар синдикатына қатысушылардың атынан және мүдделерінде әрекет етуді жүзеге асыратын банк-агентке пошта арқылы тапсырыс хатпен осы баптың 4-тармағына сәйкес кепілді кредитор өтеуге жататын соманы көрсете отырып, кепілге салынған мүлікті заттай қабылдау туралы ұсыныспен бірге кепілге салынған мүлікті бағалау нәтижелерін жібереді.

2-1. Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес кредиторлар синдикатына қатысушылардың атынан және мүдделерінде әрекет етуді жүзеге асыратын банк-агент кредиторлар синдикатына қатысушыларды кепілге салынған мүлікті заттай қабылдау туралы банкроттықты басқарушының келіп түскен ұсынысы туралы хабардар етуге міндетті.

3. Кепілді кредитор және (немесе) Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес кредиторлар синдикатына қатысушылардың атынан және мүдделерінде әрекет етуді жүзеге асыратын банк-агент осы баптың 2-тармағында көрсетілген ұсынысты алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей кепілге салынған мүлікті заттай қабылдауға келісімін немесе одан бас тартуын жазбаша түрде білдіруге міндетті.

Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес кредиторлар синдикатына қатысушылардың атынан және мүдделерінде әрекет етуді жүзеге асыратын банк-агенттің келісіміне синдикатталған қарыз туралы шартқа сәйкес қаржыландыру үлесі жиынтығында қаржыландырудың жалпы көлемінің кемінде үштен екісін құрайтын кредиторлар синдикатына қатысушылардың шешімі қоса беріледі.

4. Кепілді кредитор кепілге салынған мүлікті заттай қабылдауға келіскен жағдайда банкроттық басқарушыға кепілге салынған мүлікті заттай қабылдау туралы жазбаша хабарлама жіберілген күннен бастап бір айдан кешіктірмей оны қабылдағанға дейін

кепілге салынған мүлікті бағалауға және күтіп-ұстауға байланысты әкімшілік шығыстарды, сондай-ақ кредиторлар талаптары тізілімінің бірінші кезектегі құрамына енгізілген, еңбекке ақы төлеу бойынша кредиторлар талаптарын өтеу үшін борышкердің өзге мүлкі болмаған жағдайда, көрсетілген талаптарды өтеуге міндетті.

Еңбекке ақы төлеу бойынша кредиторлар талаптары республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген, үш айдан аспайтын кезең үшін жалақының ең төмен мөлшері шегінде, бірақ кепілге салынған мүліктің бағалау құнының он бес пайызынан аспайтын мөлшерде қанағаттандырылады.

Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес кредиторлар синдикатына қатысушылардың атынан және мүдделерінде әрекет етуді жүзеге асыратын банк-агент кепілге салынған мүлікті заттай қабылдауға келісім білдірген жағдайда, кепілге салынған мүлікті бағалауға және күтіп-ұстауға байланысты әкімшілік шығыстарды, сондай-ақ кредиторлар талаптары тізілімінің бірінші кезегінің құрамына енгізілген кредиторлардың еңбекке ақы төлеу жөніндегі талаптарын кредиторлар синдикатына қатысушылар осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген мерзімде осындай мүлік заттай қабылданғанға дейін өздерінің синдикатталған қарыз шартына сәйкес кепілмен қамтамасыз етілген талаптарының мөлшеріне пропорционалды түрде өтуге тиіс.

5. Банкроттықты басқарушы осы баптың 4-тармағында айқындалған әкімшілік шығыстар, сондай-ақ кредиторлар талаптары өтелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде кепілге салынған мүлікті кепілді кредиторға оның талаптарын қанағаттандыру есебіне береді.

Егер кепілге салынған мүлік синдикатталған қарыз шарты бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету нысанасы болып табылса, мұндай мүлік кредиторлар синдикатына қатысушыларға олардың синдикатталған қарыз шартына сәйкес кепілмен қамтамасыз етілген талаптарының мөлшеріне пропорционалды түрде үлестік меншікке беріледі.

6. Егер осы баптың 4-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген өтелген кредиторлар талаптарын шегергенде кепілге салынған мүліктің бағалау құны:

кепілді кредитор талаптарының мөлшерінен көп болса – кепілді кредитор және (немесе) Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес кредиторлар синдикатына қатысушылардың атынан және мүдделерінде әрекет етуді жүзеге асыратын банк-агент айырманы кепілге салынған мүлік өзіне берілген күннен бастап бір ай ішінде банкроттың мүліктік массасына береді ;

кепілді кредитор талаптарының мөлшерінен аз болса – кепілді кредитордың айырма мөлшеріндегі талаптары кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізіледі және төртінші кезек құрамында қанағаттандырылуға жатады.

7. Кепілді кредитордың талаптарын қанағаттандыру:

1) кепілді кредитор және (немесе) Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес кредиторлар синдикатына қатысушылардың атынан және мүдделерінде әрекет етуді жүзеге асыратын банк-агент кепілге салынған мүлікті заттай қабылдаудан бас тартқан;

2) кепілді кредитор және (немесе) Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес кредиторлар синдикатына қатысушылардың атынан және мүдделерінде әрекет етуді жүзеге асыратын банк-агент уақытша басқарушының ұсынысына осы баптың 3-тармағында белгіленген мерзімде жауап ұсынбаған;

3) осы баптың 4-тармағында айқындалған әкімшілік шығыстар мен кредиторлар талаптары толық көлемде өтелмеген жағдайларда, осы Заңның 103-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

8. Кепілді кредитор және (немесе) Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес кредиторлар синдикатына қатысушылардың атынан және мүдделерінде әрекет етуді жүзеге асыратын банк-агент банкроттықты басқарушыға банкроттың кепілге салынған мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды осы баптың 7-тармағында көзделген жағдайлар басталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде беруге міндетті.

9. Осы бапта белгіленген тәртіп талаптары банкроттық рәсімін жүргізу кезеңінде банкроттықты басқарушының қарыз алуы нәтижесінде туындаған кредиторларға қолданылмайды.

Ескерту. 6-тарау 104-1-баппен толықтырылды - ҚР 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

105-бап. Үшінші кезектегі кредиторлар талаптарының сомасы және оларды қанағаттандыру тәртібі

Үшінші кезек құрамына енгізілетін талаптар сомасын айқындау кезінде банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалған күнге түзілген салықтық берешек, сондай-ақ кедендік төлемдер, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, пайыздар бойынша берешек ескеріледі.

Үшінші кезектегі кредиторлар талаптарын өтеу үшін мүлік жеткіліксіз болған жағдайда, мұндай мүлік өздерінің арасында тізілімге енгізілген талаптарының сомасына пропорционал бөлінеді.

Ескерту. 105-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

106-бап. Төртінші кезектегі кредиторлар талаптарының сомасы және оларды қанағаттандыру тәртібі

1. Төртінші кезектегі талаптардың құрамына енгізілетін талаптар сомасын айқындау кезінде азаматтық-құқықтық және өзге де міндеттемелер бойынша кредиторлар талаптары, сондай-ақ:

- 1) осы Заңның 104-1-бабы 6-тармағының үшінші абзацында көзделген жағдайда;
- 2) бірінші кезек құрамына кірмеген авторлық шарттардан туындаған кредиторлар талаптары ескеріледі.

2. Мүлік жеткіліксіз болған кезде ол төртінші кезектегі кредиторлардың арасында олардың қанағаттандырылуға жататын талаптарының сомасына пропорционалды түрде бөлінеді.

Ескерту. 106-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

107-бап. Бесінші кезектегі кредиторлар талаптарының сомасы және оларды қанағаттандыру тәртібі

Мүлік жеткіліксіз болған кезде кредиторлардың залалдардың орнын толтыру және тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) өндіріп алу бойынша талаптары, сондай-ақ кредиторлардың осы Заңның 102-бабының 5 және 6-тармақтарында көрсетілген талаптары олардың тізілімге енгізілген талаптарының сомасына пропорционалды түрде қанағаттандырылуға жатады.

107-1-бап. Алтыншы кезектегі кредиторлар талаптарының сомасы және оларды қанағаттандыру тәртібі

Мүлік жеткіліксіз болған кезде осы Заңның 100-бабының 7-тармағында көрсетілген кредиторлар талаптары олардың тізілімге енгізілген талаптарының сомасына пропорционал қанағаттандыруға жатады.

Ескерту. 6-тарау 107-1-баппен толықтырылды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

108-бап. Кредиторлар талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлік

1. Кредиторлар талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшаны банкроттықты басқарушы Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе банкроттың құрылтай құжаттарына сәйкес дара кәсіпкерге, банкрот – заңды тұлға мүлкінің меншік иесіне (ол уәкілеттік берген органға), құрылтайшыларына (қатысушыларына) береді.

2. Кредиторлар талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған, сатуға ұсынылған, бірақ өткізілмей қалған, сондай-ақ талаптарды қанағаттандыру есебіне кредитор немесе әкімшілік шығыстардың орнын толтыру есебіне әкімші қабылдамаған банкроттың заттай мүлкі, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, дара кәсіпкерге, банкрот – заңды тұлға мүлкінің меншік иесіне (ол уәкілеттік берген органға), құрылтайшыларына (қатысушыларына) беріледі.

Ескерту. 108-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

109-бап. Банкротты борыштардан босату және оның міндеттемелерін үшінші тұлғалардың орындауы

Ескерту. 109-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Кредиторлармен есеп айырысу аяқталғаннан кейін банкрот атқаруға қойылған және заңды тұлғаны банкрот деп тану кезінде ескерілген міндеттемелер мен өзге де талаптарды орындаудан босатылады.

Кредиторлармен есеп айырысу аяқталғаннан кейін банкрот деп танылған дара кәсіпкер банкрот деп жарияланған тұлға өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін олардың алдында жауаптылықта болатын азаматтардың талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жеке сипаттағы өзге де талаптарды қоспағанда, кәсіпкерлік қызметке байланысты қалған міндеттемелерді орындаудан босатылады.

2. Банкроттың кредиторлар алдындағы банкроттық рәсімінің нәтижелері бойынша орындалмай қалған міндеттемелері өзіне қатысты соттың осындай кредиторлар талаптарының сомасын осы Заңның 96-бабының 3-тармағына сәйкес айқындалатын мөлшерде субсидиарлық тәртіппен өндіріп алу туралы шешімі заңды күшіне енген тұлғаның орындауына жатады.

Ескерту. 109-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

110-бап. Банкроттықты басқарушының қорытынды есебі

1. Кредиторлар талаптары қанағаттандырылғаннан кейін банкроттықты басқарушы сотқа тарату балансын және кредиторлар талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлікті пайдалану туралы есепті қоса бере отырып, өз қызметі туралы кредиторлар жиналысымен келісілген қорытынды есепті ұсынады.

Банкроттың кәсіпорны сатылған жағдайда, тарату балансы қоса берілмейді.

2. Өтініші бойынша банкроттық туралы іс қозғалған салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредитор не мемлекеттік орган немесе мемлекет қатысатын заңды тұлға сотта банкроттықты басқарушының қорытынды есебі қаралған кезде, егер банкроттық рәсімін жүргізу барысында жиынтығында мынадай мән-жайлар:

1) борышкер мүлкінің жоқ екені;

2) борышкердің жарамсыз деп тануға жатқан мәмілелерінің жоқ екені;

3) өзіне қатысты соттың субсидиарлық жауаптылыққа тарту туралы шешімі заңды күшіне енген борышкер құрылтайшысының (қатысушысының), лауазымды адамының Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес өндіріп алуды қолдануға мүмкін болатын мүлкінің жоқ екені не аталған тұлғаларды субсидиарлық жауаптылыққа тарту туралы талап қоюмен сотқа жүгіну үшін негіздердің жоқ екені анықталса, уақытша және банкроттықты басқарушыларға негізгі сыйақыны төлеу, сондай-ақ кредиторлар комитетінің шешімі бойынша өзге де әкімшілік шығыстардың орнын толтыру туралы өтінішхатты мәлімдеуге міндетті.

3. Сот ұсынылған күнінен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде банкроттықты басқарушының қорытынды есебін, егер осы баптың 1-тармағының екінші бөлігінде өзгеше белгіленбесе, тарату балансын бекітеді және банкроттық рәсімін аяқтау туралы ұйғарым шығарады.

Банкроттық рәсімін аяқтау туралы ұйғарымда банкроттың өткізілмей қалған мүлкімен байланысты мәселелер шешілуге тиіс. Сот ұйғарымның көшірмесін заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға, уәкілетті органға, мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның аумақтық органына, сондай-ақ талаптары қанағаттандырылмаған банкрот кредиторларына жібереді. Осы бөліктің күші банкроттың кәсіпорнын сату жағдайларына қолданылмайды.

Соттың банкроттық рәсімін аяқтау туралы ұйғарымында осы баптың 2-тармағында көзделген өтінішхатта көрсетілген сомаларды төлеу туралы нұсқау да қамтылуға тиіс.

Уақытша және банкроттықты басқарушыларға негізгі сыйақыны төлеу тәртібін, сондай-ақ өзге де әкімшілік шығыстардың орнын толтыру тәртібі мен мөлшерін уәкілетті орган айқындайды.

4. Егер жүргізілген борышкердің банкроттық рәсімінің нәтижелері бойынша үшінші тұлғалардың кепілдігімен, кепілгерлігімен немесе мүлік кепілімен қамтамасыз етілген кредитор талаптары қанағаттандырылмай қалған болса, онда мұндай кредитор соттың банкроттық рәсімін аяқтау туралы заңды күшіне енген ұйғарымы негізінде Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен үшінші тұлғалар - кепілдік берушілерден, кепілгерлерден немесе кепіл берушілерден сомаларды өндіріп алу туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге құқылы.

Ескерту. 110-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

111-бап. Уәкілетті органның интернет-ресурсында борышкерлер тізімін орналастыру

1. Уәкілетті орган өзінің интернет-ресурсында:

1) өздеріне қатысты соттың банкрот деп тану, оңалту рәсімін қолдану, банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы шешімі заңды күшіне енген борышкерлер тізімін;

2) өздеріне қатысты соттың оңалту рәсімін тоқтату туралы ұйғарымы заңды күшіне енген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар тізімін орналастырады.

Борышкерді банкрот деп тану, оңалту рәсімін қолдану не банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы шешімнің күші жойылған, бітімгершілік келісім жасалған немесе кәсіпорын сатылған жағдайларда, борышкер тізімнен алып тасталады.

Тізімде борышкердің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) не атауы, борышкердің экономикалық қызмет түрі, деректемелері, басшы мен құрылтайшылардың (қатысушылардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), соттың борышкерді банкрот деп тану, оңалту рәсімін қолдану не банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы шешімінің, соттың банкроттық рәсімін аяқтау, оңалту рәсімін тоқтату не банкроттық рәсімін қозғамай таратуды аяқтау туралы ұйғарымының күні, сондай-ақ әкімшінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), электрондық мекенжайы және байланыс телефоны көрсетіледі.

2. Осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген борышкерлер тізімі өздеріне қатысты соттың оңалту рәсімін немесе банкроттық рәсімін қолдану не банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы шешімі өткен тоқсанда заңды күшіне енген борышкерлерді енгізу, сондай-ақ өздеріне қатысты соттың қорытынды есепті бекіту не оңалту рәсімін тоқтату туралы ұйғарымы заңды күшіне енген борышкерлерді алып тастау жолымен өткен тоқсаннан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірілмей тоқсан сайын жаңартылады.

Осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген тізім соттың өздеріне қатысты оңалту рәсімін тоқтату туралы ұйғарымы заңды күшіне енген күннен бастап екі жыл өткен дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды одан алып тастау жолымен жаңартылады.

Ескерту. 111-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

112-бап. Банкротты таратуды аяқтау

1. Осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, банкротты тарату аяқталды, ал банкрот жұмыс істеуін тоқтатты деп заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркелімдеріне бұл туралы жазба енгізілгеннен кейін немесе жеке тұлға дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен алынғаннан кейін есептеледі.

Банкротты таратудың аяқталуы банкроттықты басқарушының өкілеттігін тоқтатады

2. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органдар банкротты заңды тұлғалардың тіркелімінен алып тастау туралы бұйрықтарды сотқа және уәкілетті органға, сондай-ақ банкроттың орналасқан жері бойынша мемлекеттік кіріс органына жібереді.

3. Алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Банкроттың кәсіпорнын сату борышкерді банкрот деп тану және шешім шығарған соттың банкроттық рәсімді қозғай отырып оны тарату туралы сот шешімінің күшін жоюға негіз болып табылады.

Шешімнің күші жойылғаннан кейін заңды тұлға немесе дара кәсіпкер өз қызметін жүзеге асыруды жалғастырады.

Ескерту. 112-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.11.2015 № 399-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-1-тарау. Бітімгершілік келісім

Ескерту. Заң 6-1-тараумен толықтырылды - ҚР 13.11.2015 № 399-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

112-1-бап. Бітімгершілік келісімді жасасу шарттары

1. Банкроттық рәсімін жүргізудің кез келген сатысында борышкер мен кредиторлар бітімгершілік келісімді жасасуға құқылы.

2. Кредиторлар тарапынан бітімгершілік келісімді жасасу туралы шешім кредиторлар жиналысында қабылданады.

Банкрот тарапынан бітімгершілік келісім жасасу туралы шешімді дара кәсіпкер, банкрот – заңды тұлға мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), құрылтайшысы (қатысушысы) және банкроттықты басқарушы қабылдайды.

Бітімгершілік келісімде көзделген құқықтар мен міндеттерді өзіне алатын үшінші тұлғалардың бітімгершілік келісімге қатысуына жол беріледі.

3. Бітімгершілік келісімді сот бекітеді.

Бітімгершілік келісімді бекіткен кезде сот бітімгершілік келісімді бекіту туралы ұйғарым шығарады, онда банкроттық рәсімінің тоқтатылатыны және борышкерді

банкрот деп тану және банкроттық рәсімді қолдану туралы шешімнің орындауға жатпайтыны көрсетіледі.

4. Бітімгершілік келісімді бекіту туралы соттың ұйғарымы күшіне енген күннен бастап ол күшіне енеді және бітімгершілік келісімге қатысатын борышкер, кредиторлар және үшінші тұлғалар үшін міндетті болып табылады.

5. Күшіне енген бітімгершілік келісімді орындаудан біржақты бас тартуға жол берілмейді.

Ескерту. 112-1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

112-2-бап. Бітімгершілік келісімнің мазмұны

1. Бітімгершілік келісім:

1) банкрот міндеттемелерін орындауды кейінге қалдыру және (немесе) мерзімін ұзарту;

2) банкроттың талап ету құқықтарын басқаға беру;

3) банкроттың міндеттемелерін үшінші тұлғалардың орындауы;

4) борышты аудару;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, кредиторлардың талаптарын банкроттың акцияларына, жарғылық капиталындағы қатысу үлестеріне алмастыру;

6) кредиторлар талаптарын Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қанағаттандыру жағдайларында жасалуы мүмкін.

2. Бітімгершілік келісімде банкрот міндеттемелерін орындау мөлшері, тәртібі мен мерзімдері туралы және (немесе) оның міндеттемелерін тоқтату туралы мәліметтер болуға тиіс.

3. Банкрот тарапынан бітімгершілік келісімге банкрот – дара кәсіпкер, банкрот – заңды тұлға мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген тұлға), құрылтайшысы (қатысушысы) және банкроттықты басқарушы қол қояды. Бітімгершілік келісімге кредиторлар атынан кредиторлар жиналысының төрағасы қол қояды.

4. Егер бітімгершілік келісімге үшінші тұлғалар қатысқан жағдайда олардың тарапынан бітімгершілік келісімге осы тұлғалар немесе олардың уәкілетті өкілдері қол қояды.

5. Бітімгершілік келісім борышкердің кредиторлар алдындағы міндеттемелерді орындау тәртібі мен мерзімдері туралы ережелерді қамтуға тиіс.

6. Бітімгершілік келісім жасасуға қарсы дауыс берген немесе дауыс беруге қатыспаған кредиторлар үшін бітімгершілік келісімнің шарттары оны жасауды жақтап дауыс берген кредиторларға арналған шарттарға қарағанда нашар болмауға тиіс.

Ескерту. 112-2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

112-3-бап. Мемлекеттік орган тарапынан бітімгершілік келісім жасасу шарттары

1. Бітімгершілік келісім жасасу кезінде мемлекеттік орган кредиторлардың бірі болып әрекет еткен жағдайда, бітімгершілік келісім мұндай мемлекеттік орган алдында берешекті өтеуді бөліп төлеу шарттарымен бітімгершілік келісім бекітілген күннен бастап үш жылдан аспайтын мерзімге жасалуы мүмкін.

Осы баптың бірінші бөлігіндегі талаптар сақталған жағдайда салықтық берешек банкроттың және (немесе) үшінші тұлғаның мүлкін кепілге қою арқылы және (немесе) банк кепілдігімен өтеледі.

2. Кепілге қойылатын мүлік өтімді, жоғалудан немесе бүлінуден сақтандырылған болуға тиіс және оның нарықтық құны салықтық берешек сомасынан кем болмауға тиіс . Мыналар:

- 1) тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектілері;
- 2) энергияның электр, жылу және өзге де түрлері;
- 3) тыйым салынған мүлік;
- 4) мемлекеттік органдар салған шектеулері бар мүлік;
- 5) үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынған мүлік;
- 6) тез бұзылатын шикізат, тамақ өнімдері кепіл заттары бола алмайды.

Ескерту. 112-3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

112-4. Бітімгершілік келісімді соттың бекітуі

1. Бітімгершілік келісімді бірінші кезектегі кредиторлардың талаптары бойынша берешек өтелгеннен кейін ғана соттың бекітуі мүмкін.

2. Банкроттықты басқарушы бітімгершілік келісім жасасу туралы кредиторлар жиналысы шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сотқа бітімгершілік келісімді бекіту туралы өтініш беруге міндетті.

3. Бітімгершілік келісімді бекіту туралы өтінішке:

- 1) осы Заңның 112-2-бабының 3 және 4-тармақтарында көрсетілген тұлғалар қол қойған бітімгершілік келісім;
- 2) бітімгершілік келісім жасасу туралы шешімді қабылдаған кредиторлар жиналысының хаттамасы;
- 3) кредиторлардың тұрғылықты жері немесе орналасқан жері, сондай-ақ берешек сомасы көрсетілген кредиторлар тізімі;
- 4) бірінші кезектегі кредиторлардың талаптары бойынша берешектің өтелуін растайтын құжаттар;

5) бітімгершілік келісімді жасасуға қарсы дауыс берген кредиторлардың жазбаша қарсылықтары қоса беріледі.

4. Бітімгершілік келісім жасасқан және сот отырысының өткізілетін уақыты мен орны жөнінде тиісті түрде хабардар етілген адамдар сот отырысына келмей қалған жағдайда, егер осы адамдардан бітімгершілік келісімді бекіту мәселесін олардың қатысуынсыз қарастыру туралы өтініш түспесе, сот бұл мәселені қарамайды.

5. Бітімгершілік келісімді бекіту туралы соттың ұйғарымына Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға (наразылық білдіруге) болады.

6. Бітімгершілік келісімді бекіту туралы сот ұйғарымының күшін жою банкроттық рәсімін қозғау үшін негіз болып табылады.

112-5-бап. Бітімгершілік келісімді бекіту салдарлары

1. Бітімгершілік келісімді бекіту банкроттық рәсімін тоқтату үшін негіз болып табылады.

Борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып оны тарату туралы шешім одан әрі орындауға жатпайды.

2. Банкроттықты басқарушының өкілеттігі бітімгершілік келісімді бекіту туралы сот ұйғарымы заңды күшіне енген күннен бастап тоқтатылады.

3. Бітімгершілік келісімді бекіту туралы сот ұйғарымы заңды күшіне енген күннен бастап:

1) бітімгершілік келісімнің шарттарына сәйкес борышкер және (немесе) үшінші тұлғалар кредиторлар алдындағы берешекті өтеуге кіріседі;

2) осы Заңның 87-бабына сәйкес борышкерге қолданылған салдарлардың күші тоқтатылады.

112-6-бап. Бітімгершілік келісімді бекітуден бас тарту және оның салдарлары

1. Соттың бітімгершілік келісімді бекітуден бас тартуы үшін:

1) борышкердің және (немесе) үшінші тұлғалардың бірінші кезектегі кредиторлардың талаптары бойынша берешекті өтеу міндеттерін орындамауы;

2) осы Заңда белгіленген бітімгершілік келісімді жасасу тәртібін бұзуы;

3) банкроттық рәсіміне қатысушылардың және (немесе) үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуы;

4) бітімгершілік келісім шарттарының Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келуі негіз болып табылады.

2. Сот бітімгершілік келісімді бекітуден бас тарту туралы ұйғарым шығарады, оған Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға (наразылық келтіруге) болады.

3. Сот бітімгершілік келісімді бекітуден бас тарту туралы ұйғарым шығарған жағдайда бітімгершілік келісім жасалмаған болып саналады.

4. Соттың бітімгершілік келісімді бекітуден бас тарту туралы ұйғарым шығаруы жаңа бітімгершілік келісімді жасасуға кедергі болмайды.

112-7-бап. Бітімгершілік келісімді бұзу және оның салдарлары

1. Жекелеген кредиторлар мен борышкер арасындағы сот бекіткен бітімгершілік келісімді бұзуға жол берілмейді.

2. Өтініш берілген күні кредиторлар талаптарының тізіліміне кірген талаптардың жалпы сомасынан жиырма бес пайыздан кем емес талаптарды иеленетін кредитордың (кредиторлардың) өтініші бойынша, сондай-ақ осындай кредиторларға қатысты борышкер және (немесе) үшінші тұлғалар бітімгершілік келісім шарттарын орындамаған жағдайда бітімгершілік келісім барлық кредиторларға қатысты сот шешімі бойынша бұзылуы мүмкін.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған кредитордың (кредиторлардың) өтінішіне мұндай кредитор (кредиторлар) мен әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлға арасында жасалған уақытша басқарушының өкілеттігін жүзеге асыру туралы келісімнің көшірмесі қоса беріледі.

3. Бітімгершілік келісімді бұзу туралы өтінішті оны бекіткен сот қарайды.

4. Бітімгершілік келісімді бұзу туралы өтініш бойынша істі сот Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында көзделген жалпы қағидалар бойынша қарайды.

Ескерту. 112-7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

112-8-бап. Бітімгершілік келісімді бекіту туралы сот ұйғарымының күші жойылғаннан немесе бітімгершілік келісім бұзылғаннан кейін банкроттық рәсімін қолдану

1. Соттың бітімгершілік келісімді бекіту туралы ұйғарымы негізінде тоқтатылған банкроттық рәсімі:

1) соттың бітімгершілік келісімді бекіту туралы ұйғарымының күші жойылған;

2) сот бітімгершілік келісімді бұзу туралы шешім шығарған жағдайларда қозғауға жатады.

2. Соттың бітімгершілік келісімді бекіту туралы немесе бітімгершілік келісімді бұзу туралы ұйғарымының күшін жою туралы шешім қабылдаған сот сот актісінде банкроттық рәсімін қозғау туралы көрсетуге міндетті.

3. Банкроттық рәсімі осы Заңның 6-тарауында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Уақытша басқарушы банкроттық рәсімін қозғау туралы сот актісі шығарылған күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде кредиторлардың алғашқы жиналысын өткізуге міндетті.

Ескерту. 112-8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

112-9-бап. Бітімгершілік келісімді бекіту туралы сот ұйғарымының күшін жоюдың немесе бітімгершілік келісімді бұзудың салдарлары

1. Бітімгершілік келісімді бекіту туралы сот ұйғарымының күшін жою немесе бітімгершілік келісімді бұзу бірінші кезектегі кредиторлардың берешекті өтеу есебінен өздерінің алғанын банкротқа қайтару міндетіне әкеп соқпайды.

2. Бітімгершілік келісім шарттарында есеп айырысу жүргізілген кредиторлардың талаптары өтелген болып есептеледі.

3. Бітімгершілік келісімді бекіту туралы сот ұйғарымының күші жойылған немесе бітімгершілік келісім бұзылған және банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалған жағдайда өздеріне қатысты бітімгершілік келісім жасалған кредиторлар талаптарының көлемі бітімгершілік келісімде белгіленген шарттар ескеріле отырып айқындалады.

7-тарау. БАНКРОТТЫҚ РӘСІМН ҚОЗҒАМАЙ БОРЫШКЕРДІ ТАРАТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ескерту. 7-тарау жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

113-бап. Банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату

Банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату:

- 1) борышкер жоқ борышкер болып табылған;
- 2) борышкерге қатысты осы Заңның 114-бабының 3-тармағында көзделген мән-жайлардың жиынтығы болған жағдайларда, жүзеге асырылады.

114-бап. Сотқа банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату туралы өтінішпен жүгіну негіздері

1. Сотқа банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату туралы өтінішпен:

- 1) салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредитор – осы Заңның 113-бабының 1) тармақшасында көзделген жағдайда;
- 2) борышкер – егер өзіне қатысты осы баптың 3-тармағында көзделген мән-жайлардың жиынтығы болған жағдайда жүгінеді.

2. Салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредитордың сотқа банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату туралы өтінішпен жүгінуі үшін мынадай мән-жайлардың жиынтығы негіз болып табылады:

1) борышкердің, сондай-ақ оның құрылтайшылары (қатысушылары) мен лауазымды адамдарының орналасқан жерін қатарынан алты ай бойы анықтаудың мүмкін болмауы, бұл жөнінде уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша және тәртіппен құжат жасалады;

2) өтініш берілгенге дейін үш жыл бойы борышкердің меншік құқығында мүлкінің, сондай-ақ дебиторлық берешегінің болмауы;

3) өтініш берілгенге дейін үш жыл бойы борышкердің жасалған жағдайда осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген негіздер бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін мәмілелер жасамауы.

3. Борышкердің сотқа банкроттық рәсімін қозғамай өзін тарату туралы өтінішпен жүгінуі үшін мынадай мән-жайлардың жиынтығы негіз болып табылады:

1) борышкердің кредиторлар алдында республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі мың бес жүз еселенген мөлшерінен аспайтын берешегінің болуы;

2) өтініш берілгенге дейін үш жыл бойы борышкердің меншік құқығында мүлкінің, сондай-ақ дебиторлық берешегінің болмауы;

3) өтініш берілгенге дейін үш жыл бойы борышкердің жасалған жағдайда осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген негіздер бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін мәмілелер жасамауы;

4) өтініш берілгенге дейін үш жыл бойы борышкердің банктік шоттар мен касса бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырмауы;

5) өтініш берілгенге дейін үш жыл бойы борышкердің Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасында белгіленген салықтық және кедендік тексерулер мен өзге де бақылау нысандарының тізімдеріне енгізілмеуі;

6) өтініш берілген күнге қылмыстық қудалау органдарының борышкер қызметіне байланысты қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін заңды тұлғаның құрылтайшысына (қатысушысына) немесе оның лауазымды адамына, сол сияқты дара кәсіпкерге қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізбеуі.

115-бап. Банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату туралы өтінішке қоса берілетін құжаттар

1. Салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредитордың банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату туралы өтінішіне:

1) борышкердің салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредитор алдындағы міндеттемелерін, сондай-ақ осы міндеттемелер бойынша берешегінің бар екенін және сомасын;

2) борышкердің жоқ борышкер болып табылатынын растайтын құжаттар қоса беріледі.

2. Борышкердің банкроттық рәсімін қозғамай өзін тарату туралы өтінішіне осы Заңның 114-бабының 3-тармағында көзделген мән-жайлардың бар екенін растайтын құжаттар, сондай-ақ борышкер – дара кәсіпкердің, борышкер – заңды тұлға мүлкі меншік иесінің (ол уәкілеттік берген органның) немесе құрылтайшыларының (қатысушыларының) борышкердің банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы өтінішпен сотқа жүгінуі туралы шешімі қоса беріледі.

116-бап. Банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау

Сот осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес келетін, банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату туралы өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей іс қозғау туралы ұйғарым шығарады.

Соттың іс қозғау туралы ұйғарымының көшірмелерін сот борышкерге, өтініш берушіге, уәкілетті органға, жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына, сондай-ақ, егер борышкер заңды тұлға болып табылса, борышкердің орналасқан жері бойынша аумақтық әділет органына жібереді.

117-бап. Банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғаудың салдары

Сот банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату туралы істі қозғаған кезден бастап осы Заңның 87-бабы 1-тармағының 2), 3) және 5) тармақшаларында көзделген салдар басталады.

118-бап. Соттың банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату туралы істі қарауы

1. Сот іс қозғау туралы ұйғарым шығарылған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату туралы шешім шығарады.

2. Соттың банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату туралы шешімінде тарату рәсімін жүргізуді уәкілетті органға жүктеу туралы нұсқау қамтылуға тиіс.

118-1-бап. Уәкілетті органның банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді таратуды жүргізу тәртібі

1. Банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату рәсімін жүргізу жөніндегі міндеттер уәкілетті органға жүктелген кезде оған әкімшінің осы Заңда көзделген құқықтары мен міндеттері өтеді.

2. Уәкілетті орган:

1) сот банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату туралы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органның интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату және кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы хабарландыруды орналастыруға;

2) осы Заңның 90-бабында белгіленген тәртіппен кредиторлар талаптарының тізілімін қалыптастыруға;

3) кредиторлар жиналысымен келіскен күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей қорытынды есепті және тарату балансын бекіту үшін сотқа ұсынуға;

4) сот қорытынды есепті бекіткеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей банкроттың банктік шоттарын жабу туралы өтінішті банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға жіберуге міндетті.

3. Борышкердің мүлкі болмаған жағдайда, уәкілетті орган кредиторлар талаптарының тізілімі қалыптастырылған күннен бастап бір ай мерзімде қорытынды есепті және тарату балансын келісу үшін кредиторлар жиналысына ұсынуға міндетті.

4. Борышкерді таратуды жүргізу барысында мүліктік масса және (немесе) бұрын шығарылған мүліктің мүліктік массаға қайтарылғаны анықталған, сондай-ақ осы Заңның 114-бабының 3-тармағында көзделген ережелер сақталмаған кезде уәкілетті орган банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату туралы шешім қабылдаған сотқа банкроттық рәсімін қозғау туралы өтінішхатпен жүгінуге міндетті.

8-тарау. ҚАЛА ҚҰРАУШЫ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР БАНКРОТТЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

119-бап. Қала құраушы борышкер – заңды тұлғалардың банкроттығы

1. Қала құраушы болып табылатын заңды тұлға – борышкер осы тарауда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы Заңда белгіленген жағдайларда және тәртіппен банкрот деп танылуы мүмкін.

2. Заңды тұлғаларды қала құраушыға жатқызу және олардың тізбесін жүргізу өңірлік даму жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. 119-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

120-бап. Банкроттық туралы істі қарау

1. Қала құраушы заңды тұлғаның банкроттығы туралы істі қарау кезінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкім уәкілеттік берген өкіл атынан іске қатысушы деп

танылады. Сот қала құраушы заңды тұлғаның банкроттығы туралы іс қозғалғаннан кейін бұл туралы әкімнің өкілін және уәкілетті органды хабардар етуге міндетті.

2. Борышкердің өзін банкрот деп тану туралы өтінішіне, сондай-ақ борышкердің пікіріне өзге де тұлғалардың оны банкрот деп тану туралы өтінішіне борышкердің қала құраушы заңды тұлғаларға жататындығын куәландыратын құжаттар қоса беріледі.

3. Қала құраушы заңды тұлға – борышкер банкроттығы туралы істі қарауға дайындық кезінде судья қала құраушы заңды тұлғалар тізбесінен үзінді көшірме сұратып алады.

121-бап. Кредиторлардың талаптарын өтеу

1. Сот тиісті шешім шығарғанға дейін кез келген уақытта Қазақстан Республикасы, әкімшілік-аумақтық бірлік кепілмен қамтамасыз етілген барлық кредитордың және қала құраушы заңды тұлға – борышкердің азаматтық-құқықтық міндеттемелері бойынша кредиторлардың талаптарын бір мезгілде өтеуді жүзеге асыруға құқылы.

2. Кредиторлардың талаптары осы баптың 1-тармағында көзделген тәртіппен өтелген жағдайда банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізу тоқтатылуға жатады.

3. Қала құраушы заңды тұлға – борышкердің кредиторлар алдындағы талаптарын Қазақстан Республикасының, әкімшілік-аумақтық бірліктің өтеуі борышкердің мүлкін алып қоюмен не олардың өзгеше жолмен сатып алуымен қоса жүргізілмейді.

9-тарау. АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМІН ӨНДІРУШІЛЕРДІ ОҢАЛТУДЫҢ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАНКРОТТЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

122-бап. Ауылшаруашылық өнімін өндірушілердің банкроттығы

1. Ауылшаруашылық өнімін өндіруші болып табылатын борышкер осы тарауда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, банкрот деп танылады.

2. Ауылшаруашылық өнімін өндірушілердің дәрменсіздігі анықталған кезде олар бойынша орындалу мерзімі алдыңғы жылдан бұрын басталмаған міндеттемелер ескеріледі. Бұл ретте, осы мерзімде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар не міндеттемелердің мерзімінде орындалмауына себеп болып табылған аса қолайсыз табиғи-климаттық жағдайлар туындаған, банкроттық рәсімі қозғалған жылдың алдындағы жыл есепке алынбайды.

123-бап. Кредитордың өтінішіне немесе борышкердің пікіріне қосымша қоса берілетін құжаттар

Кредитордың өтінішіне немесе борышкердің пікіріне осы Заңда көзделген құжаттардан басқа қосымша мыналар қоса беріледі:

1) жерлердің кадастрлық сипаттамасы;

2) банкроттық рәсімі қозғалған жылдың алдындағы жылда табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар не табиғи-климаттық жағдайлар болса, олар туралы деректер.

Борышкер кредитордың, мемлекеттік кіріс органының және өзге де уәкілетті мемлекеттік органның немесе прокурордың өтінішіне берген пікірінде өзінің дәрменсіздігін таныған жағдайда, қосымша құжаттарды ұсыну міндетті емес.

Борышкер банкрот деп танылған немесе оған оңалту рәсімдері қолданылған жағдайда қосымша құжаттарды алуға байланысты шығыстар әкімшілік шығыстарға жатқызылады.

Ескерту. 123-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 07.11.2014 № 248-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

124-бап. Оңалту рәсімінің мерзімін ұзарту

Егер табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың не аса қолайсыз табиғи-климаттық жағдайлардың салдарынан оңалту рәсімінің мақсаттарына қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайда, сот оңалту рәсімін жүргізу мерзімін бір жылдан аспайтын мерзімге ұзартуға құқылы.

125-бап. Банкроттық рәсімі

1. Алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Банкроттықты басқарушы кредиторлар комитетінің келісуімен банкроттың мүліктік массасының құнын ұстап тұру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады, оларға:

1) Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жерлерді қорғау жөніндегі іс-шаралар;

2) егіс және егін жинау жұмыстары, жануарлардың, құстардың, балараның өсімін молайту және өсіру, өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, құс шаруашылығы, омарта шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу;

3) борышкер мүлкін өткізу үшін тиісті жағдайда ұстауға байланысты шаралар жатады.

Мүліктік массаның құнын ұстап тұру бойынша шығыстар әкімшілік шығыстарға жатады.

Ескерту. 125-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

126-бап. Мүліктік массаны қалыптастыру және өткізу

1. Банкроттықты басқарушы банкроттың жер пайдалану құқығының тиісті ресімделуін қамтамасыз етуге міндетті, бұл ретте жұмсалған шығыстар әкімшілік шығыстарға жатқызылады.

2. Банкроттың мүлкін сату осы Заңның 99-бабына сәйкес жүргізіледі. Бұл ретте, негізгі қызмет түрін міндетті түрде сақтай отырып, банкроттың мүлкін сату жоспарына мүліктік массаны бірыңғай лотпен аукцион нысанында өткізілетін сауда-саттыққа бастапқы шығару бойынша қосымша шарт енгізіледі.

3. Егер аукцион өткізілмеген не оған қатысушылардың ешқайсысы бірыңғай лотты иемденбеген жағдайда, мүлікті сату бөлек лоттармен жүзеге асырылады, бұл ретте біртұтас өндірістік кешенге кіретін мүлікті бөлек лоттарға кіргізуге жол берілмейді.

Егер біртұтас өндірістік кешен кіретін лот бойынша аукцион өткізілмеген не оның қатысушыларының ешқайсысы бірыңғай лотты иемденбеген жағдайда, оны өткізу одан әрі бөлек лоттар бойынша жүзеге асырылады.

4. Банкроттықты басқарушы сатып алу-сату шарты жасасылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы органдарға мүлікті бірыңғай лотпен, сондай-ақ бірыңғай өндірістік кешенге кіретін мүлікті өткізу бойынша өткізілген сауда-саттық қорытындысы туралы ақпаратты жіберуге міндетті.

5. Мүліктік массаны бөлек лоттар бойынша сатып алушы болмаған кезде кредиторлар өз талаптарын осы Заңның 100-бабында белгіленген мүліктік массаны бөлудің кезектілігіне сәйкес олардың талаптарының сомасына пропорционалды түрде заттай банкроттың мүлкі есебінен қанағаттандыруға құқылы.

6. Мүліктік массаны өткізу бойынша аукционның өткізілетін уақыты мен орнын кредиторлар комитетінің келісімімен банкроттықты басқарушы айқындайды.

Ескерту. 126-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 290-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

127-бап. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

128-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. "Банкроттық туралы" 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 1-2, 7-құжат; № 13-14, 205-құжат; 1998 ж., № 14, 198-құжат; № 17-18, 225-құжат; 2000 ж., № 22, 408-

құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 4, 26-құжат; № 11, 67-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 57-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 13, 86-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14, 18-құжаттар; № 9, 67-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 9-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 2, 14, 15-құжаттар; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат) күші жойылды деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Н.Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК